


2022

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП



МАЗМҰНЫ

2

Глоссарий	3
Топтың портреті	7
Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі	8
Басқарма төрағасының үндеуі	10
Инвестициялық тартымдылық	11
Өңірлік қатысу	12
Стратегиялық есеп	13
ЦентрКредит Банкі туралы ақпарат	14
2022 жылғы негізгі оқиғалар мен марапаттар	15
Макроэкономика және банк секторына шолу	17
«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың даму стратегиясы	23
Нәтижелерді шолу	25
Бөлшек бизнес	26
Ірі бизнес	43
Шағын және орта бизнес	44
Қоғаммен байланыс	54
Қор және банкаралық нарықтағы операциялар	55
Филиалдық желі	56
Корпоративтік басқару және корпоративтік оқиғалар	67
Корпоративтік басқару	68
Корпоративтік оқиғалар	69
Директорлар кеңесі	73
Басқарма	78
Акционерлер және капитал. Дивидендтік саясат	79
Ішкі аудит қызметі	81
Комплаенс-тәуекелдерді басқару	83
Банктің Директорлар кеңесінің және Басқармасының мүшелеріне	
2022 жылы төленген сыйақы мөлшері мен құрамы туралы ақпарат	85

Тиімді команда	86
Саны мен ЕТҚ	87
Бағалау және сыйлықақы төлеу бағдарламасы	90
Өтімділік, рекрутмент және бейімдеу	91
Оқыту және дамыту	93
«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың ұйымдық құрылымы	97
ESG	98
E – қоршаған ортаға қатынас	100
S – әлеуметтік жауапкершілік	101
G – корпоративтік басқару сапасы	103
Тұрақты даму қағидаларын енгізу жөнінен 2023 жылға белгіленген жоспар	105
Қаржылық нәтижелер	106
Активтер	107
Міндеттемелер	108
Капитал	109
Кірістілік	110
Кредит беру қызметі	112
Тәуекелдер бойынша есеп	114
Тәуекелдерді басқару жүйесі	115
2022 жылы сәйкестендірілген тәуекелдер	116
2022 жылы тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру	119
Тәуекелдерді басқару жүйесін дамыту жөнінен 2023 жылға белгіленген жоспар	120
Еншілес компаниялар	121
«BCC Invest» АҚ	122
«CenterProject» ЖШС	127
«Center Leasing» ЖШС	128
Тәуелсіз аудиторлардың есебі	129

ГЛОССАРИЙ



ГЛОССАРИЙ

4

Bcc.Business

Мобильді құрылғы (смартфон, планшет) көмегімен динамикалық сәйкестендіру құралдарын немесе смс-кодты пайдалану арқылы электрондық банктік қызмет көрсететін «Интернет-банкинг» жүйесінің мобильді нұсқасы

BCC.KZ

Интернет желісіне қосылған әртүрлі техникалық құрылғылардан (компьютер, смартфон, планшет және т. б.) нақты уақыт режимінде (Online) банктік шоттарын басқаруға мүмкіндік беретін жеке тұлғаларға қашықтан банктік қызмет көрсету жүйесі

BCCI

«BCC Invest» АҚ («Банк ЦентрКредит» АҚ ЕБ)

BNPL

(Buy now pay later – "қазір сатып ал, кейін төле") – бұл сатып алу құнын тең бөліктерге бөлуге және бір-екі ай ішінде төлеуге көмектесетін қызмет. Сатып алушы кредит шартын жасамайды, комиссиялар мен пайыздар төлемейді

CIR

(Cost-to-Income ratio) Операциялық шығыстардың операциялық кірістерге қатынасы

CRO

(Chief Risk Officer) Тәуекел-менеджмент басшысы

CSI

(Customer Satisfaction Index) Компаниямен бірлесіп әрекет етуден кейін клиенттердің қанағаттану деңгейін бағалау

ECB

«Eco Center Bank» АҚ («Банк ЦентрКредит» АҚ ЕБ, бұран «Альфа-Банк» ЕБ АҚ)

ESG

Экология (Environmental), Әлеуметтік даму (Social), Корпоративтік басқару (Governance)

FX-платформа

Валюта айырбастауға арналған онлайн алаң

GF

Green Front платформасы

HR

(Human Resources) Адами ресурстар

IPO

Компания өз қағаздарын нарыққа алғаш шығарған кезде және оларды инвесторлар сатып алған кезде бастапқы орналастыру

M&A

(Mergers and acquisitions) Бірігу және қосып алу – макро - және микроэкономикалық деңгейлерде орын алатын бизнес пен капиталды ұлғайтудың экономикалық процестерінің жіктегіші, нәтижесінде нарықта ірі компаниялар пайда болады

MAU

(Monthly Active Users) бір айдағы бірегей пайдаланушылар саны

NIM / ТПМ

(Net Interest Margin) – Таза пайыздық маржа

NPL

(Non-performing loan) – Екінші деңгейдегі банктердің мерзімінен 90 күннен аса уақытқа кешіктірілген қарыздары

NPS

Net Promoter Score – Тұтынушылардың тауарға немесе компанияға бейілділігін белгілеу индексі (кеңес беруге әзірлік индексі)

Open API

Front-end жүйелері, төмен деңгейлі кітапхана коды және API түріндегі коммерциялық шешімдер арасындағы интерфейсті ұсынатын көптеген құралдардың қалыпқа келтірілген сипаттамасы және экожүйесі

OTC

(Over-the-Counter) активтер, соның ішінде орталықтандырылған қор нарықтарында сатылмайтын кейбір валюталар сатылатын орталықтандырылмаған нарық

OTP

(One Time Password) – тек бір аутентификация сеансы үшін жарамды құпия сөз POS-терминал Төлем карталарын төлеуге қабылдауға арналған электрондық бағдарламалық-техникалық құрылғы

QR

(Quick Response code) жылдам жауап коды

ROAA

(Return on Average Assets) – Активтердің рентабельділігі

ROAE

(Return on Average Equity) – Меншікті капиталдың рентабельділігі

SLA

(Service Level Agreement – қызмет көрсету деңгейі туралы келісім) – көрсетілетін қызметтің параметрлерін сипаттайтын сыртқы құжат (тапсырыс беруші мен орындаушы арасындағы)

SREP

Supervisory Review and Evaluation Process – Еуропалық орталық банктің тәжірибесі негізінде әзірленген әдістеме, оны ҚНРДА жыл сайын банктердің тәуекелдерін қадағалау бағалау аясында қолданады

UX/UI

UX дизайны (User experience – "пайдаланушы тәжірибесі") интерфейстің қалай жұмыс істейтініне жауап береді; UI дизайны (User interface – "пайдаланушы интерфейсі") интерфейстің қалай көрінетініне жауап береді

VaR

(Value at risk) – тәуекелді бағалау әдістерінің бірі, көбінесе пайызбен есептелетін және белгіленген уақыт аралығы үшін белгіленген ықтималдықпен активтің немесе оның құндық бағалауының шекті ауытқуын көрсететін көрсеткіш

ГЛОССАРИЙ

5

VOC

(Voice of the Customer) Тұтынушылардың өнімдер мен қызметтерге деген қажеттіліктерін түсіну үшін қолданылатын пайдаланушылардың құтулері мен қажеттіліктерін зерттеу әдісі

«Даму» ҚДҚ» АҚ / «Даму» қоры / Даму

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ

ҚНРДА

ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі

ЕДБ

Екінші деңгейдегі банктер

ЦКБ / Банк/ ВСС «Банк ЦентрКредит» АҚ

ЖІӨ

Жалпы ішкі өнім

ІНҚ

Ішкі нормативтік құжат

СЭҚ

Сыртқы экономикалық қызмет

БО

Бас офис

ЦКБ тобы / Банк тобы

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың компаниялар тобы

КБТ

Кредиттерді басқару тобы

МБҚ

Мемлекеттік бағалы қағаздар

ЕМС

Ерікті медициналық сақтандыру

БД

Бөлімше директоры

ФД

Филиал директоры

ЕАЭО

Еуразиялық экономикалық одақ

ЕҚДБ

Еуропалық қайта құру және даму банкі

БЖЗҚ

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры

ЖЖ

Жалақы жобасы

ЖК

Жеке кәсіпкер

ИПИҚ

Пайлық инвестициялық қор – бірлесіп инвестициялау үшін көптеген инвесторлардың (акционерлердің) активтерін жинайтын қор

АТТ

Ақпараттық төлем терминалдары

АТ / ІТ

Ақпараттық технологиялар

Кампус

Әртүрлі платформаларды кампус картасына негізделген бірыңғай жүйеге біріктіретін ұйымның инфрақұрылымды басқарудың ыңғайлы жүйесі

ІБ

Ірі бизнес

КМ

Клиент-менеджер

ШКЛ

«Шот бойынша кредиттік лимит» – ЗТ арналған кредиттік өнім

Кросс-селинг Тоғыспалы сату – қазіргі сатып алушыға қосымша өнімді немесе қызметті сату әрекеті немесе тәжірибесі

ҚБЕАО

ҚР Ұлттық банкінің қазақстандық банкаралық есеп айырысу орталығы

ШБ

Шағын бизнес

ККҚКМ

Корпоративтік клиенттерге қызмет көрсету бойынша менеджер

МҚ

Мобильді қосымша (bcc.kz және bcc.business)

ХТЖ

Халықаралық төлем жүйесі

ШОБ

Шағын және орта бизнес

ТКБЖ

Төлем карточкаларының банкаралық жүйесі

ҚР ҰБ / Реттеуші

Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі

ГЛОССАРИЙ

6

АМШ

Оқшауланбаған металл шот – тазартылған бағалы металдарды олардың жеке белгілерін көрсетпей есепке алу, сондай-ақ тазартылған бағалы металдарды иесіздендірілген (физикалық емес) нысанда қабылдау, орналастыру және сатып алу-сату жөніндегі операцияларды жүзеге асыру үшін банк ашатын металл шот

ҰКО

Қазақстан Республикасының Ұлттық қуәландыру орталығы

ҚЖ/ТҚ

Қаражатты жылыстату және терроризмді қаржыландыру

БҚ

Бағдарламалық қамсыздандыру

БТ

Басқарма төрағасы

ДКТ

Директорлар кеңесінің төрағасы

ББ

Бөлшек бизнес

ОБ

Орта бизнес

ІАҚ

Ішкі аудит қызметі

ДК

Директорлар кеңесі

ААЖ

Ақша аудару жүйесі

КҚ

Комплаенс қызметі

ШҚЖ

Шешім қабылдау жүйесі

ОТБЖ

Операциялық тәуекелдерді басқару жүйесі

АШ

Ағымдағы шоттар

КБН

Келісімшарттың бірегей нөмірі – бұл келісімшартты есепке алу кезінде банк беретін нөмір

ЖТ

Жеке тұлға

ЕТҚ

Еңбекақы төлеу қоры

ӨДҚ

Өнеркәсіпті дамыту қоры

ФЖ

Филиалдық желі

ЖТҚ

Жеткізу тізбегін қаржыландыру

ОА

Орталық Азия

БҚ

Бағалы қағаздар

ЖСО

Жеке сот орындаушысы

Эквайринг

Сауда-саттық кәсіпорындары үшін тауарлар мен қызметтерге қолма-қол ақшасыз пластик карталармен жасалатын төлемді қабылдау мүмкіндігі

ЭҚ

Электронды қызмет

ЭЦҚ

Электронды цифрлық қолтаңба

ЗТ

Занды тұлға

7

ТОПТЫҢ ПОРТРЕТІ



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

8

Құрметті достар!

Өткен кезеңді қорытындылай және бағалай отырып, 2022 жыл еліміздің экономикасы мен банк секторы үшін позитивті жыл болды деп сеніммен айта аламын.

Экономика. 2022 жылы жаһандық экономика геосаяси жағдайдың нашарлауының, инфляцияның жеделдеуінің және әлемдегі монетарлық жағдайлардың күшеюінің қысымымен дамыды. Украинадағы жалғасқан жанжалдың, Қытайдағы карантиндік шектеулердің, инфляцияның жеделдеуінің және дамыған елдердегі ақша-кредит саясатының жылдам қарқынының әсерінен сыртқы және ішкі жағдайлар өзгерді. Санкциялық соғысқа және логистикалық және өндірістік жеткізу тізбегінің бұзылуына байланысты әлемдік тауар нарығындағы теңгерімсіздік аясында энергия мен азық-түлік бағасының өсуі байқалды. Елдің ЖІӨ өсу қарқыны 2021 жылы 4,3% болса, 2022 жылы 3,2%-ды құрады. 2022 жылы экономиканың өсу қарқынының 2021 жылға қарағанда төмендеуі 2020 жылғы «-2,5%» пандемия деңгейінен кейін 2021 жылы экономиканың қалпына келуімен түсіндіріледі.

Инфляция 2022 жылы 20,3%-ға дейін өсті, базалық мөлшерлеме 9%-дан 16,75%-ға дейін өсті. Бұл жылы да тұтыну бағасының жылдық өсіндегі негізгі үлес азық-түлік компонентінің (25,3% г/г өсім) еншісіне тиді. Сонымен қатар шикізат тауарларына белгіленген жоғары бағалар ағымдағы турбуленттіліктің және қаржылық жағдайдың қатаюының Қазақстандағы экономикалық жағдайға теріс әсерін жеңілдетеді. Бұған әлемдік мұнай нарығындағы қолайлы баға конъюнктурасы ықпал етті. Сыртқы сауданың профициті 2022 жылы 1,8 есеге өсті. Бұл ретте 18% үлесі бар Қытай мен 24% үлесі бар РФ ҚР негізгі сауда серіктестері болып қала береді.

Банк секторы 2022 жыл ішінде Қазақстан Республикасының банк секторы бірнеше рет ішкі және сыртқы күйзелістерге ұшырады. Геосаяси тұрақсыздық және одан кейінгі бірқатар ресейлік компаниялар мен банктерге қолданылған санкциялар аясында, оның ішінде жекелеген банктерді қосу/сату арқылы құрылымдық өзгерістер орын алды. 2022 жылы Қазақстанның банк секторындағы жағдайға OFAC шешімімен «Альфа-Банк» ЕБ АҚ, «Сбербанк» ЕБ АҚ және «Банк ВТБ (Қазақстан)» ЕБ АҚ еншілес ресейлік банктерінің Sdn санкциялық тізіміне енгізілуі айтарлықтай әсер етті. Осы банктер бойынша санкциялар енгізу кезеңінде өтімділіктің Екінші деңгейдегі басқа банктерге кетуі байқалды. Банк нарығында клиенттердің көшуі және қайта бөлінуі болды. 2022 жылғы мамырда ЦҚБ-нің Директорлар кеңесі «Альфа-Банк» еншілес банкін сатып алу туралы шешім қабылдады. Мәмілені іске асырғаннан кейін «Альфа-Банк» ЕБ АҚ «Есо Center Bank» АҚ болып өзгертіліп, Sdn санкциялық тізімінен шығарылды және 2022 жылғы қыркүйекте ЦҚБ-ге қосылу арқылы қайта ұйымдастырылды. «Сбербанк» АҚ ЕБ бойынша акционер «Бәйтерек» ҰБХ еншілес банкін сату туралы шешім қабылдады. Жаңа акционер кіргеннен кейін, «Сбербанк» АҚ ЕБ «Bereke Bank» АҚ болып өзгертілді, содан кейін Sdn санкциялық тізімінен шығарылды.



2022 жылы ЕДБ арасында экожүйелерді қалыптастыру үрдісі белсенді түрде жалғасты. Өткен жылы отандық банктер үшін негізгі мүмкіндіктер ішкі және клиенттік процестерді цифрландыру және пайдаланушы тәжірибесін жақсарту саласында шоғырланды. Біз ЕДБ электрондық қосымшаларының еговпен белсенді интеграциялануын, цифрлық өнімдердің дамығанын, биометрия технологияларының енгізілгенін байқадық.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

9

2022 жылы банк активтерінің өсуі банктердің несие портфелін және мемлекеттік бағалы қағаздар портфелін ұлғайтуы есебінен 18,4%-ды (6,9 трлн теңге) құрап, 44,6 трлн теңгеге жетті. Банктердің міндеттемелері 18,9%-ға (6,2 трлн теңге), яғни 39,3 трлн теңгеге дейін ұлғайды. Қор құрудың негізгі көзі болып негізінен клиенттердің салымдары танылады, себебі ол жеке тұлғалардың салымдары есебінен бір жылда 21,5%-ға ұлғайып (5,6 трлн теңге), 31,6 трлн теңгені немесе жиынтық активтердің 80,3%-ын құраған. Осылайша жеке тұлғалардың салымдары (жиынтық салымдардың 53,6%) бір жылда 3,5 трлн теңгеге немесе 26,0%-ға, заңды тұлғалардың салымдары (жиынтық салымдардан 46,4%) 2,1 трлн теңгеге немесе 16,6%-ға өсті. Екінші деңгейдегі банктер шамамен 13,5 трлн теңгені немесе активтердің 30,2%-ын құрайтын жоғары өтімді активтердің елеулі қорын иеленеді. Сонымен қатар банк секторында капиталдың жеткілікті қоры бар: негізгі капиталдың жеткіліктілік коэффициенті (к1) – 18,5%, меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициенті (к2) – 21,7%, бұл жүйе бойынша орта есеппен заңнамада белгіленген нормативтерден едәуір асып түседі.

Реттеуші 2022 жылы SREP әдіснамасы бойынша жүргізген толық ауқымды қадағалап бағалаудың нәтижесі бойынша банк секторы сыртқы факторларға, оның ішінде геосаяси турбуленттілік жағдайында тұрақтылықты көрсетті. Капитал мен өтімділіктің жеткілікті қоры ЕДБ-ге ағымдағы сыртқы экономикалық күйзелістердің әсерін залалсыздандыруға мүмкіндік береді.

ЦКБ-нің қаржылық жағдайы. ЦКБ үшін 2022 жыл өте сәтті өтті. 2022 жылғы сын-қатерлер мен қиындықтарға қарамастан, ЦентрКредит Банкінің банк нарығындағы позициясы айтарлықтай нығайды. Банктің активтері 2 есе (!), яғни 2 трлн теңгеден 4 трлн теңгеге дейін өсті. Банк активтер, кредиттер мен салымдар көлемі бойынша ЕДБ рәңкинінде үшінші болды. Таза пайда 7 есе, 21 млрд теңгеден 145 млрд теңгеге дейін өсті. Жоғары пайда табуының арқасында бір жыл ішінде к1 капиталдандыру коэффициенті 12,8%-дан 14,0%-ға дейін өсті, ал ROE капиталына қайтару коэффициенті 15%-дан 68%-ға дейін өсті. Активтердегі өтімді активтердің жоғары деңгейі ағымдағы операцияларды жүзеге асыруға және өз міндеттемелері бойынша уақытылы және толық көлемде жауап беруге мүмкіндік берді. Жеке және заңды тұлғалардың депозиттік базасының 2,4 есе, яғни 1,4 трлн теңгеден 3,3 трлн теңгеге дейін айтарлықтай өсуі қазақстандық салымшылардың жоғары сенімін көрсетті. Банктің белсенді клиенттерінің саны 2022 жылы 737 мыңнан 1 млн 420 мың жеке және заңды тұлғаға дейін өсті.

2022 жылы біз шағын және орта бизнесті жаппай өнімдерін дамытып, нарықта қызықты және бірегей қызметтерді ұсындық, бұл осы сегменттегі кредит портфелінің айтарлықтай өсуіне ықпал етті. ЦентрКредит Банкі шағын және орта бизнес субъектілерін қаржыландыру аясында экономиканың нақты секторын қолдау бағдарламалары бойынша мемлекеттің негізгі бастамаларына белсенді түрде қатысты және қатыса береді. Бөлшек кредит беру саласында 2022 жылы біз бұрынғыдай өз күш-жігерімізді ипотекалық қарыз бен автокредит беруге жұмылдырдық. Банк өзінің қаржыландыру өнімдерін дамытуға басты назар аударады.

2022 жылы біз клиенттерімізге қызмет көрсетудің цифрлық арналарын дамытуды жалғастырдық. Біз клиенттерімізді ЦКБ тобы ұсынатын қажетті барлық қаржылық қызметтерді пайдалануға мүмкіндік беретін қолайлы экожүйемен қамтуға тырысып келеміз. Өткен жылы Банк бірқатар жаңа технологиялық процестер мен IT шешімдерді енгізді, соның арқасында біздің банктегі қызметтердің көпшілігін мобильді қосымшалар арқылы алуға болады: бірқатар негізгі кредиттік өнімдер бойынша шешімдер қабылдау, шоттар, карталар мен депозиттер ашу, ақша аудару, сауда мен қызметтерге төлем жасау, валюта айырбастау, алтын сатып алу және тағы басқалар. BCC.KZ банктік мобильді қосымшасы – MarksWebb нұсқасы бойынша №1 және Mobile Banking rank Қазақстан нұсқасына сәйкес 2022 жылғы ең қолайлы қосымша. Жыл сайынғы Best Bank Awards for Kazakhstan 2022 шолуының нәтижелері бойынша Asiamoney халықаралық қаржы басылымының сарапшылары банкті корпоративтік бизнес үшін үздік (best corporate bank) деп таныды. ЦентрКредит Банкі VISA нұсқасы бойынша 3 номинация бойынша жеңімпаз болып табылады.

2022 жылы Банк бұрынғыдан да технологиялы, мықты әрі тұрақты бола түскенін атап өткім келеді. Жоғарыда аталған барлық факторларды, сондай-ақ Банктің тұрақты қаржылық жағдайын ескере отырып, 2022 жылы Standard and Poors PA ЦентрКредит Банкінің ұзақмерзімді рейтингін B деңгейінен B+ деңгейіне дейін 1 сатыға көтерді, болжам «Тұрақты», Moodys PA болжамды «Тұрақты» деңгейінен «Позитивті» деңгейіне дейін көтерді.

Еліміздің экономикасы мен қаржы секторына елеулі әсер ететін бүкіл әлемдегі геосаяси және экономикалық өзгерістерді назарға ала отырып, Банкіміздің кірістілігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша үлкен жұмыстар атқаруымыз қажет. Алдағы уақытта да біз жүйелі түрде дамып, озық тәжірибелерді енгізуді жалғастыруға, клиенттерге қызмет көрсету сапасын жақсартуға, қолданыстағы барлық процестерді жоғары технологиялы ету есебінен өсімді қамтамасыз етуге және серіктестерімізбен бірге өсіп-өркендеуге бел байлап отырмыз. Біздің миссиямыз – ұзақмерзімді серіктестік қарым-қатынастар құрып, серіктестерімізге қамқорлық жасай отырып, оңтайлы және шұғыл шешімдерді ұсыну!

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АҚ
ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ

БАҚЫТБЕК БАЙСЕЙІТОВ



БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

10

Құрметті серіктестер, клиенттер және әріптестер!

Біздің 2022 жылғы жұмысымыздың басты нәтижесі барлық бизнес-көрсеткіштердің өсуі және елдегі ең ірі 3 банктің қатарына кіру болды. Жыл қорытындысы бойынша Банктің капиталдандыру көрсеткіштері: к1 нормативі 12,8%-дан 14,0%-ға дейін айтарлықтай өсті, осылайша бизнесті одан әрі кеңейту үшін мүмкіндіктерді ұлғайтты. Таза пайда 145 млрд теңгеге дейін өсті. Өтімділік көрсеткіштері 38%-дан 49%-ға дейін айтарлықтай өсті, депозиттік база 142%-ға ұлғайды. Moody's рейтинг агенттігі 2022 жылы депозиттердің ұзақмерзімді рейтингі бойынша болжамды «Позитивті» деңгейіне дейін көтерді.

Біз теңгерімді өсу саясатын жалғастырамыз және бұл бізге синергиялық әсер алуға мүмкіндік береді. Банк жеке тұлғалардың депозиттері портфелінің өсуі бойынша №1 банк болып табылады, бұл – қазақстандықтар арасындағы сенімнің сөзсіз дәлелі. Кепілді кредиттеу (ипотека, автокредит және жылжымайтын мүлік кепілімен берілетін кредиттер) және жекелеген тауашалы өнімдер – FX платформасы мен алтын құймаларын сату бойынша көшбасшы болып табыламыз. #Ironsad – премиум карталар арасында ТМД-дағы абсолютті көшбасшы.

Маңызды оқиғалардың бірі Қазақстан Альфа-банкін сатып алу болды. Мәміле рекордтық мерзімде жүргізілді және 2022 жылғы қыркүйекте екі банктің интеграциясы аяқталды. Бұл белсенді өсу фазасын жалғастыруға және жаңа белеске көтерілуге мүмкіндік берді.

Күн сайын біз Банк бөлімшесіне бармай-ақ, шешімдерді ұсына отырып, клиенттеріміздің өмірін жеңілдетеміз. Бөлшек бизнестегі жаңа бағыт – инвестициялар. Бұл сервис толығымен онлайн түрде іске асырылды, нәтижесінде біздің клиенттеріміз үйден шықпай-ақ, ҚазМұнайГаз IPO-ға қатыса алды. Заңды тұлғалар үшін биометрия технологиясы арқылы онлайн шот ашу опциясы енгізілді. Біз смартфон арқылы контактіс төлемдердің өсуін байқадық, бұл пластикке деген сұранысты азайтады.

Банк ESG күн тәртібінде жетекші орын алуға ұмтылады. Біз Қазақстандағы ЕҚДБ ұсынған Green Economy Financing Facility бағдарламасының ең ірі қатысушысымыз және жасыл қаржыландыру біздің дамуымыздың негізгі басымдықтарының бірі болып табылады. Бағдарламаға қатыса бастаған сәттен бастап Қазақстандағы қоршаған ортаға оң әсер ету – көмірқышқыл газы шығарындыларын азайту және бастапқы энергия ресурстарын тұтынуды үнемдеу байқалады.

Банк бизнесті қолдау бойынша мемлекеттік бағдарламаларға белсенді қатысады және экономиканың нақты секторына бағытталған барлық негізгі бағдарламалар бойынша ірі кредиторлардың бірі болып табылады.

Біздің командамыз – бұл еліміздің барлық өңірлеріндегі 7000-нан астам қызметкер. Команданың кәсібилігі және әрбір қызметкердің жеке құзыреттілігі бізге жоғары нәтижелерге қол жеткізуге және Қазақстанның ірі банктерінің біріне айналуға мүмкіндік берді.




«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АҚ,
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ

РУСЛАН ВЛАДИМИРОВ

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ТАРТЫМДЫЛЫҚ

11



Шығыс деректер: Аудит жүргізілген шоғырландырылған деректер

Банк тобының құрылымы

«Банк ЦентрКредит» АҚ

- 100% «BCC Invest» АҚ
Брокерлік-дилерлік қызмет
- 100% «CenterProject» ЖШС
Стрестік активтерді басқару
- 100% «Center Leasing» ЖШС
Қаржылық лизинг және жылжымайтын мүлікті басқару

Рейтинги

S&P Global
Ratings

B+

«Тұрақты»
20.03.2023


Moody's

B1

«Позитивті»
14.12.2022

ӨҢІРЛІК ҚАТЫСУ

12



20
ФИЛИАЛ

279
АТТ

163
БӨЛІМШЕ

15 248
POS-ТЕРМИНАЛ

838
БАНКОМАТ

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕП



БАНК ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

14

19 / 09 / 1988

«Банк ЦентрКредит» акционерлік қоғамы 1988 жылғы 19 қыркүйекте құрылған және Қазақстанның барлық өңірлерінде жоғары технологиялық қаржылық қызметтердің толық спектрін ұсынатын Қазақстан Республикасының ірі банктерінің бірі болып табылады.

Қазіргі таңда Банк Қазақстан бойынша 20 филиалда және 160-тан астам бөлімшеде заңды және жеке тұлғаларға қызмет көрсетеді. Банктің 2 миллионнан астам жеке тұлға және 110 мыңнан астам заңды тұлға клиенттері бар. Банктің корреспонденттік желісіне 40-қа жуық шетелдік банк кіреді, бұл дүние жүзі бойынша есеп айырысуға мүмкіндік береді.

Клиенттердің әрбір санатының өзінің бірегей өніміне ие болуы және банк қызметтерін барынша ыңғайлы пайдалануы үшін Банк инновациялар мен ыңғайлылыққа ерекше назар аударады.

ЦентрКредит Банкі кәсіпкерлікті қолдайтын барлық дерлік мемлекеттік бағдарламалардың белсенді қатысушысы, сараптамалық қоғам тарапынан бірнеше рет Қазақстандағы ШОБ үшін үздік Банк деп танылды.

Банктің call-орталығы:



505 – жеке тұлғалар үшін Қазақстан бойынша мобильді телефоннан тегін
605 – заңды тұлғалар үшін Қазақстан бойынша мобильді телефоннан тегін



+7 (747) 11 11 505 – WhatsApp Call-центр для физических лиц
+7 (747) 11 11 605 – WhatsApp Call-центр для юридических лиц

2022 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР

15

ЦентрКредит Банкі Қазақстанда бірінші болып ВСС.KZ мобильді қосымшасында телефон нөмірі бойынша трансшекаралық аударымдарды іске қосты. Бұл клиенттерге телефон нөмірі арқылы басқа банктерге ақша аударуға мүмкіндік береді.

Банк Қазақстан Республикасының азаматтарына қайырымдылық көмек көрсету және қолдау үшін «Қазақстан халқына» қоғамдық қорына 500 млн теңге аударды. Сондай-ақ Банк қаңтар оқиғалары кезінде қаза тапқан әскери қызметшілердің отбасыларына әр жағдай бойынша 1 млн теңге көлемінде көмек көрсетті.

Ақтөбе қаласындағы Ақбөбек мектебінде алғашқы «Ақылды кампус» іске қосылды. Оқушылардың негізгі процестері жаңа технологиялық банктік шешімдерді қолдана отырып цифрландырылды.

Банк балаларға арналған кітаптарды – «Күн жүйесі қайда орналасқан?» (С. Сабол) және «Жасампаз жасөспірімдердің 7 дағдысы» (Ш. Кови) қазақ тіліне аудару жобасын қолдады.

Банк демеушілік көмек көрсету арқылы Қазақстан шахмат федерациясының қызметіне белсенді қатысты.

Қазақстанда жеңілдетілген автокредит беру бағдарламасы іске қосылды. Бағдарлама бойынша алғашқы автомобиль ЦентрКредит Банкі арқылы берілді.

Қазақстандағы «7-20-25» бағдарламасы бойынша әрбір екінші ипотека ЦентрКредит Банкінде ресімделген.

S&P Global Ratings халықаралық агенттігі Банктің кредиттік рейтингін «В/В» деңгейінен «В+/В» деңгейіне дейін көтерді.

ЦентрКредит Банкі жеке тұлғалардың депозиттерінің өсуі бойынша ТОП-3-ке кіреді және активтерінің көлемі бойынша Қазақстандағы коммерциялық банктер арасында үшінші орынды иеленеді.

ЦентрКредит Банкі мен ЕҚДБ Қазақстандағы жасыл экономика (Geff) және шағын және орта бизнесті қолдау жөніндегі жобаларды қаржыландыру үшін қосымша кредиттік желіге қол қойды

2022 жылғы мамырда ЦКБ Директорлар кеңесі «Альфа-Банк» еншілес банкін сатып алу туралы шешім қабылдады. Мәмілені іске асырғаннан кейін «Альфа-Банк» ЕБ АҚ «Eco Center Bank» АҚ болып өзгертіліп, Sdn санкциялық тізімінен шығарылды және 2022 жылғы қыркүйекте ЦКБ-ге қосылу арқылы қайта ұйымдастырылды. IT жүйелерінің интеграциясы, сондай-ақ «Eco Center Bank» АҚ барлық активтері мен пассивтерінің физикалық көші-қоны қысқа мерзімде жүргізіліп, 2022 жылдың қыркүйек айының басында сәтті аяқталды.

ВСС.KZ мобильді қосымшасында «ҚазМұнайГаз» АҚ Халықтық IPO қатысуға өтінім беру үшін «Инвестициялар» сервисі іске қосылды.

Қазақстандық банктер арасында алтын құймаларды сату бойынша жетекші орынды ЦентрКредит Банкі алады, оның нарықтағы үлесі 50%-ден астам.

Банктің FX-платформасы айырбасталатын валюта көлемін 5,5 есеге ұлғайтты және бірегей клиенттердің 297%-ға өсуін көрсетті.

Moody's Investors Service халықаралық агенттігі ЦентрКредит Банкінің ұлттық және шетел валютасындағы депозиттерінің ұзақмерзімді рейтингтерін растады және осы рейтингтер бойынша болжамды «Тұрақты» деңгейінен «Позитивті» деңгейіне өзгертті.

ЦентрКредит Банкі ұсынатын # IronCard – Қазақстан мен ТМД-дағы №1 премиум карта.

БАНКТИҢ 2022 ЖЫЛҒЫ МАРАПАТТАРЫ

16



ВСС.KZ – MARKSWEBB НҰСҚАСЫ БОЙЫНША № 1 БАНКТИК МОБИЛЬДІ ҚОСЫМША

Mobile Banking Rank Қазақстан нұсқасына сәйкес 2022 жылғы ең қолайлы қосымша. Мобильді банк барлық міндеттерде клиенттік тәжірибе деңгейін нарықтағы орташа деңгейден жоғары деңгейде қамтамасыз етеді. Функционалдық блоктарда төлемдер мен аударымдар санаттарында көш бастап тұр. Карточкалық өнімдерді күйге келтірудің кең мүмкіндіктерін ұсынады: лимиттерді басқару, қауіпсіздік параметрлері, контактісіз төлемдерді қосу, SMS және PUSH-хабарламаларды басқару. Сондай-ақ қайталанатын операцияларды жүргізуді оңтайландырады.



ЦЕНТРКРЕДИТ БАНКІ – КОРПОРАТИВТІК БИЗНЕС ҮШІН ҮЗДІК БАНК

Best Bank Awards for Kazakhstan 2022 жыл сайынғы іріктеу нәтижелері бойынша Asiamoney халықаралық қаржы басылымының сарапшылары банкті корпоративтік бизнес үшін үздік (best corporate bank) деп таныды.




ЦЕНТРКРЕДИТ БАНКІ – VISA НҰСҚАСЫ БОЙЫНША 3 НОМИНАЦИЯ БОЙЫНША ЖЕҢІМПАЗ:

- Премиум карталарының үздік эмитенті;
- #картакарта – үздік маркетингтік коммуникациялар;
- Цифрлық дизайнды іске қосуда алғашқылардың бірі.

МАКРОЭКОНОМИКА ЖӘНЕ БАНК СЕКТОРЫНА ШОЛУ


17

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖӘНЕ ӘЛЕМНІҢ НАҚТЫ ЖІӨ ӨСУІ, %



- Ел экономикасы 2022 жылы 3,2%-ға өсті.
- Қазақстанда 2023-2025 жылдары орташа экономикалық өсім (3,5-4,5%) күтілуде.
- Экономика құрылымында тау-кен өндірісі басым болып келеді.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ 2022 ж. ЖІӨ ҚҰРЫЛЫМЫ




Дереккөз: ҚР ҰБ және Дүниежүзілік банктің болжамдары

МАКРОЭКОНОМИКА ЖӘНЕ БАНК СЕКТОРЫНА ШОЛУ

18

ИНФЛЯЦИЯ ЖӘНЕ БАЗАЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ, %



- 2022 жылдың қорытындысы бойынша ҚР инфляциясы 20,3%-ға дейін жеделдеді.
- 2023 жылғы 1-тоқсанда жылдық инфляция 18,1%-ға дейін баяулады.
- 2022 жылы доллардың теңгеге қатысты бағамы 7,2%-ға, яғни 462,65 теңгеге дейін өсті.
- Осы кезеңде Brent 10,5%-ға, яғни барреліне 86,91 долларға дейін өсті.

ДОЛЛАРДЫҢ ТЕҢГЕГЕ БАҒАМЫ ЖӘНЕ BRENT МҰНАЙЫНЫҢ БАҒАСЫ (АҚШ доллары)



Дереккөз: ҚР ҰБ және ҚР ҰЭМ болжамы

МАКРОЭКОНОМИКА ЖӘНЕ БАНК СЕКТОРЫНА ШОЛУ

19

Қаржы секторының көрсеткіштері

ЕДБ АКТИВТЕРІ



ЕДБ САЛЫМДАРЫ



ЕДБ НЕСИЕ ПОРТФЕЛІ



БЖЗҚ АКТИВТЕРІ



- ЕДБ активтері 2022 жылы 18,4%-ға – **44,6 трлн теңгеге** дейін өсті.
- Банк секторы активтерінің ЖІӨ-ге қатынасы 45%-дан **44%-ға** дейін төмендеді.
- ЕДБ несие портфелі 24,2%-ға – **24 трлн теңгеге** дейін өсті.
- Кредиттердің ЖІӨ-ге қатынасы **24%-ға** дейін өсті.
- ЕДБ-дегі салымдар 21,5%-ға – **31,6 трлн теңгеге** дейін өсті.
- Салымдардың ЖІӨ-ге қатынасы қатарынан үш жыл бойы іс жүзінде **31%** деңгейінде өзгеріссіз қалды.
- БЖЗҚ активтері бір жыл ішінде 8,9%-ға – **14,7 трлн теңгеге** дейін өсті.
- БЖЗҚ активтерінің ЖІӨ-ге қатынасы қатарынан үшінші жыл төмендеуде - **2022 жылы ол 14,5%-ды** құрады.




МАКРОЭКОНОМИКА ЖӘНЕ БАНК СЕКТОРЫНА ШОЛУ

20


ҚР сыртқы саудасы: серіктестер


2022 ЖЫЛҒЫ САУДА СЕРІКТЕСТЕРІ

млрд АҚШ долл.



 Қытайдың 2022 жыл бойынша жалпы тауар айналымындағы үлесі – небәрі 0,3%-ға, **18% -ға дейін өсті.**

 Жалпы айналымдағы Ресейдің үлес салмағы керісінше айтарлықтай өсуді көрсетті - 19,4%-дан **24,2%-ға дейін.**


 Бұл Ресей Федерациясына экспорттың 25,1% өсуіне және импорттың **1,5%-ға** шамалы төмендеуіне байланысты болды.

МАКРОЭКОНОМИКА ЖӘНЕ БАНК СЕКТОРЫНА ШОЛУ

21


ҚР сыртқы саудасы: құрылым

2022 ЖЫЛҒЫ ТАУАР ҚҰРЫЛЫМЫ, %-бен



 2022 жылы тауарлар экспорты **\$84,4 млрд құрады (+39,9%)**

 Тауарлардың импорты аз қарқынмен 20,8%-ға, **\$50 млрд дейін өсті**

 Сыртқы саудадағы тауар құрылымы өзгеріссіз қалды: экспортта шикізат айтарлықтай басым, ал импортта өңдеп-жасалуы жоғары тауарлар басым

МАКРОЭКОНОМИКА ЖӘНЕ БАНК СЕКТОРЫНА ШОЛУ

22

Бизнес-көрсеткіштер бойынша бәсекелестер арасындағы ЦКБ орны


- Нарық активтерінің 52% Топ-3 ЕДБ-ге тиесілі
- 2022 жылғы активтердің өсу қарқыны бойынша ЦКБ №1
- 2022 жылғы ЗТ және ЖТ салымдарының өсу қарқыны бойынша ЦКБ № 2

 Мағынасы  Өсім


ҚР ҰБ 01.01.2023 жылғы деректері және 2022 жылғы өсім (Отбасы банкін қоспағанда)
* Ағымдағы және карточкалық шоттарды қосқанда, депозиттер

млрд теңге, 2022 жыл


АКТИВТЕР




ЗТ САЛЫМДАРЫ*



ЖТ САЛЫМДАРЫ*



КРЕДИТТЕР



БАНКТИҢ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

23

2023 жылғы 5 сәуірде «Банк ЦентрКредит» АҚ Директорлар кеңесі Банктің 2025 жылға дейінгі өзекті даму стратегиясын бекітті.

2025 Стратегиясын жаңартудың алғышарттары: Жаңа сындар мен мүмкіндіктер

ЖАҢА СЫНДАР

2022 жылы Қазақстанның ЕАЭО елдерімен саудасы \$28,3 млрд құрады, бұл 2021 жылдан 6,5%-ға артық.

Бәсекелестер қосымша табыс табу үшін экожүйелерді белсенді түрде дамытуда

Клиент үшін күрес тек өнімдік ұсынысты ғана емес, бизнесті жүргізудің жауапты әдісін де білдіреді

ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР

ЕАЭО / ОА ҚАМТЫЛМАҒАН НАРЫҒЫ


– Бизнесті, оның ішінде ОА мен ЕАЭО-ға импорттық-экспорттық операцияларды кеңейту мүмкіндігі

ДАМУ ВЕКТОРЫНЫҢ ӨЗГЕРУІ

– Серіктестік экожүйені дамыту
– Топпен синергия есебінен ЦКБ-нің жоғары потенциалы

ESG

– Банк қызметіне ESG-стандарттарын тұрақты дамыту және енгізу
– ESG стандарттарын ескере отырып, Банкті сыртқы рейтингтеу: Банктің брендін нығайту және қосымша мүмкіндіктер



БАНКТИҢ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

24 ЦКБ-нің 2025 жылға дейінгі Даму стратегиясының негізгі қағидалары




МИССИЯ:

Біз ұзақмерзімді серіктестік қарым-қатынастар құрып, серіктестерімізге қамқорлық жасай отырып, оңтайлы және шұғыл шешімдерді ұсынамыз.



КІРІСПЕ

ЦКБ – клиенттерге, серіктестерге және қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарайтын сенімді банк.



СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАР

1


Табыстылық бойынша жетекші позицияларды сақтау және бизнестің тиімділігінің көрсеткіштерін айтарлықтай жақсарту

2

Қазіргі клиенттердің Банкке деген бейілділігін және белсенділігін арттыру

3

Топтың және ЕАЭО мен Орталық Азиядағы серіктес экожүйенің бөлігі ретінде ЦКБ-нің тұрақты дамуын қамтамасыз ету



НӘТИЖЕЛЕРДІ ШОЛУ



БӨЛШЕК БИЗНЕС

26


Бөлшек кредит беру

Банк тобының жеке клиенттерінің несие портфелі 2023 жылғы 1 қаңтардағы жай-күйі бойынша 2 есе ұлғайып, 1 162 млрд теңгені («7-20-25» және «Баспана Хит» бағдарламалары аясында берілген қарызды есепке алғанда) құрады.

Автокредиттердің көлемі 2022 жылы 3,4 есеге артып, 149 млрд теңгені құрады, тұтынушылық кредиттер жылдың қорытындысы бойынша 3,1 есеге өсіп, 383 млрд теңгені құрады, ипотекалық қарыздардың көлемі («7-20-25» және «Баспана хит» бағдарламалары аясында берілген қарызды есепке алғанда) 1,5 есеге артып, 630 млрд теңгені құрады. Бұл ретте бөлшек портфельдің құрылымы айтарлықтай өзгерді: ипотека 54% (2021 – 71%), тұтынушылық кредиттер 33% (2021 – 21%), автокредиттер 13% (2021 – 8%) құрайды.


"Баспана" бағдарламасын қоса алғанда, ипотекалық портфельдің динамикасы

(брутто), млрд. теңге




Тұтынушылық кредиттердің динамикасы

(брутто), млрд. теңге



Автокредиттеу динамикасы

(брутто), млрд. теңге



Шығыс деректер: Аудит жүргізілген шоғырландырылған деректер

БӨЛШЕК БИЗНЕС

27 Бөлшек кредит берудегі 2022 жылғы негізгі жетістіктер



Ипотека

Портфель
630,0 млрд теңге

Нарықтағы
үлесі **20%**



Авто

Портфель
148,7 млрд теңге

Нарықтағы
үлесі **22%**

2023 жылға көзделген мақсаттар



Ипотека

Портфель
798,5 млрд теңге

Нарықтағы
үлесі **25%**



Авто

Портфель
230,8 млрд теңге

Нарықтағы
үлесі **25%**

КДҚ жеңілдетілген
автокредиті

C2C автокредиттеу

Автоброкерлермен интеграция
1,0 (Өтінімді енгізу)

Ипотекадағы
сақтандыру

Green Front жүйесінде
жинақ ақша кепілімен

Цифрлық ипотека

Онлайн автокредит

Автоброкерлермен интеграция
2.0 (Қарыз беру)

Кепілді кредиттегі
сақтандыру

Барлық өнімдерді Green
Front жүйесіне көшіру


Дерек көзі: Аудит жүргізілген шоғырландырылған деректер

БӨЛШЕК БИЗНЕС


28

ЖТ салымдары

ББ клиенттерінің қаражаты,
млрд теңге



Салымшылар,
мың теңге



- ЖТ клиенттердің қаражаты 2022 жылы 2,4 есе өсіп, 31.12.2022 жылғы жай-күйі бойынша 1 915 млрд теңгені құрады.
- 2022 жылдың қорытындысы бойынша жаңа салымшылардың өсімі 27,5% құрады. Салымшылардың табиғи өсімі сақталады, депозиттер бойынша белсенді тартудың болмауына байланысты белсенді өсім байқалмайды.


2023 жылғы басты мәселелер:

- Жаппай сегменттің ұлғаюы есебінен өсу
- Депозиттердің өнімдер желісін оңтайландыру
- Валюталық салымдар үлесінің төмендеуі

Дерек көзі: Аудит жүргізілген шоғырландырылған деректер

Сейфтік бизнес

Кіріс, мың теңге



- Сейф бизнесіндегі кіріс 2022 жылдың қорытындысы бойынша 20%-ға өсіп, 187 млн теңгені құрады.

2023 жылғы басты мәселелер:


- Сейфтік депозитарийлердің санын ұлғайту
- Сейфтік депозитарийді пайдалану рұқсатын автоматтандыру
- Сейфтік қызмет көрсетуді Green Front жүйесіне шығару
- Сейфтік ұяшықтарды онлайн брондау
- Сейфтік депозитарийлерді стандарттау

БӨЛШЕК БИЗНЕС


29

ЖТ арналған FX платформа


Операциялар саны




Бірегей клиенттер саны



Кіріс, млн теңге



Жалпы көлемі, млрд теңге




2022 жылғы жетістіктер

📌 Нарықта бірінші болып FX-платформасына алтынды сатып алу / сату функционалын қостық

📌 Келесі валюталық жұптарды қостық: CNY-KZT, EUR-RUB, USD-RUB

1 операцияның орташа сомасы, млн теңгемен



2023 жылға көзделген мақсаттар


- 📌 Болашақ күнмен конвертациялау (TOM&SPOT)
- 📌 FX платформасының дизайнын және брендин өзгерту
- 📌 Аналитика, платформаның Web нұсқасы
- 📌 FX платформасы бойынша онбординг, оқыту курстары, видеолар

БӨЛШЕК БИЗНЕС


30 Алтын және АМШ

Алтын құймалар


Нарықтағы үлесі



Сатылды, кг




Кіріс, млн теңге




АМШ


Бірегей клиенттер



Сатылды, кг



Кіріс, млн теңге



2022 жылғы жетістіктер

- Нарықтағы үлесі – 50%-дан астам (2022 жылы ҚР ҰБ 1,1 тонна алтын іске асырды)
- Алтынды 24/7 онлайн сатып алу/сату



2023 жылға көзделген мақсаттар

- Нарықтағы үлесі – 70%
- Басқа қымбат металдарды сатып алу/сату
- Алтын құймаларды онлайн брондау

ИНВЕСТИЦИЯЛАР


31



2022 жылғы жетістіктер

- Алғашқы цифрлық IPO
- 8 373 ашылған брокерлік шот
- Өтінімдер сомасы – 4 784 млрд (өтінімдер арасында көлемі бойынша 3-ші)
- 2022 жылы қайталама нарықта 53 мыңнан астам KMG акциясы сатылды

KMG IPO көлемі бойынша үлесі



2023 жылға көзделген мақсаттар

100 000

МАҚСАТ: KASE-де ашылған брокерлік шот

1Q 2023

Қолданыстағы функционалдылықты жақсарту

2Q 2023

Брокерлік шот ашудың рефакторингі / банк қызметкерлеріне KASE іске қосу

3Q 2023

Банктің барлық клиенттеріне KASE іске қосу

4Q 2023

Клиенттік портфельді ұлғайту VOC / NPS бойынша жұмыс

ТӨЛЕМДЕР МЕН АУДАРЫМДАР


32




2022 жылғы жетістіктер:

- Золотая корона ААЖ бойынша нарық үлесі **+12%-ға**, Western Union **+9%-ға** айтарлықтай өсті
- BCC.KZ** қосымшасында телефон нөмірі арқылы жедел ақша аудару қызметін іске қостық
- BCC.KZ** қосымшасында аударымдардың барлық түрлері бойынша түбіртектерді жеңілдеттік
- BCC.KZ** қосымшасында Банктің ішкі аударымдары бойынша клиенттер арасында байланыс орнату мүмкіндігін қостық
- Транзакциялардың табыстылық үлесін **96%-дан 99%-ға** дейін арттырдық
- BCC.KZ** қосымшасында аударым қызметтерін тұрақтандыру және жақсарту бойынша жұмыс жасадық


Аударымдар саны, мың




Қызметті жеткізуші



Төлем жасаған бірегей клиенттер саны, мың



Аударымдар жасаған бірегей клиенттер саны, мың



2023 жылғы басты мәселелер:

- Клиентті коммуникациялар арқылы сервистерге тарту
- Клиентке бағытталған қызметтер
- Өз процестері мен қызметтерін нарықтағы өзгерістерге жедел бейімдеу
- Қызмет көрсету сапасын жақсарту
- BCC.KZ қосымшасындағы трансшекаралық аударымдар
- «Customer Intelligence» арқылы клиенттермен сапалы байланыс құру
- ХҚҚО алаңында алаңдарды қабылдау
- Клиенттік жолды үнемі жақсарту

САҚТАНДЫРУ

33




2022 жылғы жетістіктер

- ☞ Каско бойынша клиенттерді қамту өсімі +53%
- ☞ #Ипотека плюс аясында мүлкті сақтандыруды іске қосу
- ☞ Green Front жүйесінде қораптық сақтандыру өнімдерін іске қосу



2023 жылға арналған мақсаттар

- ☞ ШОБ және Корпоративтік бизнестегі сақтандыру
- ☞ Қораптық сақтандыру өнімдерінің желісін ұлғайту
- ☞ BCC.KZ қосымшасында сақтандыру



КАРТАЛАР

34

2022 жылғы нәтижелер бойынша марапаттарымыз



#JuniorBank
Президентінің марапаты



АЛТЫН САПА

Атамекен марапаты
#JuniorBank



Цифрлық дизайнды
іске қосуда
алғашқылардың бірі



#картакарта үздік
маркетингтік
коммуникациялар



Премиум
карталарының үздік
эмитенті



Серіктестердің
сенімі



Клиенттердің
бейілділігі




ВСС танымалдығын
арттыру

ЦКБ ПРЕМИУМ КАРТАЛАР

35


2022 жылғы қорытындылар:

Карталар портфелі:



22 830

Iron Card



21 107

Travel Card


Төлем карталарының үлесі - **54%**



2022 жылғы негізгі жетістіктер


- ✓ ҚР-дағы айналымдар бойынша № 1
- ✓ ТМД-дағы айналымдар бойынша № 1
- ✓ 50 000 картаға 103,5 млрд қалдық
- ✓ GF-де цифрлық #IronCard және #TravelCard іске қосу (4-тоқсанда 6800+ цифрлық карта шығарылды)
- ✓ GF карталарын қағазсыз шығару және беру, планшеттік қызмет көрсету
- ✓ Барлық карталарды бірден 8 жылға шығару
- ✓ Шығару үшін басқа банктің картасымен төлем жасау (интернет арқылы сатып алу)
- ✓ Әділ мотивация жасадық
- ✓ VIP үшін Visa мен Ironclub бірге өткізген «90-шы жылдар» алғашқы іс-шарасы

2023 жылға арналған мақсаттар



17 000

жаңа Iron Card



10 000

жаңа Travel Card

Төлем карталарының үлесі - **65%**




2023 жылға көзделген мақсаттар

- Карталардың төлем қабілеттілігін арттыру
- BCC.KZ қосымшасында қазіргі және жаңа клиенттерге карталарды сатуды бастау
- Картаға қызмет көрсетуді оңтайландыру – GF жүйесінде операцияларды іске асыру
- Никнеймдерді сатуды бастау
- Әдемі нөмірлерді бизнес іске қосу
- Клиенттерді байыту
- Visa-мен, серіктестермен бірге акцияларды іске қосу

#КАРТАКАРТА

36


2022 жылғы қорытынды:



1 135 234

Карталар портфелі


Белсенді карталардың үлесі - **27%**



2022 жылғы негізгі жетістіктер

- ✓ Банк бөлімшелерінде планшеттер арқылы карта беру
- ✓ Электрондық әмияндарда және bcc.kz МҚ-да #картакарта бойынша цифрлық дизайн
- ✓ SmartQR арнасында карта беру
- ✓ Лимиттерді басқару (bcc.kz МҚ-да кредиттік лимиттерді тізімдік қайта қарау кезінде + клиенттің келісімімен жеке өтінім бойынша)
- ✓ #Картакарта бойынша сүйікті санаттарды дербестендіру
- ✓ bcc.kz МҚ-да Банктің жаңа клиенттері үшін онлайн-өтінім


2023 жылға көзделген мақсаттар



1 755 000

Карталар портфелі

Белсенді карталардың үлесі - **39%**



2023 жылға арналған мақсаттар


- #Картакарта бойынша ұйқыдағы базаны активтендіру, арттыру
- #картакартаны ілгерілеті ролигін іске қосу
- Онлайн-платформада #картакартаны ресімдеу (қазіргі клиенттер/жаңа клиенттер)
- Лимиттерді басқару (ШҚЖ арқылы жеке өтінім беру)
- bcc.kz МҚ-да банктің қазіргі клиенттері үшін онлайн-өтінім
- #картакарта + жалақы карталарын ашу

JUNIORBANK

37

2022 жылғы қорытынды:

Карталар портфелі:



119 202
Junior карта

47 622
карта шығарылды

2022 жылғы негізгі жетістіктер

- ✓ JuniorBank қосымшасында Push-хабарламаларды іске қосу
- ✓ JuniorBank қосымшасында карталардың цифрлық дизайнын іске қосу, әмияндарда көрсету
- ✓ Панфиловтағы балалар бұрышы, PS 5 ойынын тегін ойнау мүмкіндігі
- ✓ Жыл қорытындысы бойынша кэшбэктердің жойылуы
- ✓ JuniorBank қосымшасында 3 тілде жаңа сөздерді үйрену
- ✓ Серіктестік бағдарламасын іске қосу
- ✓ Junior Cup 2022 кибер турнирін өткізу
- ✓ GF жүйесінде виртуалды карталарды пластикке автоматты түрде қайта шығару
- ✓ Виртуалды картаның жарамдылық мерзімі 1 жылдан 3 жылға ұзартылды
- ✓ GF жүйесінде баланың логинін өшіру
- ✓ GF жүйесінде карта+junior шығарудың бірыңғай процесі
- ✓ ISO 9001:201 сәйкес келу бойынша халықаралық сапа сертификатын алдық

2023 жылға көзделген мақсаттар



90 000
жаңа Junior карта

70 000
ата-ана

Портфельдегі төлем жасалатын карталардың үлесі - **35%**



2023 жылға көзделген мақсаттар

- Балаларға арналған «Әмиян» депозиті
- Ата-ананың ВСС.KZ жеке кабинетінде баланың геолокациясын анықтау
- Билеттерді онлайн сатып алу, Тикетонмен интеграциялау
- Геймификация
- 18 жастағы балалардың JuniorBank қосымшасынан ВСС.KZ қосымшасына үздіксіз ауысуы
- Ата-аналардың тапсырмасы
- API, JuniorBank-ті сатуға бағытталған алғашқы мәміле
- Пластик пен виртуалды картаның мерзімін 8 жылға ұзарту
- Цифрлық картаны шығару
- Junior Market

КАРТОЧКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

38




2022 жылғы негізгі жетістіктер

- ТКБЖ бойынша ҚР ҰБ-мен жобаның 1-ші кезеңін іске қосу
- Visa ХТЖ қауымдастырылған қатысушыларына қызмет көрсету
- Кампус жобасымен 16 мың ##Junior карта, 12 мың #картакарта, 500 әлеуметтік карта, 200 зейнетақы картасы, 18 жалақы жобасы тартылды



2023 жылға көзделген мақсаттар

- UnionPay цифрлық карталарын шығаруды бастау
- UPI платформасы негізінде қызметтерді әзірлеу
- ҚР ҰБ-мен ТКБЖ мақсатты сұлбасын іске қосу
- Карточкалық бизнес және карталар шығару саласында аутсорсинг қызметтерін көрсетуге арналған сервистерді дамыту
- Кампус жобасының шығындарын азайту
- БСН, тарифтер, ХТЖ сервистері бойынша оңтайландыру



СЕРІКТЕСТІК ЖОБАЛАР

39



2022 жылғы жетістіктер:

Тартылған негізгі серіктестер:

DNS

Mechta.kz

happy travel

TechnoDom.kz

EVRIKA



2023 жылға көзделген мақсаттар:

Smart QR


Smart QR өніміне серіктестерді тартуды іске қосу




BCC Business

BCC.Business арқылы өнімдерге қосылу

#картакарта серіктестерінің саны, бірлік




Серіктестердің жалпы саны: **1 753**



#картакарта серіктестерінің айналымы, теңге

2022 жылғы айналым: **5,5 млрд. теңге**



САУДА ЭКВАЙРИНГІ

40



2022 жылғы жетістіктер:

- Жаңа ШАЙПҰЛ сервисі іске асырылды
- ВССРАУ+Galaxy жобасы іске қосылды
- ЕСВ-мен POS терминалдар паркін біріктіру + 9 474 құрылғы




2023 жылға көзделген мақсаттар:

- ВСС Business арқылы онлайн сату арнасын іске қосу
- QR төлемдері – қолма-қол ақшасыз төлемдерді қабылдаудың жаңа әдісі
- Бизнес-клиенттерге арналған кешенді (5-уі 1-де) қораптық шешім
- ВССРАУ жүйесінде ШАЙПҰЛ сервисін іске қосу
- ШАЙПҰЛ сервисі үшін мерчанттың жеке кабинетін іске асыру

Сауда эквайрингінің айналымы


(млн. теңге)



Сауда эквайрингі желісінің жалпы айналымы – **120,3 млрд теңге**

ВССРАУ айналымы

(млн. теңге)



ВССРАУ өнім бойынша жалпы айналым – **4,7 млрд теңге**

ВСС.KZ МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫ

41




2022 жылғы нәтижелер:




bcc.kz мобильді қосымшасына кірушілер саны 2022 жылы 1,9 есе ұлғайып, жыл соңында 1 миллионнан асты.



Сондай-ақ bcc.kz қосымшасында транзакция жүргізген клиенттер саны 2 есе өсіп, шамамен 673 мың адамды құрады (келушілер санының 65%).



MAU (monthly active users) 2022



ВСС.KZ МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫ

42



2022 жылдың қорытындысы бойынша негізгі жетістіктер

- ВСС.KZ қосымшасында #картакарта шығарумен биометриялық сәйкестендіру арқылы ықтимал (жаңа) клиенттерді тіркеу

Клиенттерге шығарылған күн:
Android – 29.04.2022ж.
iOS – 18.06.2022ж.

- ВСС.KZ қосымшасын, сондай-ақ фондық қолданбаларды пайдалану кезінде бейне экранды жазуға тыйым салынды

- App Store/Google Play қосымшалары дүкендерінде Preview Screenshots өзгерту іске асырылды



- ВСС.KZ қосымшасына кірмей-ақ «Валюта бағамдары» виджеттері, валюта бағамдарын бақылау іске асырылды

Ықтимал (жаңа) клиенттерді биометриялық сәйкестендіру арқылы тіркеу кезінде:

- күніне бір құрылғыдан және бір ЖСН бойынша өтінімдер санына
- күніне бір ЖСН бойынша өтінімдер санына
- мемлекеттік базадан алынған деректермен фотосуретті салыстыру әрекеттерінің санына (сәтсіз әрекеттер)
- бір құрылғыдан және әртүрлі ЖСН бойынша өтінімдер санына лимиттер (антифрод қағидалары) іске асырылды



2022 жылдың қорытындысы бойынша дайын функционалды көрсету



КОРПОРАТИВТІК БЛОК: ІРІ БИЗНЕС


43

ІБ кредиттеу


Ірі бизнестегі корпоративтік клиенттер бойынша 01.01.2023 жылғы жай-күйі бойынша несиелік портфельі бір жылда 45 млрд теңгеге немесе 11%-ға ұлғайып, 447 млрд теңгені құрады. Сонымен қатар ІБ кредит берілетін клиенттер санының өсуі байқалады.

Ірі бизнес бойынша портфель мен клиенттердің қалыпты өсуі стратегиялық мақсаттарға сәйкес келеді. Банк болашағы бар жаппай өнімдерді белсенді дамытуда.

ІБ бойынша несиелік портфельінің динамикасы
(брутто), млн. теңге



Клиент алған ІБ клиенттерінің саны




Шығыс деректер: Аудит жүргізілген шоғырландырылған деректер

ІБ сегменті клиенттерінің қаражаты


01.01.2023 жылғы жай-күйі бойынша Ірі бизнестің клиенттері орналастырған жалпы қаражат бір жыл ішінде 188,3 млрд теңгеге немесе 86%-ға едәуір ұлғайып, 407,4 млрд теңгені құрады. 2022 жылы ағымдағы шоттар мен депозиттердегі қалдықтары бар ІБ клиенттерінің саны да өсті, өсім 13,1%-ды құрады.

Бұл ретте 01.01.2023 ж. онлайн салымдардың үлесі 94%-ды құрады (01.01.2022ж. – 92%).


ІБ клиенттерінің АШ және депозиттердегі қаражатының динамикасы,
млн. теңге



АШ және депозиттердегі қалдықтары бар ІБ клиенттері санының динамикасы



Шығыс деректер: банктің жеке есептілігі




КОРПОРАТИВТІК БЛОК: ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС

44


ШОБ кредиттеу

ШОБ клиенттерінің несие портфелі бір жылда 2 есе артып, 01.01.2023 жылға 425 млрд теңгені құрады. Сонымен қатар 2022 жылы кредит алған ШОБ клиенттерінің 55,6%-ға көбейгені байқалды. 2022 жылы несие портфелі мен клиенттер санының айтарлықтай көбеюі Банктің бекітілген стратегиясына сәйкес келетін ШОБ-қа арналған «Дамушы бизнес», «Шот бойынша кредиттік лимит», «Бизнес кредит» және «Жаңартылатын кредит желісі» якорлық кредиттік өнімдерінің дамуына байланысты.

ШОБ несие портфелінің динамикасы (брутто), млн. теңге



Кредит алған ШОБ клиенттерінің саны



Шығыс деректер: Аудит жүргізілген шоғырландырылған деректер




ШОБ сегменті клиенттерінің қаражаты

01.01.2023 жылғы жай-күйі бойынша Шағын және Орта бизнес клиенттері орналастырған жалпы қаражат жыл ішінде 2,7 есе артып, 996,4 млрд теңгені құрады. Ағымдағы шоттар мен депозиттердегі қалдықтары бар ШОБ клиенттері саны 2022 жылы 2 есе, 161,4 мың клиентке дейін айтарлықтай өскені байқалады.


Онлайн салымдардың үлесі 94% құрады.

Клиенттер қаражатының ұлғаюы ШОБ үлесін белсенді ұлғайту арқылы әртараптандыруға қатысты банктің стратегиясына сәйкес келеді.

АШ және депозиттердегі ШОБ клиенттері қаражатының динамикасы, млн. теңге



АШ және депозиттердегі қалдықтары бар ШОБ клиенттері санының динамикасы



Шығыс деректер: банктің жеке есептілігі

ШОБ-ТЫҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫ ӨНІМДЕРІ

45

Дамушы бизнес



2022 жылғы нәтиже

- Портфель көлемі **106 млрд теңге**
- Клиенттер саны **19 426**
- Портфельдің % кірісі **14 407 млн теңге**



2023 жылға белгіленген мақсатты көрсеткіштер

- Портфель көлемі **213 млрд теңге**
- Клиенттер саны **30 776**
- Портфельдің % кірісі **33 088 млн теңге**

2022 жылғы жобалар

Кепілсіз:

- Сәуір, 2022 – 30 млн теңгеге дейін ЖШС-ны кредиттеу (ішкі)
- Қараша, 2022 – 50 млн теңгеге дейін ЖШС-ны кредиттеу (ішкі)

Кепілді:

- Соманы 250 млн теңгеге дейін ұлғайту, кредит беру мерзімі 120 айға дейін
- Өнім бойынша прескорингті енгізу.

2023 жылға көзделген жобалар

Кепілсіз:

- Ақпан, 2023 – 20 млн теңгеге дейін online кредиттеуге көшу
- Наурыз, 2023 – 5 млн теңгеге дейін Агроға кредит беру
- Наурыз, 2023 – 20 млн теңгеге дейін «Даму» ЖШС кредиттеуі (ішкі)
- Қыркүйек, 2023 – басқа ЕДБ-ден алынған қарызды қайта қаржыландыру

Кепілді:

- Өнімді GF жүйесіне ауыстыру және өнім бойынша скорингті енгізу




ЖЕТКІЗУ ТІЗБЕГІН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

46

Банк ЕДБ нарығында алғашқы болып өнімдерді қамтитын жеткізу тізбегін қаржыландырудың өнімдер желісін енгізді:

- Дистрибуторларды қаржыландыру
- Келісімшарттық қаржыландыру
- Факторинг

Өнім бойынша портфель (млн. теңге)



2022 жылғы нәтижелер

- Электрондық платформаны енгізу – мәміленің барлық тараптары үшін бірыңғай кеңістік
- Қарыз беру және өтеу процесін толық автоматтандыру
- Жоспарлы көрсеткіштерді 110%-ға орындау



2023 жылға көзделген мақсаттар

- Серіктестік желіні құру арқылы ЖТҚ өнімдер желісін танымал ету
- Түпкілікті тұтынушылар үшін қаржыландыруды арзандатуға арналған мемлекеттік бағдарламаларды дамыту
- Экспорттаушы компанияларға қолдау көрсету

ШОТ БОЙЫНША КРЕДИТТІК ЛИМИТ

47

Банктің бірегей өнімі:

- Ағымдағы шоттың артықшылығы
- Ресімдеудің жоғары жылдамдығы (20-30 мин)
- Тегін орнату және техникалық қызмет көрсету
- Нарықта аналогтар жоқ
- BCC Business Mobile қосымшасында лимитті толық басқару




2023 жылға МАҚСАТ:

BCC Business қосымшасы арқылы онлайн режимінде ШКЛ белгілеу



2022 жылғы нәтиже

ПОРТФЕЛЬ, млрд. теңге



● Орташа чек: **x3** 238 мың теңгеден **750 мың теңгеге дейін**

● Игеру: **x3** 15%-дан **50%-ға дейін**


● Кірістілік, %: **x4** 79 млн теңгеден **349 млн теңгеге дейін (+340%)**

КЕПІЛДІКТЕР

48

01.01.2023 жылғы жай-күйі бойынша кепілдіктердің жалпы портфелінің көлемі – 84 млрд теңге. 01.01.2022 жылғы жай-күйі бойынша кепілдіктердің жалпы портфелінің көлемі – 38 млрд теңге. 2022 жылы портфельдің өсуі – 121%.

2022 жылы жалпы сомасы 137 млрд теңгені құрайтын 25 448 дана кепілдік шығарылды, 2021 жылы жалпы сомасы 82 млрд теңгені құрайтын 24 109 дана кепілдік шығарылды. 2022 жылы сату көлемі 67%-ға өсті.



2022 жылғы нәтиже

- Кепілдіктер портфелі – **84 млрд теңге (+121%)**
- Кепілдіктер бойынша табыс – **2,1 млрд теңге (+91%)**
- Тендерлік кепілдіктердің сатылымы – **56 млрд теңге (+112%)**
- Төлем кепілдіктерінің сатылымы – **81 млрд теңге (+203%)**



2023 жылға көзделген мақсаттар

- Барлық кепілдіктерді Online режиміне көшіру
- Айналымды талдамай, тендерлік кепілдіктерді online беру
- Кепілсіз төлем кепілдіктерін online шығару (Скоринг базасында)
- Кепілдіктер портфелі – 65 млрд теңге
- Кепілдіктер бойынша кіріс – 2,8 млрд теңге


БИЗНЕС КРЕДИТ ЖӘНЕ ЖАҢАРТЫЛАТЫН КРЕДИТТІК ЖЕЛІ

49

Артықшылықтары:

- ✓ Құжаттардың ең аз саны
- ✓ Шешім қабылдаудың қысқа мерзімі
- ✓ Жеңілдетілген қаржылық талдау
- ✓ Мемлекеттік кредиттеу бағдарламаларына қатысу мүмкіндігі

ПОРТФЕЛЬ, млрд. теңге



2022 жылғы нәтиже



- ✎ портфельдің өсімі **x 10** есе
- ✎ Жоспарды орындау – **106%**
- ✎ Қарыз сомасын **500 млн** теңгеге дейін ұлғайту
- ✎ **85%** дейін Даму қорының кепілдігі өтімді қамсыздандыру болып табылады
- ✎ Ауыл шаруашылығы саласында (майлы және дәнді дақылдар) талаптар әзірленіп, енгізілді
- ✎ Шешім қабылдау үшін Басшылардың уәкілетті тобы құрылды



2023 жылға көзделген мақсаттар

Өнімді **GF** платформасына көшіру



Портфель көлемін **126,5 млрд теңгеге жеткізу**

КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

50

Банк өзін «бизнеске арналған банк» ретінде позициялап, кәсіпкерлікті қолдау бойынша барлық мемлекеттік бағдарламаларға белсенді қатысады. Біз кәсіпкерлерді қолдау бойынша 25-тен астам бағдарламаға қатысамыз, олардың ішінде «Өңдеуші өнеркәсіп саласындағы кәсіпкерлік субъектілерін қолдау бағдарламасы», «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба», «Қарапайым заттар экономикасы», «Нұрлы жер» тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын дамыту бағдарламасы», сонымен қатар микро және шағын бизнесті жеңілдікпен қаржыландырудың өңірлік бағдарламасы сияқты мемлекеттік стратегиялық бағдарламалар бар.

ЕҚДБ сияқты халықаралық даму институттарымен тығыз ынтымақтастық орнатумен қатар Банк кәсіпкерлерді қолдаудың бірқатар бағдарламаларын, соның ішінде әйелдер кәсіпкерлігін дамыту, «EBRD GEFF» жасыл экономикасын қаржыландыру бағдарламаларын ұсынады.

2022 жылғы нәтижелер

- 1 Банк ірі қалаларда – Алматы, Астана, Шымкент қалаларында, сондай-ақ Қарағанды және Шығыс Қазақстан облыстарында микро және шағын бизнесті қолдаудың өңірлік мемлекеттік бағдарламаларына белсенді кіре бастады.
- 2 2022 жылдың қорытындысы бойынша Банк «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба» бағдарламасы бойынша ШОБ-ты субсидиялау және кепілдік беру құралдары аясында қолдау тапқан жобалардың саны мен сомасы бойынша ЕДБ арасында көшбасшы болды.
- 3 Микрокредиттеу (20 млн теңгеге дейінгі кредиттер) аясында Банк ЕДБ арасында бірінші болып пайыздық мөлшерлемені субсидиялау және кредиттерге кепілдік беру құралдарымен «Даму» қорымен деректер алмасудың цифрлық арнасын іске қосты және ЕДБ арасында микро-кәсіпкерлердің ең көп санын қолдады.
- 4 «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы аясында орта және ірі бизнес субъектілерін қаржыландыру үшін Банк 10 жыл мерзімге ұзақмерзімді облигациялар орналастырды.

5

ЕҚДБ-мен ынтымақтастық құру аясында Банк ШОБ және жасыл экономика клиенттерін қаржыландыру үшін жалпы сомасы 60 млн \$ мөлшерінде Келісімшарттар жасасты, сонымен қатар «Risk-sharing» ШОБ кредиттері бойынша тәуекелдерді бөлу бағдарламасы бойынша ЕҚДБ-мен жасалған Негіздемелік келісім аясында ынтымақтастық кеңейтілді.

6

Банк экспорттық компанияларды қаржыландыру бойынша «KazakhExport «экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ-пен белсенді ынтымақтастықты қайта жаңартты.

2023 жылға арналған мақсаттар

1

ШОБ қаржыландырудың жаңа өңірлік бағдарламаларына қатысу

2

Жаңа транштарды тарту және игеру: ЕҚДБ, «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы, «Өңдеуші өнеркәсіп саласындағы кәсіпкерлік субъектілерін қолдау бағдарламасы».


3

«2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба» бағдарламасы аясында қолдау алған жобалардың көлемін және санын арттыру.

КОРПОРАТИВТІК КАРТАЛАР

51


2022 жылғы қорытындылар:



137 741

Карталар портфелі

Төлем карталарының орташа үлесі - **30%**




ЗТ/ЖК шоттарын қамту - **74%**



2022 жылғы негізгі жетістіктер

- ✓ Картаны шығаруды және #business шотына тіркелген картаға қызмет көрсетуді GF жүйесіне ауыстыру (картаны шығару / қайта шығару/жабу, карта бойынша шығыс лимиттерін басқару)
- ✓ #Business шотына карта өнімі бойынша жаңа лэндинг
- ✓ Банк қызметкерлері үшін #business шотына карта шығару
- ✓ Атаулы корпоративтік карталарды шығаруды және оларға қызмет көрсетуді GF жүйесіне көшіру (картаны шығару / қайта шығару/беру/жабу, шығыс лимиттерін басқару)

2023 жылға арналған мақсаттар




+ 120 000

жаңа бизнес-карта

+ 5 000

#BUSINESSPRIME карта

Төлем карталарының орташа үлесі - **50%**



ЗТ/ЖК шоттарын қамту - **100%**



2023 жылға арналған мақсаттар

- #BUSINESSPRIME (Visa Signature Business) премиум бизнес картасын іске қосу
- Балансты негізгі және қосымша карталар бойынша бөлу
- Bcc.business қосымшасында картаны жабу
- Серіктестер арқылы бизнес-карталарды шығару
- B2B Connect іске қосу (Visa арқылы карточкалық аударымдар емес)
- Бизнес-карталар бойынша B2B Travel қызметін іске қосу
- Кредиттік бизнес картасы

BCC.BUSINESS МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫ


52

2022 жылғы нәтижелер:


2022 жылдың қорытындысы бойынша BCC.Business қосымшасына қосылған клиенттердің өсімі 95%-ды, белсенді клиенттер бойынша 130%-ды құрады.

- Биометрия арқылы ағымдағы шотты онлайн ашуды іске қосу**
 Енді клиенттерге банктің клиенті болу, ағымдағы шот ашу, BCC.Business қосымшасына қосылу үшін Банк филиалына барудың қажеті жоқ. Осы функционалдың көмегімен клиенттер Банктің клиенті бола алады және үйден/офистен шықпай-ақ онлайн қызметтерді пайдалана алады.
- BCC.Business қосымшасында ағымдағы шоттарды онлайн жабу (толық іске қосу – 2023 жылғы ақпан)**
 Енді клиент Банк филиалына бармай-ақ, ағымдағы шотты жаба алады, бұл Банктің жұмыс күшін пайдалануды қысқартуға мүмкіндік береді (бұрын шоттарды КҚҚМ жабатын).
- Операцияны растау үшін ҰКО ЭЦҚ-ны BCC.Business Light жүйесінде интеграциялау.**
 BCC.Business Light бұрын тек қарау үшін пайдаланылған, қазір ҰКО ЭЦҚ және SMS кодтың көмегімен операцияны растау мүмкіндігі пайда болды. Бұл шешім қосымша құрылғыларсыз және КЦМР ЭЦҚ-сыз BCC.Business веб-нұсқасын пайдалануға мүмкіндік береді, бұл құрылғылар мен ҚБЕО ЭЦҚ (USB-токен, ОTR токен, ОTR карта, қауіпсіздік шлюзі және Ak-Kamal техникалық қолдау) сатып алу шығындарын қысқартуға мүмкіндік береді.
- BCC.Business жүйесінде ЗТ қарызын мерзімінен бұрын ішінара және толық өтеу**
 BCC.Business қосымшасында банктің кредиттік өнімдері (КЛС, кредиттер) бойынша берешекті өтеуге мүмкіндік туды.

BCC Business қосымшасына қосылу динамикасы



Соңғы 90 күндегі белсенді клиенттер




BCC.BUSINESS МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫ


53

- BCC.Business (web, mobile) қосымшасында біздің клиенттерімізге ыңғайлы болу үшін онлайн валюта айырбастау/конверсиялау платформасына тағы бірнеше жаңа валюта жұптары қосылды, қазір валюта жұптарының жалпы саны 19: USD/KZT, EUR/KZT, RUB/KZT, GBP/KZT, EUR/USD, USD/RUB, GBP/USD, CHF/KZT, CNY/KZT, JPY/KZT, AUD/KZT, CAD/KZT, AED/KZT, EUR/GBP, BYN/KZT, EUR/RUB, GBP/RUB, KGS/KZT, USD/CNY, RUB/CNY.
- **BCC.Business қосымшасында КЕН-ді жаңарту және жабу**
Валюталық келісімшартты онлайн жаңарту және жабу мүмкіндігі.
- **BCC.Business арқылы валюталық келісімшартты ҚР ҰБ-да тіркеу**
ҚР ҰБ-дағы капитал қозғалысы бойынша және ҚР ҰБ-дағы шетелдік банкте ашылған шот бойынша ЕН-ді валюталық шартқа беру мүмкіндіктері пайда болды.
- **Жеткізу арқылы қолма-қол ақша беру туралы өтініш**
Клиенттер офистерінен шықпай-ақ, өз шоттарынан қолма-қол ақша ала алады.
- **ЖСО үшінші тұлға үшін бюджетке төлем жасауы**
ЖСО BCC.Business арқылы борышкерлер үшін төлем жасау мүмкіндігіне ие болды.
- **PUSH хабарлама жіберу қызметін іске қосу**
Енді клиенттер мобильді қосымшада push-хабарламалар түрінде банктен хабарламалар/хабарлар ала алады, бұл сервис деңгейін арттыруға және СМС хабарламаларды жіберуді үнемдеуге мүмкіндік береді.
- **Жаңа заманауи DBP платформасында BCC.Business жаңа нұсқасын іске қосу**
BCC.Business 2.0 жаңа нұсқасында келесі функционалдар іске асырылды: QR арқылы авторизациялау, теңгелік төлемдерді/аударымдарды жөнелту, үзінді көшірмені қалыптастыру, анықтаманы онлайн алу, онлайн конвертациялау, ағымды шот ашу.

Салымдарды ашу динамикасы



Интернет банкингтен түскен табыс



ҚОҒАММЕН БАЙЛАНЫС

54

Банк өз қызметін барынша ашық етуге ұмтылады және барлық мүдделі тараптарға қажетті ақпаратты беруге назар аударады. 2022 Қазақстан Альфа Банкін сатып алу және кейіннен екі банкті интеграциялау жөніндегі мәміле туралы хабарландыру кезеңінде баспасөз қызметінің рөлі шешуші болды. Баспасөз қызметі БАҚ-тың әрбір сұрауын пысықтап, журналистермен бірлесіп ақпаратты жедел жеткізді.

Банк бұқаралық ақпарат құралдарында 9 581 материал көрсеткішімен Қазақстанның қаржы институттары арасында аталуы бойынша ТОП-3-ке кірді.

Аймақтық БАҚ-та Филиалдардың барлық директорларымен сұхбат жарияланды және банк жергілікті медиа арқылы аймақтардағы клиенттерді ақпараттандыруға баса назар аударуды жалғастырады.



ҚОР ЖӘНЕ БАНКАРАЛЫҚ НАРЫҚТАҒЫ ОПЕРАЦИЯЛАР

55

Корреспонденттік қатынастар және қаржы институттарымен жұмыс жүргізу

Банк ҚР ҰБ қысқамерзімді ноталарын және ҚР ҚМ қазынашылық облигацияларын сатып алу бойынша бастапқы дилер болып табылады, «Қазақстан қор биржасы» АҚ-та мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алу-сату бойынша брокердің қызметтерін ұсынады.

2022 жылдың қорытындысы бойынша Банк РЕПО операциялары нарығының белсенді қатысушыларының бірі болып табылады. Банк ішкі және сыртқы нарықтарда мемлекеттік және мемлекеттік емес бағалы қағаздармен мәмілелер жасайды.

2022 жылғы желтоқсанда BCC.KZ қосымшасы арқылы клиенттерге «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың бастапқы орналастырылған қарапайым акцияларын (IPO) сатып алуға мүмкіндік берілді: ЖТ үшін 8 521 шот ашылды, сатып алу бойынша 4 726 өтінім өңделді. Күніне сату бойынша мәмілелердің орташа саны – 40.

2022 жылы Банк:

1. Жалпы сомасы 19,0 млрд теңгеге айналыс мерзімі 10 жыл болатын қамсыздандырусыз купондық облигациялар шығарды.
2. Жалпы сомасы 13,1 млрд теңгеге бұрын тіркелген облигациялар шығарылымын орналастырды.
3. Шығарылым проспектісіне сәйкес 5,3 млрд теңге сомасына облигацияларды өтеді. Өтеу соңғы купондық сыйақыны бір мезгілде төлей отырып, айналыстағы облигациялардың номиналды құны бойынша жүзеге асырылды.

Валюталық конвертациялар бойынша онлайн сервистер

2022 жылы BCC.KZ қосымшасына АМШ арқылы алтын саудасы енгізілді және клиенттеріміз үшін ҚР нарығындағы ең тиімді бағамдар белгіленді. Бұл өнім ЖТ клиенттерге алтынды қолма-қол ақшасыз сатып алуға/сатуға мүмкіндік береді.

2022 жылғы Тамыз-Желтоқсан:

Клиенттер 10 239,74 гр. алтын сатты

Клиенттер 102 127,64 гр. алтын сатып алды

2022 жылы биржада автоматты түрде жабылатын BCS Forex валюталарымен сауда-саттық жасау үшін Қазақстанда алғашқы банкаралық платформа енгізілді, ТМД елдерінің банктеріне пайдалану құқығы берілді.

KASE биржасында автоматты баға ұсыныстарын ұсынатын робот енгізілді.

млн теңге	2020	2021	2022
Бағалы қағаздар	340 472	326 492	556 305
Инвестициялық қорлардың пайлары	25	25	25
Банктік депозиттер	43	44	67
Басқа активтер	7 039	6 048	6 216
Барлығы	347 579	332 609	562 613

2022 жылдың нәтижелеріне сәйкес кастодиандық қызмет көрсету бойынша 9 клиент Банктің ең ірі клиенттері болып табылады.

Шығыс деректер: Аудит жүргізілген шоғырландырылған деректер

ФИЛИАЛДЫҚ ЖЕЛІ



«ФИЛИАЛ ДИРЕКТОРЫНЫҢ ББ ЖӨНІНДЕГІ ОРЫНБАСАРЫ» ФИЛИАЛДЫҚ ЖЕЛІДЕГІ ЖАҢА МАМАНДЫҚ

57

Функционал



Филиал бөлімшелері аясында бөлшек өнімдердің сатылымын арттыруды қамтамасыз ету




Бөлшек өнімдер сатылымын ұлғайту белсенділігі бойынша бөлімше директорларымен жұмыс жүргізу



Бөлшек бизнес бойынша ТОП өнімдер аясында сатылымдар көлемін ұлғайту



ЦКБ күні/жәрмеңкелер/көрмелер/Ашық есік күндері аясында ұйымдастыру/өткізу/нәтижелер бойынша бөлімше директорларының жұмысын бақылау



Жаңа мамандық Филиал директорының ББ жөніндегі орынбасары

Тікелей Филиал директорына бағынатын бөлшек бизнес бойынша фронт-офис бөлімшесінің басшысы, функционалды түрде – ББ Сатылымдар дирекциясы


Әр филиалда **1 бірліктен**
Жалпы саны **18 дана**


ФРОНТ – ОФИСТІ ОҚЫТУ

58

2022 ЖЫЛ:

дербес оқыту нысанын бастау

 Қашықтан оқыту

 Онлайн өту



Банктің өнімдері мен қызметтері бойынша қашықтықтан оқыту курстары әзірленді – **қызметкерлер базалық ақпараттың 70%-ын курстар арқылы алды**

Өткізілді

235

ZOOM оқу

Әзірленді

76

қашықтан оқыту курсы

Аударылды

100%

Қазақ тіліндегі курстар

ФРОНТ – ОФИСТІ ОҚЫТУ – ТРЕНИНГТЕР

59

2022 ЖЫЛЫ:

филиал желісі үшін тренингтер циклін іске қосу

Пайдаланылатын тақырыптар



Сапалы сервис



Сатылымдар негізі



Команда құру



Тайм-менеджмент



Мамандықты басқару



160

тренинг
өткізілді

18

филиал
қамтылды

3 000

қатысушы



Бірінші дәрежелі басшы



ББ және ШОБ өнімдерін сату



Бірінші дәрежелі сервис



VIP арналған сервис



Сату техникасы

ФРОНТ – ОФИСТІ ОҚЫТУ – ТРЕНИНГТЕР

60



2023 жылғы 1-тоқсан. Жаңа тренингтер



Стресс-менеджмент:

Стреспен жұмыс жасау. Қиын клиенттер
Стреске төзімділік




Гауһар тасты бедерлеу:

ФД/БД арналған тренингтер – үздік қызметкерлерді қалай тәрбиелеу
керек, тиімділік пен мотивацияны қалай көтеру керек



Көтерілу:

Сервис. Жоғары сапалы қызмет көрсету арқылы тиімділікті арттыру



QR АРҚЫЛЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЭЛЕКТРОНДЫ КЕЗЕКТІ ІСКЕ АСЫРУ

61

БҰРЫН қалай болды

1

Клиенттер үшін
маршрутизатордың
болмауы



2

Клиент ағыны
бойынша
аналитиканың
болмауы



3

ЭК болмауына
байланысты
шағымдардың
болуы



4

Кезектегі
төбелестер

QR АРҚЫЛЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЭЛЕКТРОНДЫ КЕЗЕКТІ ІСКЕ АСЫРУ

62

НЕ іске асырылды

1

Масштабтау

Банктің 152 бөлімшесі
3 аптаның ішінде



2

Online қолдау

Банктің 2000 астам менеджері
262 000 астам клиент QR кезекті
пайдаланды



3

Әзірлеу

логика мен QR код арқылы
электронды кезекті енгізу

4

Енгізу

клиент ағынын талдау және
VOC бағалау



2023 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН QR АРҚЫЛЫ ЭЛЕКТРОНДЫ КЕЗЕК ҮШІН ШЕШІМДЕР

63



БҰДАН ӘРІ ИНТЕГРАЦИЯЛАУ МҮМКІНДІКТЕРІ

ВСС.KZ қосымшасы
және Green Front БҚ



САТЫЛЫМДАРДЫ АРТТЫРУ

Сатылымдағы клиент ағынын
конвертациялауды
жарықтандыру
БД үшін Dashboard -
сатылымдарды бақылау
құралын қосу –
2023 жылғы 1-тоқсан



ҚЫЗМЕТТІ ЖАҚСARTУ

Банк серверіне көшу кезінде
SMS бойынша VOC кіріс
клиент ағынын бағалау
өлшемдері
Клиенттерге толтыру үшін
қысқаша сауалнамамен
сілтеме жіберу
- 2023 жылғы 2-тоқсан



АҒЫМДАҒЫ ШЕШІМДІ ЖАҒARTУ

ЭО дауыстық дыбысты іске қосу
Клиенттерді қайта бағыттау
2023 жылғы 1-тоқсан

2023 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН QR АРҚЫЛЫ ЭЛЕКТРОНДЫ КЕЗЕК DASHBOARD-Ы

64 Бөлімше директорларына арналған құралдар:



Бөлімшелердің клиенттер ағынын қарау мүмкіндігі;



Қызметкерлерді бақылау – қызмет көрсетудің және клиенттердің күтуінің орташа уақыты;



Өнімділігі төмен қызметкерлерді анықтау – сатылымдар\сервис



CS\VOС бағалауын қарау

Қызметкерлерге арналған құралдар:




Өтінім түрлері бойынша клиенттерді қарау;



ШКЛ үшін – ағымдағы нормативтерді бақылау;



CS\VOС бағалауын қарау, клиенттерге қызмет көрсету сервисін жақсарту мүмкіндігі



ТЕЛЕМАРКЕТИНГ

65

2022 ЖЫЛЫ

Телемаркетинг профильді дамудың екі бағытына бөлінді



Шағын және орта бизнес



Сайт



ЖК/ЖШС жаңадан тіркеу



Клиенттерді тіркеу

5 677 ЖК

Тартылғаны

2 855 ЖШС

Тартылғаны

1 000 клиент

Қайта іске қосылғаны

5 000 астам әртүрлі

өнімдер сатылды



Бөлшек бизнес



Сайт



IPO



Клиенттерді Cross Sell / Up Sell

16 000 #картакарта

Тартылғаны

1 000 000\$

әмиянға + IPO

7 000 астам әртүрлі

өнімдер сатылды

ТЕЛЕМАРКЕТИНГ

66

Клиенттермен байланыс бойынша бірнеше арнаны енгізу



Тарту үшін клиенттер ауқымын кеңейту



Әртүрлі байланыс арналарын қолдану




Лидогенерация сапасын арттыру



Уақытылы кері байланыс жасау



Lifetime клиенттер санын арттыру



КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖӘНЕ КОРПОРАТИВТІК ОҚИҒАЛАР



КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

68

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тағы корпоративтік басқару акционерлер жиналысында бекітілген («Банк ЦентрКредит» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының 05.06.2020 жылғы хаттамасы) Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тағы корпоративтік басқару келесі принциптерге негізделген:

- 1** Банк акционерлері мен қызметкерлерінің құқықтары мен заңды мүддесін құрметтеуге негізделген және оның тиімді қызмет етуіне, оның ішінде активтерінің құнын арттыруға, қаржылық тұрақтылығын берік ұстап тұруға, табыс алуына, сондай-ақ жұмыс орындарын ашуына ықпал етеді.
- 2** Банктің негізгі тиімді қызметі мен инвестициялық тартымдылығының негізі – корпоративтік басқаруға қатысушылардың барлығының өз қызметін жүзеге асыруының ашықтығы. Корпоративтік басқарудың принциптері Банкті басқаруға байланысты туындайтын қарым-қатынаста өзара сенімді орнатуға бағытталған.
- 3** Акционерлердің қоғамға қатысуына байланысты өздерінің құқықтарын жүзеге асыруға нақты мүмкіндіктерді қамтамасыз ету.
- 4** Акциялардың бір түрін иеленетін акционерлерге бірдей қарым-қатынасты қамтамасыз ету. Құқықтары бұзылған жағдайда, барлық акционерлер тиімді қорғалу мүмкіндігіне ие болады.
- 5** Директорлар кеңесінің Банк қызметін стратегиялық басқаруын және Басқарманың қызметін тиімді бақылауын, сондай-ақ Директорлар кеңесі мүшелерінің өз акционерлеріне есеп беруін қамтамасыз ету.
- 6** Банктің атқарушы органына (Басқарма) Банктің ағымдағы қызметін саналы түрде, адал, тек Банктің мүддесінде ғана тиімді басқару мүмкіндігін, сондай-ақ атқарушы органның (Басқарма) Банктің директорлар кеңесі мен акционерлеріне есеп беруін қамтамасыз ету.
- 7** Банк акционерлері мен инвесторларының негізді шешім қабылдау мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында Банк туралы, оның ішінде оның қаржылық жағдайы, экономикалық көрсеткіштері, меншік және басқару құрылымы туралы толық және шынайы ақпаратты уақытылы жария етуді қамтамасыз ету.

8

Банктің активтерін, Банктің акциялары мен бағалы қағаздарының құнын ұлғайту, жаңа жұмыс орындарын құру мақсатында мүдделі тұлғалардың, оның ішінде Банк жұмыскерлерінің заңнамада көзделген құқықтарын есепке алу және Банк пен мүдделі тұлғалардың белсенді ынтымақтастығын қолдау.

9

Акционерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында Банктің қаржылық-шаруашылық қызметіне тиімді бақылау жасауды қамтамасыз ету.

10

Банктің өз қызметін жүзеге асыруы барысында қоршаған ортаны қорғау қажеттігін есепке алу.

11

Бұл принциптер «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы заңын, Экономикалық ынтымақтастық және дамыту ұйымының (ЭЫДҰ) корпоративтік басқару принциптерін, корпоративтік басқару саласындағы халықаралық тәжірибені назарға ала отырып қалыптастырылған.

КОРПОРАТИВТІК ОҚИҒАЛАР

Акционерлер жиналысы

№	Жиналыстың атауы	Күні	Күн тәртібі	Қабылданған шешімдер
---	------------------	------	-------------	----------------------

1	«Банк ЦентрКредит» АҚ акционерлерінің жылдық жиналысы	20.05.2022	<p>1. «Банк ЦентрКредит» АҚ 2021 жылғы қызметінің қорытындысы туралы есеп</p> <p>2. «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың 2021 жыл бойынша шоғырландырылған және жеке жылдық қаржылық есептілігі бекіту</p> <p>3. «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың 2021 жылғы таза кірісін бөлу тәртібін бекіту</p> <p>4. Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы</p>	<p>1. «Банк ЦентрКредит» АҚ Басқармасының 2021 жылғы қызметінің қорытындысы туралы есебі бекітілсін.</p> <p>2. «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың «KPMG» аудиторлық компаниясы бекіткен 2021 жыл бойынша шоғырландырылған және жеке жылдық қаржылық есептілігі бекітілсін.</p> <p>3.1. 2021 қаржы жылы үшін «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың жай акциялары бойынша дивиденд төленбесін.</p> <p>3.2. 2021 жылдағы 20 645 млн (жиырма миллиард алты жүз қырық бес миллион) теңге сомасындағы таза кіріс «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың резервтік капиталын құруға жөнелтілсін.</p> <p>4.1. Акционерлердің келесі жалпы жиналысы өткізілетін күнге дейінгі өкілеттік мерзімі бар 6 (алты) адамнан тұратын Директорлар кеңесінің қолданыстағы сандық құрамы сақталсын.</p> <p>4.2. «Банк ЦентрКредит» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына келесі тұлғалар сайлансын: Байсейітов Бақытбек Рымбекұлы; Ли Владислав Сединович; Аманқұлов Жұмагелді Рақшұлы; Хұсайнов Ғалым Әбілжанұлы; Сәйденов Анвар Ғалимұллаұлы – тәуелсіз директор; Werner Frans Jozef Claes – тәуелсіз директор.</p> <p>4.3. Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу мөлшері мен тәртібі қолданыстағы заңнамаға сәйкес Банктің есепті кезеңдегі жоспарлы жалақы қорының 5%-нан аспайтын мөлшерде бекітілетіні айқындалсын. Директорлар кеңесі мүшелерінің жалақы мөлшері есепті кезеңде тіркелген инфляция деңгейіне сәйкес қайта қаралатыны хабарланды.</p>
	5. «Альфа-Банк» ЕБ АҚ-ты (БСН 94124000034) «Банк ЦентрКредит» АҚ-қа қосу нысанында «Банк ЦентрКредит» АҚ-ты ерікті түрде қайта ұйымдастыру туралы.		<p>5.1. «Банк ЦентрКредит» АҚ-ты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және талаптармен («Банк ЦентрКредит» АҚ орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, А25D5G0, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 38) «Eco Center Bank» АҚ-ты («Банк ЦентрКредит» АҚ ЕБ) (БСН 94124000034) («Eco Center» АҚ («Банк ЦентрКредит» АҚ ЕБ) орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, А26F8B0, Алматы қ., Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 226-үй) «Банк ЦентрКредит» АҚ-қа қосу нысанында ерікті қайта ұйымдастыру жүзеге асырылсын.</p> <p>5.2. Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары есепке алынып, «Банк ЦентрКредит» АҚ пен «Eco Center Bank» АҚ («Банк ЦентрКредит» АҚ ЕБ) арасында жасалған табыстау актісіне қол қойылған күннен бастап «Eco Center Bank» АҚ-ты («Банк ЦентрКредит» АҚ ЕБ) «Банк ЦентрКредит» АҚ-қа қосу арқылы «Банк ЦентрКредит» АҚ-ты ерікті түрде қайта ұйымдастыру аясында «Eco Center Bank» АҚ («Банк ЦентрКредит» АҚ ЕБ) мүлкінің (құжаттары мен міндеттері) «Банк ЦентрКредит» АҚ-қа өткізіліп берілсін.</p> <p>5.3. «Банк ЦентрКредит» АҚ Басқарма төрағасы Хұсайнов Ғалым Әбілжанұлына (немесе «Банк ЦентрКредит» АҚ Басқарма төрағасының міндеттерін атқаратын тұлғаға) «Eco Center Bank» АҚ-ты («Банк ЦентрКредит» АҚ ЕБ) «Банк ЦентрКредит» АҚ-қа қосу арқылы «Банк ЦентрКредит» АҚ-ты ерікті түрде қайта ұйымдастыруға рұқсат беру туралы өтініштерге, сонымен қатар аталған қайта ұйымдастыруды жүргізу процесінде қажет болатын өзге барлық құжаттарға қол қоюға және сәйкес барлық уәкілетті органдар мен ұйымдарға тапсыруға және «Банк ЦентрКредит» АҚ атынан өзге іс-әрекеттерді, соның ішінде заңнамада көзделген, «Eco Center Bank» АҚ-ты («Банк ЦентрКредит» АҚ ЕБ) «Банк ЦентрКредит» АҚ-қа қосу арқылы «Банк ЦентрКредит» АҚ-ты ерікті түрде қайта ұйымдастыруға байланысты іс-әрекеттерді орындауға өкілеттік берілсін.</p>	

	6. «Альфа-Банк» ЕБ АҚ-ты (БСН 94124000034) «Банк ЦентрКредит» АҚ-қа қосу туралы шарт жобасын мақұлдау туралы		6.1. «Eco Center Bank» АҚ-ты («Банк ЦентрКредит» АҚ ЕБ) (БСН 94124000034) «Банк ЦентрКредит» АҚ-қа қосу туралы шарттың жобасы акционерлердің осы жылдық жалпы жиналысының қарауына ұсынылған нұсқада мақұлданын.	
	6.2. «Банк ЦентрКредит» АҚ Басқарма төрағасы Хұсайнов Ғалым Әбілжанұлына (немесе «Банк ЦентрКредит» АҚ Басқарма төрағасының міндеттерін атқаратын тұлғаға) «Банк ЦентрКредит» АҚ атынан және оның мүддесінде «Eco Center Bank» АҚ-ты («Банк ЦентрКредит» АҚ ЕБ) «Банк ЦентрКредит» АҚ-қа қосу туралы шартқа қол қою өкілеттігі берілсін.			
2	Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы	03.08.2022	<p>1. «Банк ЦентрКредит» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту туралы</p> <p>2. «Банк ЦентрКредит» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының сандық құрамы мен өкілеттік мерзімін сайлау және олардың өкілеттік мерзімін бұрын тоқтатылуы туралы</p> <p>3. «Банк ЦентрКредит» АҚ Директорлар кеңесінің сандық құрамы мен өкілеттік мерзімін бұрын тоқтату туралы, сонымен қатар өз міндеттемелерін орындағаны үшін «Банк ЦентрКредит» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу мөлшері мен тәртібі туралы</p>	<p>1. «Банк ЦентрКредит» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының 2022 жылғы 21 қыркүйектегі «Банк ЦентрКредит» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 05 тамыздағы № 3-0805-01 қаулысы).</p> <p>2.1. «Банк ЦентрКредит» АҚ Есеп комиссиясының мүшесі Ким Валентин Александровичтің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылсын.</p> <p>2.2. «Банк ЦентрКредит» АҚ Есеп комиссиясының мүшесі болып Тимур Ринатулы Ханбеков сайлансын.</p> <p>2.3. «Банк ЦентрКредит» АҚ Есеп комиссиясының өкілеттік мерзімі 5 жыл болып белгіленсін.</p> <p>3.1. 2023 жылы «Банк ЦентрКредит» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысына дейінгі өкілеттік мерзімі бар 6 (алты) адамнан тұратын Директорлар кеңесінің қолданыстағы сандық құрамы сақталсын.</p> <p>3.2. «Банк ЦентрКредит» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына келесі тұлғалар сайлансын: Байсейітов Бақытбек Рымбекұлы Ли Владислав Сединович; Аманқұлов Жұмагелді Рақшұлы Хұсайнов Ғалым Әбілжанұлы Сәйденов Анвар Ғалимұллаұлы – тәуелсіз директор ретінде Werner Frans Jozef Claes – тәуелсіз директор ретінде</p> <p>3.3. Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу мөлшері мен тәртібі қолданыстағы заңнамаға сәйкес Банктің есепті кезеңдегі жоспарлы жалақы қорының 5%-нан аспайтын мөлшерде бекітілетіні айқындалсын. Директорлар кеңесі мүшелерінің жалақы мөлшері Директорлар кеңесінің мүшелеріне жалақы белгіленген сәттен басталатын кезеңде тіркелген инфляция деңгейіне сәйкес қайта қаралатыны хабарланды.</p>

КОРПОРАТИВТІК ОҚИҒАЛАР

№	Жиналыстың атауы	Күні	Күн тәртібі	Қабылданған шешімдер
			3. Табыстау актісін бекіту туралы.	<p>3.1. «Eco Center Bank» АҚ-тың («Банк ЦентрКредит» АҚ ЕБ) құқықтық мирасқору ретінде «Банк ЦентрКредит» АҚ-қа «Eco Center Bank» АҚ-тың («Банк ЦентрКредит» АҚ ЕБ) барлық мүлкін, құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ оның барлық кредиторлары мен борышкерлеріне қатысты және «Eco Center Bank» АҚ-тың («Банк ЦентрКредит» АҚ ЕБ) «Банк ЦентрКредит» АҚ-қа қосу нысанында «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың және «Eco Center Bank» АҚ-тың («Банк ЦентрКредит» АҚ ЕБ) ерікті түрде қайта ұйымдастырылу аясында тараптар дауласатын міндеттерді қоса алғанда, «Eco Center Bank» АҚ-тың («Банк ЦентрКредит» АҚ ЕБ) барлық кредиторлары мен борышкерлеріне қатысты барлық құқықтар мен міндеттерді бойынша «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың құқықтық мирасқору болуына қатысты барлық құқықтар мен міндеттемелерді тапсыру туралы Табыстау актісі бекітілсін.</p> <p>«Eco Center Bank» АҚ-тың («Банк ЦентрКредит» АҚ ЕБ) барлық мүлкі (құқықтары мен міндеттері) Табыстау актісіне қол қойылған сәтте «Банк ЦентрКредит» АҚ-қа көшеді деп белгіленсін;</p> <p>3.2. «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Директорлар кеңесіне және «Eco Center Bank» АҚ-тың («Банк ЦентрКредит» АҚ ЕБ) Директорлар кеңесіне Табыстау актісіне қол қойылғанға дейін «Банк ЦентрКредит» АҚ және «Eco Center Bank» («Банк ЦентрКредит» АҚ ЕБ) акционерлерінің осы бірлескен жалпы жиналысының шешімімен бекітілген Табыстау актісін қосымшаларында қамтылған мәліметтердің өзекті болуын ескере отырып, Табыстау актісін қарастыру тапсырылсын;</p> <p>3.3. «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың атынан және мүддесінде «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Басқарма төрағасы Хұсайнов Ғалым Әбілжанұлына (ол болмаған жағдайда – «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Басқарма төрағасының міндетін атқарушы тұлғаға) және «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Бас бухгалтері Нұрғалиева Айжан Төлеуғазықызына (ол болмаған жағдайда – «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Бас бухгалтерінің міндетін атқарушы тұлғаға), «Eco Center Bank» АҚ-тың («Банк ЦентрКредит» АҚ ЕБ) атынан және мүддесінде «Eco Center Bank» АҚ («Банк ЦентрКредит» АҚ ЕБ) Басқарма төрағасы Владимиров Руслан Владимировичке (ол болмаған жағдайда – «Eco Center Bank» АҚ («Банк ЦентрКредит» АҚ ЕБ) Басқарма төрағасының міндетін атқарушы тұлғаға) және «Eco Center Bank» АҚ («Банк ЦентрКредит» АҚ ЕБ) Бас бухгалтері Сафина Әйгерім Бексұлтанқызына (ол болмаған жағдайда «Eco Center Bank» АҚ («Банк ЦентрКредит» АҚ ЕБ) Бас бухгалтердің міндетін атқарушы тұлғаға) Табыстау актісіне қол қою уәкілеттігі берілсін.</p>
5	Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы	21.09.2022	<p>1. «Банк ЦентрКредит» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту туралы</p> <p>2. «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жана нұсқада бекіту туралы</p>	<p>1. «Банк ЦентрКредит» АҚ акционерлерінің кезектен жалпы жиналысының 2022 жылғы 21 қыркүйектегі «Банк ЦентрКредит» АҚ Директорлар кеңесі қалыптастырған күн тәртібі бекітілсін («Банк ЦентрКредит» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 05 тамыздағы № 3-0805-01 қаулысы)</p> <p>2.1. «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Жарғысына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар (Қосымша) ұсынылған нұсқада бекітілсін</p> <p>2.2. «Банк ЦентрКредит» АҚ Басқарма төрағасы Хұсайнов Ғалым Әбілжанұлына «Банк ЦентрКредит» АҚ атынан және оның мүддесінде «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Жарғысына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға қол қоюға өкілеттігі берілсін.</p> <p>2.3. «Банк ЦентрКредит» АҚ Басқармасы «Банк ЦентрКредит» АҚ Жарғысына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды мемлекеттік тіркеу рәсімін жүргізісін.</p>
6	«Банк ЦентрКредит» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы	14.12.2022	1. «Банк ЦентрКредит» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту туралы.	1. «Банк ЦентрКредит» АҚ акционерлерінің кезектен жалпы жиналысының 2022 жылғы 21 қыркүйектегі «Банк ЦентрКредит» АҚ Директорлар кеңесі қалыптастырған күн тәртібі бекітілсін («Банк ЦентрКредит» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 11 қарашадағы № 3-1111-01 қаулысы)

2. Директорлар кеңесінің мүшесін сайлау туралы	2.1. «Банк ЦентрКредит» АҚ Тәуелсіз директоры Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымына Қожахметов Қуат Бәкірұлы сайлансын.
	2.2. Сайланатын үміткердің өкілеттілік мерзімі жалпы директорлар кеңесінің өкілеттілік мерзімі аяқала отырып, қоса алғанда 2023 жылы акционерлердің жылдық жалпы жиналысы өткізілетін күнге дейін белгіленсін.
	2.3. Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу мөлшері мен тәртібі қолданыстағы заңнамаға сәйкес Банктің есепті кезеңдегі жоспарлы жалақы қорының 5%-нан аспайтын мөлшерде бекітілетіні айқындалсын.


ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

72

2022 жылы Директорлар кеңесі мүшелерінің қатысуымен 4 мәжіліс өткізілді. Мәжілістерде келесі мәселелер қаралды: 2021 жыл бойынша шоғырландырылған және жеке жылдық есептілігін алдын ала бекіту, акционерлердің жылдық жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау, Басқарманың сандық және дербес құрамы, Директорлар кеңесі жанындағы комитеттер құрамына өзгерістер енгізу, Банктің 2023 жылға арналған бюджетінің жобасын және басқаларды мақұлдау.

Директорлар кеңесі есепті кезең ішінде сырттай дауыс беру арқылы 258 қаулы қабылдады.

Директорлар кеңесінің 01.02.2022 ж. №0201/10 қаулысымен 2022 жылдың қорытындысы бойынша дербес бағалау әдісімен (сауалнама арқылы) «Банк ЦентрКредит» АҚ Директорлар кеңесі қызметінің тиімділігін бағалауды жүргізу бекітілді.



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

73

31.12.2022 жылғы жай-күйі бойынша Директорлар кеңесінің құрамы



БАЙСЕЙІТОВ БАҚЫТБЕК РЫМБЕКҰЛЫ
(1958 ж.т.)

Директорлар кеңесінің төрағасы

1997 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін – «Банк ЦентрКредит» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы
1996 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін – Қазақстанның Банкілер қауымдастығының президенті
2003 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін – «BSC Invest» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы;
2013 ж. бастап 2020 жылғы наурызға дейін – ЕуроАзиялық ынтымақтастықтың Қаржы-банкілік қауымдастығының (ЕАЫ ҚБҚ) президенті
2020 ж. наурыздан бастап қазіргі уақытқа дейін – ЕуроАзиялық ынтымақтастықтың Қаржы-банкілік қауымдастығының (ЕАЫ ҚБҚ) Іскерлік кеңесінің төрағасы

Директорлар кеңесінің құрамына сайланған /қайта сайланған күн - 3 тамыз 2022 ж.



ЛИ ВЛАДИСЛАВ СЕДИНОВИЧ
(1957 ж.т.)

Директорлар кеңесінің мүшесі

2000 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін – «Банк ЦентрКредит» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі
04.07.2016 ж. бастап 2021 ж. дейін – «Алматы қаласын дамыту орталығы» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшесі;
31.07.2018 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін – «ҚБТУ» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшесі.

Директорлар кеңесінің құрамына сайланған /қайта сайланған күн - 3 тамыз 2022 ж.



АМАНҚҰЛОВ ЖҰМАГЕЛДІ РАҚЫШҰЛЫ
(1956 ж.т.)

Директорлар кеңесінің мүшесі

201ж. бастап қазіргі уақытқа дейін – «Банк ЦентрКредит» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі

Директорлар кеңесінің құрамына сайланған /қайта сайланған күн - 3 тамыз 2022 ж.



CLAES WERNER FRANS JOSEF
(1964 ж.т.)

Директорлар кеңесінің мүшесі – Тәуелсіз директор

2008 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін – «Жаһандық қаржы консалтинг» Президенті
2009 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін – «International Financial Consulting Ltd» компаниясының аға кеңесшісі;
2011 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін – «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың тәуелсіз директоры, Директорлар кеңесінің мүшесі.
2016 ж. – 01.11.2022 ж. – «HatkotBank» АНБ Директорлар кеңесінің мүшесі;
2017 ж. – 12.02.2023 ж. Жұмыстан шығу туралы өтінімі берілді) «БАНК УРАЛСИБ» ЖАҚ Директорлар кеңесінің мүшесі
2019 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін – «AccessBank» ЖАҚ Директорлар кеңесінің мүшесі
01.12.2022 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін – «Банк Эсхата» ААҚ Бақылау кеңесінің тәуелсіз мүшесі

Директорлар кеңесінің құрамына сайланған /қайта сайланған күн - 3 тамыз 2022 ж.



САЙДЕНОВ АНВАР ГАЛИМУЛЛАҰЛЫ
(1960 ж.т.)

Директорлар кеңесінің мүшесі – Тәуелсіз директор

2016 ж. сәуірден бастап 2019 жылғы сәуірге дейін – «Қазақстанның Халық банкі» АҚ-тың тәуелсіз директоры, Директорлар кеңесінің мүшесі;
2018 ж. ақпаннан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Банк Хоум Кредит» АҚ ЕБ тәуелсіз директоры, Директорлар кеңесінің мүшесі;
2018 ж. қазаннан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Банк Қазақстан» АҚ-тың тәуелсіз директоры, Директорлар кеңесінің мүшесі;
2019 ж. сәуірден бастап қазіргі уақытқа дейін – «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың тәуелсіз директоры, Директорлар кеңесінің мүшесі.
2020 ж. тамыздан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Unicorn Holding» Private company Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директоры

Директорлар кеңесінің құрамына сайланған /қайта сайланған күн - 3 тамыз 2022 ж.



ҚОЖАХМЕТОВ ҚУАТ БӘКІРҰЛЫ
(1972 ж.т.)

Директорлар кеңесінің мүшесі – Тәуелсіз директор

10.03.2016 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін – ААҚО Әкімшілігі АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, Аудит және ішкі бақылау комитетінің мүшесі;
17.02.2018 ж. – 20.07.2020 ж. – «Самұрық-Қазына» Қорының Қаржы-банкілік қызметінің бас директоры
21.07.2020 ж. – 21.09.2020 ж. «Самұрық-Қазына ҰАҚ» АҚ Мемлекеттік сатып алу жөніндегі Бірлескен басқарушысы
22.09.2020 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін – «АХҚО Әкімшілігі» АҚ АХҚО басқарушысының бас кеңесшісі
01.04.2022 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін – «Қазақстан инжиниринг» Ұлттық компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшесі, Стратегия және инвестициялар комитетінің төрағасы
27.08.2022 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін – «Standard Life» Өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі – Тәуелсіз директор
19.10.2022 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін – «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі /тәуелсіз директоры
14.12.2022 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін – «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың тәуелсіз директоры, Директорлар кеңесінің мүшесі.

Директорлар кеңесінің құрамына сайланған /қайта сайланған күн – 14 желтоқсан 2022 ж.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

74

Директорлар кеңесі жанындағы комитеттер

Директорлар кеңесі жанында келесі комитеттер іс-әрекет етеді:

- Аудит комитеті
- Қаржыны және тәуекелдерді басқару комитеті
- Стратегиялық жоспарлау комитеті
- Директорлар кеңесінің Кредит комитеті
- Тағайындаулар, сыйақы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет

Аудит комитеті

Комитеттің құрамы:

Werner Claes – Комитеттің төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор

Сайденов А.Г. – Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор

Ли В.С. – Директорлар кеңесінің мүшесі.

Аудит комитеті Директорлар кеңесінің уәкілетті алқалы органы болып табылады. Комитет өзінің қызмет бабына жатқызылған мәселелерді алдын ала жан-жақты зерделеу және Директорлар кеңесінің негізді және ақылға салынған шешімдер қабылдауы үшін ұсынымдар дайындау үшін құрылған.

2022 жылы Аудит комитеті төрт мәжіліс өткізді, 13 мәселені қарады, олардың ішінде:

келесі есептілікті қарастыру бойынша **6 мәселе**:

Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің қолданылуының тиімділігі бойынша жүргізілген аудиттің нәтижелері мен ұсынымдарын қамтитын ІАҚ қызметі (2022 жыл бойынша тоқсандық, 2021 жыл бойынша жылдық);

Банктің жылдық қаржылық есептілігі;

2023 жылы ішкі аудиттің жоспарын қарау бойынша **1 мәселе**

Банктің сыртқы аудит қызметіне байланысты **1 мәселе** (KPMG жоспарлау тұсаукесері)

ІАҚ ағымдағы қызметі бойынша **5 мәселе** (ІНҚ енгізілген өзгерістерді бекіту, филиалдарды тексеру, лицензиялар сатып алу, ІАҚ КРІ және басқалар).

Қаржыны және тәуекелдерді басқару комитеті

Қаржыны және тәуекелдерді басқару комитетінің 01.01.2022 ж. бастап 31.12.2022 ж. дейінгі құрамы:

1. **Сайденов А.Г.** – Комитет төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор
2. **Ли В.С.** – Комитет мүшесі, Директорлар кеңесінің мүшесі;
3. **Аманқұлов Д.Р.** – Комитет мүшесі, Директорлар кеңесінің мүшесі;
4. **Владимиров Р.В.** . Комитет мүшесі, Басқарма төрағасы (Президент) – Комитет құрамына кірген күн – 07.12.2022 ж.;
5. **Хұсаинов Ф.Ә.** – Комитет мүшесі, Басқарма төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі – Комитет құрамынан шыққан күн – 28.10.2022 ж.;
6. **Теңізев Р.Б.** – Комитет мүшесі, Басқарма төрағасының бизнесті қолдау жөніндегі бірінші орынбасары, Басқарма мүшесі (Бірінші вице-президент)
7. **Ишмуратов Т.Ж.** . Комитет мүшесі, Басқарма төрағасының орынбасары, Бизнес тобын бағыттайтын Басқарма мүшесі – Комитет құрамынан шыққан күн – 28.10.2022 ж.;
8. **Асылбек Е.А.** – Комитет мүшесі, Басқарма төрағасының орынбасары, Қаржы тобын бағыттайтын Басқарма мүшесі – Комитет құрамынан шыққан күн – 16.05.2022 ж.;
9. **Кенжеханов М.Т.** – Комитет мүшесі, Басқарма төрағасының бизнесті дамыту жөніндегі бірінші орынбасары, Басқарма мүшесі (Бірінші вице-президент) – Комитет құрамына кірген күн – 07.12.2022 ж.;

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

75

Қаржыны және тәуекелдерді басқару комитеті 2022 жылы кезекті 11 мәжіліс және кезектен тыс 30 мәжіліс өткізді. Үш жүзге жуық шешім қабылдады.

Комитет бір жыл ішінде Банк қызметінің мәселелері бойынша, атап айтқанда:

- активтердің құрылымын, міндеттемелерді және капиталды басқару;
- ағымдағы пайыздық саясатты басқару;
- Жеке және бизнес-клиенттер үшін кредиттік және депозиттік өнімдер бойынша сыйақы мөлшерлемесін бекіту;
- тәуекелдерді басқару (нарықтық, кредиттік, операциялық тәуекелдер, пайыздық тәуекел, өтімділік тәуекелі, қаржылық емес және өзге де қаржылық тәуекелдерді басқару);
- пруденциалдық және басқа реттеуші нормативтерді, ішкі лимиттерді орындау;
- қаржы нарығын, бәсекелес ортаны, ҚР-дағы банк секторын талдау жөніндегі мәселелерді қарастырып, өзекті шешімдерді уақытылы қабылдады.

Қабылданатын шешімдердің тиімділігі қаржылық және бизнестік көрсеткіштердің өсуін қамтамасыз етті:

- меншікті капиталдың рентабельділік және жеткіліктілік көрсеткіштері өсті (ROE 14,6%-дан 68,4%-ға дейін ұлғайды);
- активтерді әртарапандыру және бизнестің орнықтылығы жақсарды;
- клиенттерге арналған банктік өнімдердің тартымдылығы артты және т.б.



Стратегиялық жоспарлау комитеті

Стратегиялық жоспарлау комитетінің 01.01.2022 ж. бастап 31.12.2022 ж. дейінгі құрамы:

1. **Сайденов А.Г.** – Комитет төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор
2. **Байсейітов Б.Р.** – Комитет мүшесі, Директорлар кеңесінің төрағасы
3. **Хұсаинов Ф.Ә.** – Комитет мүшесі, Басқарма төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі – Комитет құрамынан шыққан күні – 28.10.2022 ж.;
4. **Қожахметов К.Б.** – Комитет мүшесі, Директорлар кеңесінің мүшесі – Тәуелсіз директор – Комитет құрамына кірген күні – 15.12.2022 ж.

Комитеттің міндеттері, қызметі, мәжіліс өткізу және шешім қабылдау тәртібі Директорлар кеңесінің 12.02.2021 ж. № 3-0212-05 қаулысымен енгізілген өзгерістерді ескере отырып, бекітілген «Директорлар кеңесі жанындағы Стратегиялық жоспарлау комитеті туралы қағидада» көрсетілген.

Стратегиялық жоспарлау комитетінің Бэк-офисі – Жоспарлау және қаржы орталығы.

Стратегиялық жоспарлау комитеті 2022 жылы 5 мәжіліс өткізді, онда келесі мәселелер қаралды:

- «Банк ЦентрКредит» АҚ қызметінің қаржылық нәтижелері туралы есептер;
- Банктің рентабельділігіне қатысты жағдайға қысқаша талдау;
- «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың даму стратегиясын орындау бойынша есептер.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

76

Директорлар кеңесінің Кредит комитеті

Директорлар кеңесінің Кредит комитеті туралы қағида Директорлар кеңесінің 22.01.2019ж. №3-0122-02 Қаулысымен бекітілді. Кредит комитеті туралы қағидаға енгізілген соңғы өзгерістер Директорлар кеңесінің 14.12.2022 ж. №3-1214-07 Қаулысымен бекітілді.

Комитеттің құрамы:

Комитет Директорлар кеңесі мүшелері мен қажетті және кәсіби білімдері бар сарапшылар қатарынан тұратын 9 мүшеден құралған:

- 1 Аманқұлов Ж.Р. – Директорлар кеңесінің мүшесі, Комитет төрағасы
Ол болмаған кезде Комитет төрағасының орынбасары – Директорлар кеңесінің мүшесі Ли В.С. алмастырады.
- 2 Теңізов Р.Б. – Басқарма төрағасының орынбасары, Тәуекелдерді басқару тобын бағыттайтын Басқарма мүшесі (Вице-президент)
- 3 Шегебаев Н.Ө. – Басқарушы директор, Ірі бизнес блогы
- 4 Нұрмамедов Н.Н. – Дербес қаржыландыру дирекциясының басшысы (Бизнес тобының қарыздары бойынша)
- 5 Мухамеджанов Ж.С. – Кредиттерді басқару тобын бағыттайтын Басқарушы директор (КБТ және «CenterProject» ЖШС мәселелері бойынша, сонымен қатар мүлктің банктің балансына қабылдау мәселесі бойынша проблемалы қарыздар)
- 6 Мұратов Е.М. – Заң орталығының Атқарушы директоры
- 7 Медетов К.А. – Қауіпсіздікті қамтамасыз ету орталығының Атқарушы директоры
- 8 Владимиров Р.В. – Банк Басқармасының төрағасы (Президент) (жалпы берешегі Банктің МК 1 % (бір пайыздан) асатын қарыз алушының қаржылық қиындықтарына байланысты қарызды қайта құрылымдау мәселелері бойынша)
- 9 Друскильдинов Н.Е. – Баланстағы активтерді сату дирекциясының басшысы (Банктің баланстағы мүлкін басқару, соның ішінде қабылдау және іске асыру мәселелері бойынша)

2022 жылы Директорлар кеңесі жанындағы Кредит комитетінің 34 кезекті және 26 кезектен тыс мәжілісі өткізілді, 205 мәселе қаралды



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

77

Директорлар кеңесі жанындағы Кредит комитетінің 01.01.2022 ж. бастап 31.12.2022 ж. дейінгі құрамы

№	Директорлар кеңесі мүшесінің аты-жөні	Лауазымының атауы	ДККК құрамына кірген күн	ДККК құрамынан шыққан күн
1	Аманқұлов Жұмагелді Рақышұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі	22.01.2019 ж.	
2	Ли Владислав Сединович	Директорлар кеңесінің мүшесі	22.01.2019 ж.	
3	Теңізев Рустам Болатқанұлы	Басқарма төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі	05.11.2019 ж.	
4	Ишмұратов Тимур Жақсылықұлы	Басқарма төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі	22.01.2019 ж.	28.10.2022 ж.
5	Шегебаев Нұрлан Өмірбекұлы	Басқарушы директор – Ірі бизнес департаментінің директоры	03.09.2020 ж.	
6	Нұрмамедов Намиг Нұрамызулы	Дербес қаржыландыру дирекциясының басшысы	28.10.2022 ж.	
7	Мұхамеджанов Жанат Серкәлиұлы	Кредиттерді басқару тобын бағыттайтын Басқарушы директор	08.02.2021 ж.	
8	Мұратов Ерлан Мұратұлы	Заң департаментінің директоры	22.01.2019 ж.	
9	Медетов Құдайберген Абдрахманұлы	Қауіпсіздік департаментінің директоры	04.05.2021 ж.	
10	Хұсаинов Ғалым Әбілжанұлы	Банктің Басқарма төрағасы	11.08.2020 ж.	28.10.2022 ж.
11	Владимиров Руслан Владимирович	Басқарма төрағасы (Президент)	28.10.2022 ж.	
12	Друскильдинов Нұрлан Ергалиұлы	Сатылымдар басқармасының бастығы	11.08.2020 ж.	

Тағайындаулар, сыйақы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет

Тағайындаулар мен әлеуметтік мәселелер және сыйақы жөніндегі комитеті туралы қағида Директорлар кеңесінің 01.10.2020ж. № 3-1001-02 қаулысымен бекітілді. Тағайындаулар мен әлеуметтік мәселелер және сыйақы жөніндегі комитеті туралы қағидаға енгізілген өзгерістер Директорлар кеңесінің 14.12.2022ж. №3-1214-09 қаулысымен бекітілді.

Комитет есепті жылы 2 мәжіліс өткізді, онда:

1. «Банк ЦентрКредит» АҚ мүдделер қақтығысын реттеу саясатына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
2. Басқарманың құрамы туралы
3. Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымына үміткерді ұсыну туралы мәселелер қаралды.

2022 жылы Комитет мүшелері Банктің вице-президенттері лауазымдарына кандидаттарды келісу арқылы алдын ала келісу жүргізілді.

Тағайындаулар мен әлеуметтік мәселелер және сыйақы жөніндегі комитеттің 01.01.2022 ж. бастап 31.12.2022 ж. дейінгі құрамы

№	Директорлар кеңесі мүшесінің аты-жөні	Лауазымының атауы	Комитет құрамына кірген күн	Комитет құрамынан шыққан күн
1	Werner Claes	Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор	20.05.2022 ж.	
2	Ли Владислав Сединович	Директорлар кеңесінің мүшесі	18.05.2018 ж.	20.05.2022 ж.
3	Аманқұлов Жұмагелді Рақышұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі	18.05.2018 ж.	20.05.2022 ж.
4	Хұсаинов Ғалым Әбілжанұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі	18.05.2018 ж.	20.05.2022 ж.
5	Байсейитов Бақытбек Рымбекұлы	Директорлар кеңесінің төрағасы	20.05.2022 ж.	
6	Сайденов Анвар Галимуллаевич	Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор	20.05.2022 ж.	

БАСҚАРМА

78

Есепті жылы Банк Басқармасы қатысу тәртібімен 106 мәжіліс өткізді, онда басқарушылық есептілікке, бизнесті дамыту мен қолдауға, банк қызметінің процедуралық мәселелеріне қатысты мәселелерді қоса алғанда, Банктің негізгі қызметі бойынша 794 мәселе қаралды, комитеттер мен комиссиялардың шешімдері және басқалар бекітілді.



01.01.2022ж. бастап 31.12.2022ж. дейінгі кезеңдегі Басқарманың құрамы

№	Басқарма мүшесінің аты-жөні	Басқарма төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі лауазымында Басқарманың құрамына кірген күні	Басқарма құрамынан шыққан күні	Сайлау туралы шешімнің нөмірі мен күні	Өкілеттіктерді мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешімнің нөмірі мен күні
1	Хұсайнов Ғалым Әбілжанұлы	23.09.2017 ж. бастап Басқарма төрағасы	22.10.2022 ж.	Директорлар кеңесі мәжілісінің 22.09.2017 жылғы хаттамасы	Директорлар кеңесінің 22.10.2022 жылғы №3-1022-01 қаулысы
2	Владимиров Руслан Владимирович	25.06.2018 ж. 22.10.2022 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін Басқарма төрағасы	13.05.2022 ж.	Директорлар кеңесінің 25.06.2018 жылғы №162 қаулысы Директорлар кеңесінің 22.10.2022 жылғы №3-1022-01 қаулысы	Директорлар кеңесінің 19.05.2022 жылғы №3-0519-01 қаулысы
3	Асылбек Ержан Асылбек Ұлы	25.06.2018 ж.	13.05.2022 ж.	Директорлар кеңесінің 25.06.2018 жылғы №162 қаулысы	Директорлар кеңесінің 19.05.2022 жылғы №3-0519-01 қаулысы
4	Ишмұратов Тимур Жақсылықұлы	25.06.2018 ж.	22.10.2022 ж.	Директорлар кеңесінің 25.06.2018 жылғы №162 қаулысы	Директорлар кеңесінің 22.10.2022 жылғы №3-1022-01 қаулысы
5	Кенжеханов Марат Төлеуғазыұлы	22.10.2022 ж.		Директорлар кеңесінің 22.10.2022 жылғы №3-1022-01 қаулысы	
6	Теңізев Рустам Болатқанұлы	22.10.2022 ж.		Директорлар кеңесінің 22.10.2022 жылғы №3-1022-01 қаулысы	
7	Шегебаев Нурлан Өмірбекұлы	15.12.2022 ж.		Директорлар кеңесі мәжілісінің 15.12.2012 жылғы хаттамасы	

АКЦИОНЕРЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ ДИВИДЕНДТІК САЯСАТ

79

2023 жылғы 1 қаңтардағы жай-күйі бойынша орналастырылған жай акциялардың саны 188 029 035* дананы, артықшылықты акциялар 39 249 255* дананы құрады (оның ішінде Банк сатып алған артықшылықты акциялар саны 38 953 841*), жарғылық капитал 65 842** млн теңге сомасында төленген.


2023 жылғы 1 қаңтардағы жай-күйі бойынша орналастырылған акциялардың кемінде 5,0% (Банк сатып алғандарды қоспағанда) иеленетін акционерлердің құрамы төмендегідей

*Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ ұсынған бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімі деректеріне сәйкес

**"Банк ЦентрКредит» АҚ жеке қаржылық есептілігіне сәйкес

№	Акционердің аты-жөні/атауы	Бағалы қағаздардың түрі	Жалпы саны	Бағалы қағаздарды ұстаушыға тиесілі бағалы қағаздар санының эмитенттің бағалы қағаздарының санына қатынасы	
				Орналастырылған, %	Дауыс беруші, %
1	Байсейітов Бақытбек Рымбекұлы	жай акциялар артықшылықты акциялар	91 146 273 20 278	48,47 6,86	49,04 -
2	Ли Владислав Седюнович	жай акциялар артықшылықты акциялар	20 984 491 0	11,16 -	11,29 -

Дауыс беруші акциялар бойынша пайыз "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы №415-II заңының 1-бабының 8-тармағына сәйкес есептеледі.



Дивидендтік саясат

Акционерлердің дивиденд алу бойынша құқықтары және оларды төлеу процедурасы Банктың Директорлар кеңесінің қаулысымен бекітілген Банк Жарғысында белгіленген.

Дивидендтік саясат дивидендтік төлемдердің мөлшерін белгілеген, Банктың инвестициялық тартымдылығын, қаржылық орнықтылығын, капиталдандырылуы мен өтімділігін арттырған, салынған капиталдың нарықтық кірістілігін қамтамасыз еткен кезде, «Банк ЦентрКредит» АҚ пен оның акционерлері мүдделерінің теңгеріміне, акционерлердің құқықтарын құрметтеуге және қатаң сақтауға және олардың әл-ауқатын арттыруға негізделеді.

Акциялар бойынша дивиденд төлеу және жылдың қорытындысына сәйкес бір жай акция бойынша есептелетін дивидендтің мөлшерін бекіту туралы шешім қабылдау «Банк ЦентрКредит» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының құзыретіне жатады.

Артықшылықты акциялар бойынша «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Жарғысына және акциялар шығару проспектісіне сәйкес дивидендтің кепілдік берілген мөлшері белгіленді. Ол жылдық 12% бастап 14% дейінгі шекті шектеулерімен жылдық 3,5% қосқандағы Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің базалық мөлшерлемесі ретінде есептеледі. Жоғарыда айтылғандардың негізінде артықшылықты акцияларды ұстаушыларға 2022 жылы бір акция үшін 42,00 теңге мөлшерінде кепілдік берілген сыйақы төленді.

АКЦИОНЕРЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ ДИВИДЕНДТІК САЯСАТ

80

Банктің дивиденд төлеу бойынша шығыстары

Атауы	2022 ж.	2021 ж.	2020 ж.	2019 ж.	2018 ж.
Артықшылықты акциялар бойынша, мың теңге	12 397	11 676	10 992	11 207	3
Жай акциялар бойынша, мың теңге	-	-	-	-	-
Барлығы	12 397	11 676	10 992	11 207	3

2018 ж. бастап 2022 ж. дейін дивидендтердің ұлғаюы 2019 жылға дейінгі кезеңде «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Жарғысына және акциялар шығару проспектісіне сәйкес дивиденд бір артықшылықты акция үшін 0,01 теңге мөлшерінде төленуіне байланысты болған.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке сәйкес 2022 жылы бір акция бойынша түскен пайда 791,34 теңгені құрады.

«Қазақстан Қор биржасы» АҚ-тың деректеріне сәйкес 31.12.2022ж. жай-күйі бойынша «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың бір жай акциясының нарықтық құны (ҰСН KZIC36280010) 640 теңгені құрады.



ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

81

Ішкі аудит қызметі (бұдан әрі – ІАҚ) Банктің Директорлар кеңесінің алға қойған мақсаттарға қол жеткізуіне, Банк қызметінің тиімділігі мен нәтижелілігін қамтамасыз етуге көмектесу үшін құрылған және ол өз қызметін тәуелсіздік, әділдік, кәсіби біліктілік, кәсіби этика принциптерін сақтай отырып жүзеге асырады.

ІАҚ тәуекелге бағдарланған тәсіл негізінде ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару жүйесін бағалауды жүргізеді және бизнес-процестерге тән тәуекелдер деңгейіне негізделеді.

ІАҚ өз жұмысында ішкі аудиттің кәсіби тәжірибесінің халықаралық негіздерін қолданады.

Банк өз кезегінде ІАҚ өз функцияларын кедергісіз және тиімді жүзеге асыруы үшін барлық жағдайларды жасайды.

ІАҚ Банктің тәуелсіз құрылымдық бөлімшесі болып табылады. Ол Аудит комитетіне және Директорлар кеңесіне есеп береді.

2022 жылы Аудит комитеті төрт мәжіліс өткізді, 13 мәселені қарады, олардың ішінде:

Есептерді қарастыру бойынша **6 мәселе:**

Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің қолданылуының тиімділігі бойынша жүргізілген аудиттің нәтижелері мен ұсынымдарын қамтитын ІАҚ қызметі (тоқсандық және жылдық);

Банктің жылдық қаржылық есептілігі (KPMG).

2023 жылы ішкі аудиттің жоспарын қарау бойынша **1 мәселе;**

Банктің сыртқы аудит қызметіне байланысты **1 мәселе** (KPMG жоспарлау тұсаукесері);

ІАҚ ағымдағы қызметі бойынша **5 мәселе** (ІНҚ енгізілген өзгерістерді бекіту, ІАҚ КРІ және басқалар).

ІАҚ Банк қызметінің барлық бағыттары бойынша тексерулер жүргізеді, анықталған тәуекелдердің деңгейін төмендетуді қамтамасыз ететін Басқарма қабылдаған шаралардың тиімділігіне бақылау жасайды. ІАҚ басшысы Аудит комитетіне және Директорлар кеңесіне Ішкі аудиттің жылдық жоспарының орындалуы туралы және сәйкес есепті кезеңдердегі Банктің тексерулерінің нәтижелері туралы Қызметтің есептерін беріп отырады.

2022 жылға арналған ішкі аудиттің жылдық жоспарында қарастырылған аудиторлық тапсырмалар толық көлемде орындалды, бұдан басқа Банк басшылығының тапсырмасы бойынша жоспардан тыс жұмыстар жүзеге асырылды.

Жүргізілген барлық тексерулердің нәтижелері Банктің және филиалдардың басшыларына хабарланды, ұсынымдардың орындалуын ІАҚ бақылап отырады.

Қызмет басшысы ІАҚ қызметіне байланысты маңызды әрі шұғыл мәселелерді Банктің басшылығымен жүйелі түрде талқылап отырады.

ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

82

2022 жылы ІАҚ:

- барлығы Банктің және еншілес ұйымның 50 процесі тексерілді (процестердің IT-аудитін және жоспардан тыс жұмыстарды қосқанда);
- үздіксіз аудит үшін екі пилоттық жоба құрылып, іске асырылуда;
- ішкі аудит қызметіндегі әдіснама мен тәжірибені жетілдіру аясында Аудит комитет туралы қағида мен ІАҚ туралы қағида жаңа нұсқада қайта қаралды және бекітілді;
- сыни деңгей бойынша саралау әдісін қолдана отырып, Банктің процестері бойынша тән тәуекелдер факторларының негізінде Тәуекелдер матрицасы (филиалдар бойынша қосымша) пысықталды және енгізілді;
- мониторингті автоматтандыру жетілдірілуде;
- ІАҚ қызметкерлері 8 оқыту курсына қатысты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін үнемі зерделеу жүргізіледі.

ІАҚ 2023 жылға арналған мақсаттары мен міндеттері:

- 2023 жылға арналған ішкі аудит жоспарының орындалуын қамтамасыз ету;
- Банкте ішкі аудиттің сапасын арттыру (сертификаттар алуды қоса алғанда);
- ІАҚ жетілдіру мақсатында:
 - үздіксіз аудит технологияларын жетілдіру және жаңарту (Continuous Audit);
 - іс-шаралар жоспарларының орындалуына автоматты мониторинг жүргізу жүйесін пысықтау;
- ІАҚ ІНҚ пысықтау және жетілдіру.

КОМПЛАЕНС-ТӘУЕКЕЛДІ БАСҚАРУ

83

Банктің Директорлар кеңесі Банкте комплаенс-бақылау бөлімшесін (Комплаенс қызметі) құру арқылы Банктің комплаенс-тәуекелді басқару процедурасын бақылайды, Бас комплаенс-бақылаушыны тағайындайды және лауазымнан босатады, комплаенс-тәуекелді басқару саясатын бекітеді.

Тәуекелдерді басқару мәселелері жөніндегі комитет Директорлар кеңесінің бекітуіне жататын және комплаенс-тәуекелді басқарудың негізгі принциптерін, оның ішінде Банк құрылымының барлық деңгейлерінде комплаенс-тәуекел анықталатын және басқарылатын банкте комплаенс-мәдениетті құру принциптерін қамтитын комплаенс-тәуекелді басқару саясатын әзірлеуге жауап береді.

Комплаенс-бақылау жөніндегі бөлімше Қазақстан Республикасы заңнамасының (оның ішінде банк қызметіне ықпал ететін шет мемлекеттердің заңнамасының, сондай-ақ банктің қаржы нарығында қызметтер көрсету және операциялар жүргізу тәртібін регламенттейтін Банктің ішкі құжаттарының) талаптарын сақтау үшін процедураларды ұйымдастырады және Банктің Директорлар кеңесіне комплаенс-тәуекелдің болуы туралы толық және анық ақпарат береді.

Бас комплаенс-бақылаушы мен Директорлар кеңесі және (немесе) Банктің тәуекелдерді басқару мәселелері жөніндегі комитеті арасындағы өзара байланыс тұрақты негізде жүзеге асырылады.

Банкте комплаенс-тәуекелді басқару процедуралары төмендегілерді қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:

- 1 ішкі құжаттар әзірлеу арқылы комплаенс-тәуекелді, оның ішінде КЖ/ТҚ тәуекелдерін басқару мәселелері бойынша Банк жұмыскерлеріне арналған ішкі басшылық құжаттарды (нұсқаулықтарды) әзірлеу
- 2 Банктің және Банк жұмыскерлерінің комплаенс-тәуекелді басқару саясаттары мен процедураларын сақтауына, соның ішінде қызметкерлерді оқыту арқылы мониторинг жүргізу;
- 3 комплаенс-тәуекел оқиғалары туралы деректерді жинау;
- 4 комплаенс-тәуекелдің болуына қатысты, соның ішінде Бас комплаенс бақылаушының ҚР заңнамасының, Банктің ішкі нормативтік құжаттары мен жүріп-тұрудың этикалық нормаларының бұзылу фактісі туралы хабарлама алуы арқылы клиенттердің атынан түскен шағымдарға (өтініштерге) талдау жасау;

5 Банктің комплаенс-тәуекелге ұшырағыштық дәрежесін сипаттайтын сандық және сапалық көрсеткіштерді әзірлеу және талдау;

6 өз бетінше немесе Банктің құрылымдық бөлімшелерімен және (немесе) лауазымдық тұлғаларымен бірге Банктің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіп бойынша Банк қызметкерлерінің Қазақстан Республикасы заңнамасын бұзу фактілеріне тергеу (тексеру) жүргізу;

7 Банктің нақты операциясының (мәмілесінің) немесе оның бір бөлігінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігіне қатысты сауалдар бойынша консультациялар беру;

8 Банкте мүдделер қақтығысын анықтау, бағалау және бақылау жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыруды қамтамасыз ету;

9 комплаенс-тәуекел бойынша есептілік жүйесін әзірлеу және жүргізу және мерзімді негізде Банктің 89 комплаенс-тәуекелін басқару мәселелері бойынша ақпаратты Банктің Директорлар кеңесіне/Тәуекелдерді басқару мәселелері жөніндегі комитетке ұсыну.

КОМПЛАЕНС-ТӘУЕКЕЛДІ БАСҚАРУ

84

Комплаенс-бақылау бөлімшесі Банктің басқа құрылымдық бөлімшелерінің қандай да бір қызметіне тәуелсіз құрылымдық бөлімше болып табылады.

Комплаенс-бақылау бөлімшесі өз құзыреті аясында мүдделі тараптармен – «реттеуші органмен» бірлесіп әрекет етуді жүзеге асырады.

Реттеуші органдармен бірлесіп әрекет ету тәртібін Банктің уәкілетті органдары бекіткен Банктің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес комплаенс-бақылау жөніндегі бөлімше жүзеге асырады.

Реттеуші органдардың барлық сауалдары мен хабарламалары Банкке кіретін құжаттама ретінде келіп түскен күні міндетті түрде тіркелуге тиіс.

Берілген жауаптың және қосымшалардың толықтығы, мазмұны, сондай-ақ реттеуші органдардың келіп түскен сұрауларына/хабарламаларына жауапты уақтылы ұсыну үшін жауапкершілік жауапты құрылымдық бөлімшенің қызметкеріне және оның басшысына, сондай-ақ сауал/хабарлама тақырыбына сәйкес қарамағында тиісті ақпарат пен мәліметтер бар бизнес процеске жетекшілік ететін БО құрылымдық бөлімшелеріне жүктеледі.

Реттеуші органдардың сауалының/хабарламасының орындалуын бақылау үшін жауапкершілік БО/Филиалдың құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына жүктеледі.

Банкке қатысты қолданылатын реттеуші органдардың қадағалау ден қою шаралары және/немесе санкциялары реттеуші органның ашық ресми интернет көздерінде орналастырылады.

БАНКТИҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖӘНЕ БАСҚАРМАСЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІНЕ 2022 ЖЫЛЫ ТӨЛЕНГЕН СЫЙАҚЫ МӨЛШЕРІ МЕН ҚҰРАМЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

85

Директорлар кеңесінің және Банк Басқармасының мүшелеріне сыйақы «Банк ЦентрКредит» АҚ Директорлар кеңесінің 21.01.2019 жылғы № 3-0121-02 қаулысымен бекітілген «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың басқарушы жұмыскерлеріне және «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Директорлар кеңесіне есеп беретін тұлғаларға еңбекақы төлеу, ақшалай сыйақы, сондай-ақ материалдық ынталандырудың басқа да түрлерін есептеу жөніндегі саясатқа сәйкес төленеді.

1. Банктің Директорлар кеңесі мүшелерінің 2022 жылғы қаржы жылына белгіленген сыйақысының мөлшері Банктің жалақы қорының 5 %-нан аспайды және 0,7%-ды құрайды.

2. Директорлар кеңесінің және Басқарманың мүшелеріне келесі сыйақы түрлері белгіленген:

- Директорлар кеңесінің мүшелеріне – қызметінің жеке көрсеткіштері үшін ай сайынғы сыйақы;
- Басқарма мүшелеріне – кепілдік берілген лауазымдық айлық жыл бойынша жұмысының қорытындысы үшін сыйақы.

3. Директорлар кеңесі және Басқарма мүшелерінің 2022 жыл бойынша сыйақысының жалпы мөлшері 639,8 млн теңгені немесе Банктің жалақы қорының 2,6% құрады.

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың басшы қызметкерлерінің жұмыс сапасын белгілейтін критерийлер:

- Жылдық қаржы көрсеткіштерін орындау;
- Банктің таза кіріс алуы.

ТИІМДІ КОМАНДА



САНЫ МЕН ЕТҚ


87

Штаттық және нақты саны

2022 жылғы мамыр-қыркүйек кезеңінде екі банктің қызметкерлерінің толық интеграциясы жүргізілді: ЕСВ ЦКБ-ге қосылды. 2022 жылы банк бойынша жалпы қызметкерлердің штаттық саны 3300 бірлікке, ал нақты саны 2211 адамға артты. Орташа алғанда, штат бірліктерінің шамамен 20% бір жыл ішінде толтырылмай қалды (бос орындар). 2022 жылдың қорытындысы бойынша, оның ішінде екі банктің интеграциясы нәтижесінде БО-дағы қызметкерлер санының 76%-ға өсуі байқалады. Бөлімшелердегі қызметкерлердің нақты саны жыл ішінде 52%-ға өсті.



Штаттық және нақты санының динамикасы



САНЫ МЕН ЕТҚ

88 БО-дағы қызметкерлердің нақты санының өзгеруі, %

Куратор	31.01.2022	31.12.2022	өзгерістер, %-бен
Бизнес тобы	491	1 117	127%
Кредиттерді басқару тобы	255	375	47%
Тәуекелдерді басқару тобы	177	221	25%
Қаржы тобы	117	126	8%
Қызметті қолдау тобы	166	295	78%
Дамыту тобы	454	824	81%
ДКТ және БТ қоластындағы бөлімшелер	291	472	62%
БО бойынша барлығы	1 951	3 430	76%

Қала	31.01.2022	31.12.2022	Өзгерістер, %-бен
Ақтау	54	68	26%
Ақтөбе	59	98	66%
Алматы	295	449	52%
Атырау	56	89	59%
Жезқазған	27	35	30%
Қарағанды	91	129	42%
Көкшетау	36	62	72%
Қостанай	53	84	58%
Қонаев	-	69	-
Қызылорда	61	85	39%
Астана	152	259	70%
Павлодар	47	83	77%
Петропавл	33	53	61%
Семей	63	80	27%
Талдықорған	100	59	-41%
Тараз	49	77	57%
Түркістан	32	40	25%
Орал	71	112	58%
Өскемен	86	136	58%
Шымкент	79	132	67%
Барлығы	1 444	2 199	52%

ЕТҚ

89


2022 жылғы мамыр-қыркүйек кезеңінде екі банктің қызметкерлерінің толық интеграциясы жүргізілді: ЕСВ ЦКБ-ге қосылды. ЕТҚ-ның тұрақты бөлігі 2021 жылмен салыстырғанда 46,7%-ға (8 000 161 мың теңге), ал ауыспалы бөлігі 136,1%-ға (5 319 972 мың теңге) өсті. Сондай-ақ қызметкерлердің 2022 жылғы табысының ауыспалы бөлігінің үлесі 8,3 п.-ға өскенін атап өткен жөн, бұл сөзсіз оң көрсеткіш болып табылады, өйткені сыйлықақы қызметкерлерді мақсаттар мен нәтижелерге қол жеткізуге тікелей ынталандырады.

Кестеден айдан айға дейінгі төлемдер көлемінің ауытқуы көбінесе кірістің ауыспалы бөлігінің өзгеруіне байланысты болатынын көруге болады, олар жұмыс нәтижелерін бағалау цикліне және интеграция нәтижелері бойынша сыйлықақыларды төлеуге, сондай-ақ тоқсан сайынғы және ай сайынғы төлемдер мен сыйлықақыларды төлеуге байланысты.

ЕТҚ динамикасы: тұрақты және ауыспалы бөлігі

	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл
ЕТҚ тұрақты бөлігі, мың тг	12 458 177	14 448 016	17 129 298	25 129 459
ЕТҚ ауыспалы бөлігі, мың тг	3 096 628	2 317 164	3 910 012	9 229 984
Үлес салмағы, %				
ЕТҚ тұрақты бөлігі	80,1%	86,2%	81,4%	73,1%
ЕТҚ ауыспалы бөлігі	19,9%	13,8%	18,6%	26,9%

ЕТҚ динамикасы: тұрақты және ауыспалы бөлігі



БАҒАЛАУ ЖӘНЕ СЫЙЛЫҚАҚЫ ТӨЛЕУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

90

2022 жыл ішінде банкте бағалау және сыйлықақы беру бағдарламаларында 4 негізгі тәсіл іске асырылды:

1

Нормативтер/Көрсеткіштердің бірыңғай жүйесі

Фронт-офис бөлімшелерінің басшылары үшін негізгі басым мақсатты бағдарларды ескере отырып, сандық көрсеткіштермен және көрсеткіштердің бірыңғай жүйесімен өлшенетін нормаланатын операциялар бойынша сыйлықақы беру.

2

Жобалық сыйлықақы

Стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу үшін Банктің бизнесін трансформациялау, өнімдердегі, процестердегі, технологиялардағы өзгерістер аясында жоспардан тыс жобаларды/жобалық міндеттерді іске асыру нәтижелері бойынша сыйлықақы беру.

3

Мақсаттар картасы

Жоғары тұрған басшы белгілеген және қызметкер қабылдаған белгілі бір кезеңге (тоқсаннан бір жылға дейін) мақсаттарға қол жеткізуді белгілеу және бағалау аясында сыйлықақы беру.

4

SLA

Қолдау бөлімшелерінің (бэк-офис) сервис деңгейі туралы келісімдерді орындау нәтижелері бойынша сыйлықақы беру.



ТҰРАҚСЫЗДЫҚ, РЕКРУТМЕНТ ЖӘНЕ БЕЙІМДЕУ

91

2022 жылдың қорытындысы бойынша қызметкерлердің жалпы тұрақсыздығы 2021 жылмен салыстырғанда банкте 1 п., оның ішінде филиалдық желіде 2,29 п., Бас офисте 1,34 п. төмендегені байқалады. «2022 жылы тұрақсыздықты азайту» көрсеткіші іс жүзінде барлық басшылардың мақсаттар карталарында түпкілікті мақсат болды.

Жалпы тұрақсыздық = Көрсеткіш компаниядан өз бастамасымен де, компанияның бастамасы бойынша да компаниядан кеткен қызметкерлердің салыстырмалы үлесін көрсетеді.

Мәжбүрлі емес тұрақсыздық = Көрсеткіш өткен кезеңде компаниядан өз бастамасымен кеткен қызметкерлердің салыстырмалы үлесін көрсетеді. Көрсеткіштің жоғары мәндері компанияның еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігінің төмендігіне және қызметкерлерді компанияда ұстай алмауына, қолданыстағы іріктеу және оқыту процедураларының төмен сапасына, сондай-ақ компания жүргізетін қызметкерлерді қысқартуға байланысты болуы мүмкін.

Мәжбүрлі айналым = Көрсеткіш компанияның бастамасы бойынша есепті кезеңде компаниядан кеткен қызметкерлердің үлесін көрсетеді. Көрсеткіштің жоғары мәндері компания жүргізетін қызметкерлерді қысқартуға, бизнес-процестердің өзгеруіне, жұмыстарды автоматтандыруға немесе саны аз болған кезде біліктілігі жоғары қызметкерлерді тартуға байланысты болуы мүмкін.

Тараптарға байланысты емес себептер бойынша тұрақсыздық = Көрсеткіш шарасыз және компанияға байланысты емес себептер бойынша есепті кезеңде компаниядан кеткен қызметкерлердің үлесін көрсетеді. Бұл көрсеткіш тек қызметкерлердің жеке өміріне байланысты және компания тарапынан түзетілмейді, көрсеткіштердің жалпы тұрақсыздығының құрамдас бөлігі ретінде талдау үшін қажет.



Қызметкерлерді жалпы тұрақсыздығы

	2021жыл	2022жыл	Өзгерістері, п.п.
БО	39,2%	37,9%	-1,34
ФЖ	43,1%	40,9%	-2,29
Банк бойынша барлығы	41,6%	39,5%	-2,10

Тараптарға байланысты емес себептер бойынша тұрақсыздық

	2021жыл	2022жыл	Өзгерістері, п.п.
БО	0,5%	0,3%	-0,22
ФЖ	0,4%	0,5%	0,12
Банк бойынша барлығы	0,4%	0,4%	-0,03

Қызметкерлерді мәжбүрлі емес тұрақсыздығы

	2021жыл	2022жыл	Өзгерістері, п.п.
БО	34,5%	36,4%	1,85
ФЖ	41,8%	39,7%	-2,06
Банк бойынша барлығы	38,9%	38,2%	-0,71

Қызметкерлерді мәжбүрлі тұрақсыздығы

	2021жыл	2022жыл	Өзгерістері, п.п.
БО	4,2%	1,2%	-2,97
ФЖ	0,9%	0,6%	-0,35
Банк бойынша барлығы	2,2%	0,9%	-1,36

ТҰРАҚСЫЗДЫҚ, РЕКРУТМЕНТ ЖӘНЕ БЕЙІМДЕУ

92


2022 жылдың қорытындысы бойынша негізгі қызметкерлердің тұрақсыздығы 6,3%-ды құрады. 2022 жылы сынақ мерзіміндегі тұрақсыздық БО қызметкерлері арасында 16%-ды және филиалдық желі қызметкерлері арасында 18%-ды құрады, бұл ретте 2021 жылмен салыстырғанда төмендеді.

Негізгі қызметкерлердің тұрақсыздығы

Негізгі қызметкерлердің тұрақсыздығы = Жұмыстан шығарылған негізгі қызметкерлер саны / Негізгі қызметкерлер саны

6,3% 2022 ж. негізгі қызметкерлердің тұрақсыздығы

16 2022 ж. жұмыстан шығарылған негізгі қызметкерлер



1

2022 жылы Қызметкерлерді іріктеу және бейімдеу дирекциясы «Есо Center Bank» АҚ-тан қызметкерлерді интеграциялау бойынша үлкен жұмыс жүргізді. «Банк Центр Кредит» АҚ-қа ауысқан кезде, шамамен 1926 адам кәсіби бағдар бойынша сұхбаттан өтті.

2

Банктің барлық негізгі бөлімшелерімен бос жұмыс орындарын толтыру бойынша SLA мерзімдері бекітілді:

- Жаппай позициялар – 30 жұмыс күні;
- Сараптамалық позициялар – 60 жұмыс күні

3

Дирекцияның Help Desk платформасынан Service Desk инновациялық бағдарламасына ауқымды көшуі жүргізілді.

4

HRBOT платформасы арқылы сыртқы клиенттермен автоматты коммуникацияны енгізу бойынша жұмыс басталды.

ОҚЫТУ ЖӘНЕ ДАМУ

93

2022 жылдың негізгі мақсаты – қызметкерге оқытудың ең түсінікті және тиімді құралын беру және оны процеске тарту. Жоспарлағандай, біз міндетті оқыту бойынша сұраныстарды жүзеге асырып, жеке курстарды әзірлеп қана қоймай, оларды оқу бағдарламаларына біріктіру міндеттерін алдыға қойдық.

Қашықтан оқыту

Қашықтықтан оқыту форматын дамыту оқу шекарасын кеңейтуге және тренер жалдамай-ақ, банктің барлық қызметкерлеріне online курс тағайындауға мүмкіндік береді, бұл бюджетті айтарлықтай үнемдейді. 2022 жылы Банктің өнімдері мен жүйелері бойынша 45 online курс, сондай-ақ міндетті оқыту курстары әзірленіп, енгізілді. Бұл ретте NPS 91,6% құрады.

Міндетті оқыту курстарының тізімі:

- Қаржылық тәртіпті күзету
- Банкпен айрықша қатынастағы тұлғалармен жасалатын мәмілелер
- Операциялық тәуекелдерді басқару
- Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету негіздері
- Қызметтің үздіксіздігін басқару
- Офистегі еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау (ОЕҚЖЕҚ)
- Әлеуметтік инженерия әдістері және олардан қорғау тәсілдері
- Ішкі бақылау және Комплаенс тәуекелін басқару туралы
- Корпоративтік этика кодексі



Сыртқы оқыту

2022 жылдың екінші жартысында сыртқы оқыту face-to-face форматына оралды және сыртқы оқытудан өткен қызметкерлер саны айтарлықтай өсті. Оқытуға 70 өтінім іске асырылды, 220 қызметкер сыртқы контрагенттерде оқудан өтті.

Біз I Teach Me қоғамдық қорымен ынтымақтастықты жалғастырамыз

Біздің мақсатымыз – мүмкіндігі шектеулі қызметкерлер үшін тең құқықты қолжетімді жұмыс ортасын құру.

Қор мүгедек адамдардың құқықтары мен мүдделерін қолдауға, ілгерілетуге және қорғауға бағытталған. Бұл ынтымақтастықтың мақсаты мүгедек адамдарды әлеуметтендіру болып табылады. Оқу арқылы олардың өмір сүру сапасын арттыру, тағылымдамадан өтуге және жұмысқа орналасуға жәрдемдесу.

2022 жылы біз OrleTech бағдарламасына қатысушыларды тестілеушілер және web-шеберлер мамандықтары бойынша оқытуға қатыстық.

2023 жылы марапаттау рәсімінде кем дегенде 4 тестілеушіні жобалық жұмысқа қабылдауды жоспарлап отырмыз.

ОҚЫТУ ЖӘНЕ ДАМУ

94

Жаңа мамандарға арналған BCC start онлайн платформасы

Платформа жаппай кәсіп мамандарына арналған кіріспе оқыту бағдарламаларын қамтиды. Мамандар интерактивті курстарды, нұсқаулықтарды өз бетінше оқиды, тренажерлардан өтеді және офлайн форматта басшымен және тәлімгермен бірлесіп әрекет етеді.

2022 жылы фронт-офистің барлық жаппай мамандықтары қамтылды – бұл 13 мамандық:

- Филиалдың бөлшек бизнес жөніндегі орынбасары
- Кассир
- Бөлімше директоры
- Клиенттерге қызмет көрсету бойынша маман
- Ипотека бойынша маман
- Корпоративтік клиенттерге қызмет көрсету бойынша менеджер
- RM (Relationship manager)
- Клиент-менеджер
- Дербес менеджер
- Автокредит беру бойынша маман
- Кредиттеуден кейін қызмет көрсету бойынша менеджер
- Жылжымайтын мүлік бойынша маман
- Кредит әкімгері

Біз бүкілресейлік HR IMPACT 2022 премиясының жеңімпазы атандық!

Премия тапсыру Мәскеуде өтті және заманауи HR стратегиялары мен құралдарын қолданатын ең өзекті жобаларды ынталандырады. Мәлімделген жобалар кәсіби сарапшылардың – қазылар алқасының мүшелерінің бағасын алды. Біз «NTELLECT & CREATIVITY» номинациясы бойынша қолжетімді құралдармен жүзеге асырылған ең үздік HR-идея – «BCC миссиясы бізді біріктіреді» жобасын ұсындық.

HR байланысын дамытамыз

Ішкі коммуникациялар

hr@bcc.kz пошта жәшігі арқылы қызметкерлерге өзгерістер мен шектеулер туралы хабарлаймыз, Интеграция кезінде ақпараттық қолдау көрсеттік (bccinfo ақпараттық ресурсын құру, талаптарды көрсете отырып, қабылдау бойынша нақты коммуникациялар).

Қызметкерлер келесі хабарламаларды алады: Welcome-letter, туған күнімен, жаңа жылмен құттықтау және т.б.

2022 жылғы 10 балдық шкала бойынша HR-коммуникациялардың орташа бағасы – **9,76**

Сыртқы байланыс

Instagram, facebook, linkedin сияқты құралдарды пайдалана отырып, қызметкерлердің оқиғаларын, сұхбаттарын, үздік тәжірибелерін жариялаймыз, Банктің "ішкі асханасы" туралы әңгімелейміз, бос жұмыс орындары мен алғыс жариялаймыз, Банктегі оқу туралы жазамыз.

2022 жылдың соңында жазылушылар саны **24 477-ге** жетті

Entreach (EngagementRate Reach) – реакциялар санының посттарды қамтудың орташа санына қатынасы – **8,83**

ОҚЫТУ ЖӘНЕ ДАМУ

95

Жаңа байланыс арнасын енгіздік

Рубрикалары бар жабық ішкі BBC team Telegram арнасы:

ПП айдың ұсынысы, филиал байланыста, команда туралы, ECO, кітап клубы, конкурстар, ВСС оқиғалары және т.б.

Спорт пен ЭКО-ға бейімділікпен корпоративтік іс-шараларды ұйымдастырамыз.


2022 жылы футбол турнирі – ВСС Cup өтті, ол 20 Бас офистің 20 командасын, Банк филиалдарының 18 командасын, Қолдау тобының 15 командасын біріктірді.

ВСС EXPERT ішкі жобасы іске қосылды,

ол қызметкерлерге өз саласының сарапшылары ретінде сөз сөйлеуге, тәжірибелік кеңестер беруге және ВСС командасының әрбір мүшесіне пайда әкелуге мүмкіндік береді.

Корпоративтік online белсенділіктер

2022 жылы Жаңа жылға және Банктің туған күніне және геймофикация форматында екі интерактивті құттықтау жүзеге асырылды. Банк қызметкерлері online квесттен өтті. Жеңімпаздар жүлделер алды.



2023 жылға арналған стратегиялық басымдықтар:



Функционалдық жаттықтырушылықты дамыту, бұл ішкі сарапшыларға өз тәжірибелерімен бөлісуге және жаңа қызметкерлерді оқытуға мүмкіндік береді



Ашық it бос жұмыс орындарын жабуға және ішкі мамандарды өсіруге мүмкіндік беретін IT мектебін құру




WebSoft жүйесін енгізу арқылы оқыту процестерін, ішкі коммуникацияларды және іс-шараларды автоматтандыру

ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ


96

2022 жылы құрылымдық бөлімшелер мен лауазымдардың келесі иерархиясы бойынша жұмыс жалғасты:



Дирекциядағы/бағыттағы лауазымдар иерархиясы:

Сарапшы/Аға сарапшы




Бөлімшеде бөлімше қызметкерлері үшін мансап сатысын сақтау маңызды: қызметкерлердің мансаптық өсу мүмкіндіктерін қамтамасыз ету үшін лауазымдардың ең аз дегенде 2 деңгейін енгізу ұсынылады..

Құрылатын бөлімшенің түрі мен деңгейі факторларға байланысты болуы мүмкін: бөлімшенің жалпы функционалы, Топтың және/немесе Блоктың нәтижесіне әсер ету ауқымы, жеке бюджеттің болуы (кіріс немесе шығыс бөлігі), бір басшының қолдастындағы қызметкерлер саны, факторларды салыстыру – жауапкершілік, басқарушылық және алынған нәтижелердің болжамдығы.

2022 жылғы желтоқсанда Банктің жаңа ұйымдық құрылымы бекітілді.

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АҚ-ТЫҢ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

97



ESG



ESG

99

Қазіргі уақытта әлемдік және қазақстандық нарықта ESG-факторлар банк секторы мен қаржы нарығын дамыту үшін барған сайын маңызды бола түсуде.

ESG факторларына қатысты банктік реттеу дамып, бизнес үшін мүмкіндіктер туғызады.

ESG

(Environmental, Social, and Corporate Governance) – бұл ұйымды экологиялық, әлеуметтік және басқару мәселелерін шешуге тартуға қол жеткізілетін ұйымды басқару сипаттамаларының жиынтығы.



ENVIRONMENT



SOCIAL



GOVERNMENT

Keң мағынада бұл келесі принциптерге негізделген коммерциялық қызметтің тұрақты дамуы:

E – қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау

Банк қоршаған ортаға қаншалықты қамқорлық жасайды және экологияға келтірілген зиянды қалай азайтуға тырысады.

S – әлеуметтік жауапкершілік

Банктің қызметкерлерге, жеткізушілерге, клиенттерге, серіктестерге және тұтынушыларға қарым-қатынасы. Стандарттарға сай болу үшін Банк еңбек жағдайларының сапасымен жұмыс істеуі, гендерлік балансты бақылауы немесе әлеуметтік жобаларға инвестиция жасауы қажет

G – корпоративтік басқару сапасы

Басқару сапасы: есептіліктің ашықтығы, офистердегі салауатты және қауіпсіз жағдай, акционерлермен қарым-қатынас, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар

ЦентрКредит Банкі бизнестің барлық сегменттерінде озық позицияларға ие болуға ұмтылады. Бұл ретте біз жоғары қаржылық нәтижелерге қол жеткізу, басқарудың тиімділігі мен дамудың тұрақтылығы көбінесе корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік деңгейімен айқындалатынын толық түсінеміз.

Банк акционерлер алдында – жұмыс нәтижелері үшін, клиенттер алдында – өнімдер мен қызметтердің сапасы үшін, серіктестер алдында – қабылданған міндеттемелерді тиісінше орындау үшін өзінің жауапкершілігін мойындайды.

Банк экономиканың әл-ауқатына және қоғамның дамуына оң үлес қосуға тырысады.

Е – ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ҚАТЫНАС

100

Тұрақты дамуға қол жеткізу мақсатында біздің банкте экологиялық және әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге бағытталған экологиялық таза жобаларды іске асыруға ерекше назар аударылады.

Банкте іске асырылатын экологиялық жобалар:

- ЦентрКредит Банкі энергияны пайдалануды барынша азайтуға, жаңартылатын көздерден энергия өндіруге және су ресурстарын қорғауға ықпал ететін GEFF (Green Economy Financing Facility) жасыл технологияларды қаржыландыру бағдарламасы бойынша ЕҚДБ-ның басты серіктес-банкі болып табылады. GEFF бағдарламасының мақсаты – ЕҚДБ ұсынған ЦентрКредит Банкінің кредиттік ресурсының арқасында халыққа және ҚР бизнес өкілдеріне қолжетімді болған сапалы заманауи экологиялық материалдар мен технологияларды пайдалана отырып, ҚР бизнесі мен тұрғын үй объектілерін тиімді энергиямен модернизациялау.
- Банк қалдықтарды сұрыптау жөніндегі жобаны іске асыруды жалғастыруда. Банкте тұрмыстық қалдықтарды жинауға және тапсыруға арналған контейнерлер, сондай-ақ қағазсыз тәсіл орнатылған:
 - Қағаз құжат айналымын оңтайландыру мақсатында банк офистерінде автоматтандыру жақсартылды және құжаттаманың көп бөлігі ЭЦҚ арқылы қол қоя отырып, электрондық форматқа көшірілді.
- 2023 жылдың қаңтарынан бастап Банктің барлық ғимараттарында қалдықтарды, атап айтқанда пластик, шыны және алюминийді бөлек жинау жүзеге асырылды. 2023 жылғы қаңтарда Банктегі одан әрі өңдеуге арналған қалдықтардың көлемі 80 кг құрады, ал 2023 жылғы 5 айдың қорытындысы бойынша бұл көлем шамамен 2 мың кг құрады.
- Макулатураны одан әрі өңдеу үшін сақтау және беру жүзеге асырылды. 2021 жылы Банкте макулатураны жинау 32 мың кг құрады, 2022 жылдың қорытындысы бойынша – 13,7 мың кг, 2023 жылдың 5 айында - шамамен 7 мың кг. Жиналған және қайта өңдеуге берілген макулатура көлемінің төмендеуі банктегі "қағазсыз" кеңсенің дамуын көрсетеді.
- Банктің офис жайлары фронт және бэк офистер диодты жарықтандыруға көшірілді, жеке автопарктен бас тартылды. Сағат 20:00-ден кейін компьютерлік техниканы автоматты түрде өшіру процесі қолданылады. Осылайша, Банк Бас офис ғимаратында электр энергиясын тұтынуды едәуір азайта алды, үнемдеу сағатына 2 кВт немесе айына шамамен 300-500 кВт құрайды. Жалпы, 2022 жылдың қорытындысы бойынша Банктің өз ғимараттарында электр энергиясын тұтыну сағатына 5,0 млн кВт құрады, 2021 жылы сағатына шамамен 4,9 млн кВт тұтынылды. Осылайша, электр энергиясын тұтынудың сағатына 145 мың кВт шамалы өсуі байқалады. 2022 жылы электр энергиясының энергетикалық ресурстарын сатып алуға жұмсалған шығындар 102 639 млн теңгені құрады, ал 2021 жылы – 102 051 млн теңге. Бұл ретте 1 кВт электр энергиясын тұтыну шығындарының үнемделуі байқалады, 2021 жылы – 20,8 теңге, 2022 жылы – 20,3 теңге. Банктегі жылу энергиясын тұтыну 2022 жылы 1 000,7 Гкал, 2021 жылы 2 620,1 Гкал құрады. Мәселен, 2022 жылы Банкте жылу энергиясын тұтынуды 2,6 есе үнемдеу байқалады.
- ЦентрКредит Банкі смартфондардың әртүрлі түрлері арқылы контактісіз төлем жасаудың инновациялық технологияларын енгізе отырып, пластик пен қолма-қол ақшаны пайдалануды азайту мақсатында қолма-қол ақшасыз төлемдерді белсенді дамытуды жалғастыруда. Apple Pay, Samsung Pay, Google Pay сияқты танымал нарықтық төлем қызметтері іске қосылды, сондай-ақ банк ВСС Pay мобильді құрылғыларына арналған өз сервисін құрды оның көмегімен кәсіпкерлер тауарлар мен қызметтер үшін қолма-қол ақшасыз төлем қабылдай алады.
- Қызметкерлер мен клиенттер үшін банк аумағында электромобильдерге, велосипедтерге және самокаттарға арналған тұрақ қарастырылған.
- Банк бөлімшелерінде клиенттер үшін қайта пайдалануға болатын стакандарды пайдалану қарастырылған.
- Банк ESG мәдениеті және ESG принциптерін сақтау бойынша қызметкерлерге тұрақты түрде оқыту жүргізеді. 2023 жылы Банк «Ecosen» экология мәселелеріне алаңдайтын прогрессивті ұйымдардың бірлестігі – біздің серіктестерімізден екінші шикізатты саналы түрде тұтыну және сұрыптау бойынша бетпе-бет оқыту жүргізді. Оқуға Алматы қаласындағы барлық тілек білдірген Банк қызметкерлері шақырылды.
- Экологиялық акциялар мен сенбіліктерді өткізу – ЦентрКредит Банкінің корпоративтік өмірінің ажырамас бөлігі. Жыл сайын Банк осы экологиялық белсенділікті Қазақстанның барлық өңірлерінде жүргізеді. Банк қызметкерлері ағаш отырғызып, қалалардың аумағын тазалап, абаттандырады. Сенбіліктің негізгі идеясы-адамдардың назарын экологияға аудару, қалаларымыздың сыртқы келбеті туралы ойлау, қоршаған табиғатқа қамқорлық жасауды үйрену.

S – ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

101

Кез келген ұйымның болашағы елдегі әлеуметтік әл-ауқатқа, тұрақтылыққа, мәдениет пен білім деңгейіне тығыз байланысты, сондықтан ЦентрКредит Банкі әлеуметтік және қайырымдылық бастамаларын тұрақты түрде жүзеге асырады. Бұл – қоғам өміріне қатысудың негізгі бағыттарының бірі және ЦентрКредит Банкінің корпоративтік мәдениетінің ажырамас бөлігі.

ЦКБ қайырымдылық және демеушілік қолдауының негізгі бағыттары балалар мекемелерін, қоғамдық ұйымдарды, ардагерлерді қолдауды, сондай-ақ білім беруді, спортты, мәдениетті және өнерді дамытуға қатысты демеушілік қызмет көрсетуді қамтиды.

Қызметкерлерге қамқорлық


Қазіргі уақытта банкте әлеуметтік пакеттердің келесі түрлері бар:

- Барлық жұмысшыларға қатысты қолданылатын және толтырылуы лауазым деңгейіне байланысты өзгертін негізгі өтемақы пакеті (ДМС пакеттері, көлік шығындарын төлеу және тұрақ беру, тұрғын үйді жалға алу шығындарын өтеу).
- Барлық қызметкерлер үшін негізгі мотивациялық пакет, оған икемді жұмыс кестесі мен қашықтан жұмыс істеу форматы, банк есебінен оқу және даму, корпоративтік іс-шаралар, серіктестер ұсынған корпоративтік жеңілдіктер кіреді.
- ВСС Key People жобасы аясында негізгі жұмыскерлерге арналған қосымша кеңейтілген пакеттер.



Банк қызметкерлерінің гендерлік бөлінуі

2022 жылдың соңындағы банктің барлық қызметкерлері арасындағы ерлер мен әйелдердің пайыздық қатынасы сәйкесінше 33% және 67% құрады. Банк басшылары арасында 29%-ы ер адамдар, 71%-ы әйелдер, бұл ерлер мен әйелдер үшін мансаптық өсудің тең мүмкіндіктерін көрсетеді.

Банк қызметкерлерінің гендерлік бөлінуі



Банк басшыларының гендерлік бөлінуі



ДЕМЕУШІЛІК ЖӘНЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

102

Демеушілік және қайырымдылық жобаларын іске асыру – ЦентрКредит Банкінің корпоративтік қызметінің маңызды құрамы. Банк елімізді әлеуметтік-экономикалық дамыту бағыттарына және халқымыздың әлеуметтік әл-ауқатын арттыруға ерекше назар аударады.

ЦентрКредит Банкі 2022 жылы келесі қайырымдылық және демеушілік жобаларды іске асырды:



Балаларға арналған кітаптар

Өскелең ұрпақты тәрбиелеу аясында ЦентрКредит Банкі кітаптарды қазақ тіліне аудару жобасын қолдады – Шон Кови «Жасампаз жасөспірімдердің 7 дағдысы. Ұтқыр әрі озық болудың жолдары» және Стефани Саболь «Күн жүйесі қайда орналасқан?»



Қазақстан шахмат федерациясы

Қазақстан шахмат федерациясын дамыту үшін Банк 100 миллион теңге бөлді. Айта кетейік, 2022 жылдың мамыр айында жеті жасар шахматшы Малика Зиядин әлем чемпионатында жүлделі орынға ие болып, әлемнің ең жас чемпионы атанды. Бұл жеңіс – бүкіл ел үшін маңызды оқиға, ал демеушілерді белсенді қолдау көрсетуі қазақстандық шахматшыларға жаңа деңгейге шығуға мүмкіндік береді.



Ratovich&Orchestra Lab

Банк жас қазақстандық Ratovich&Orchestra Lab музыкалық ұжымын қолдады: Қазақстан тұрғындары симфониялық оркестрдің орындауындағы танымал композицияларды тыңдай алады.



«Қазақстан халқына» қоры

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша құрылған «Қазақстан халқына» қорының идеясы денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет және спорт салаларында, сондай-ақ ТЖ кезінде зардап шеккендерге және халықтың әлеуметтік осал топтарына қайырымдылық көмек көрсетуге шақырады. Банк қайырымдылық негізде 500 миллион теңге аударды.



Bala Qorgau

ЦентрКредит Банкі ҚР Білім және ғылым министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитетімен бірлесіп іске қосылған «Bala Qorgau» жобасын іске асыруға көмек көрсете отырып, ҚР қоғамының әлеуметтік саласына елеулі үлес қосты. Жоба Қазақстан Республикасының оқушылары мен олардың ата-аналарына тегін консультациялық көмек көрсетуге бағытталған. Bala Qorgau балалар өздерін қауіпсіз сезінуі үшін және олардың ата-аналары психологтар мен заңгерлердің көмегі мен кеңесіне сене алатындай етіп, оқу орнында, үйде және сыртта қиындықтарға тап болған оқушылар мен олардың ата-аналарына көмек көрсетуге арналған.



«Джулия» мюзиклі

2022 жылдың желтоқсанында Алматыда «Джулия» мюзиклінің премьерасы өтті, онда «Улетаю», «Сердцем к сердцу» сияқты A'Studio тобының хиттері орындалды. Сюжеттің негізі ретінде 90-шы жылдардағы музыкалық ұжымның қалыптасу тарихы алынды. Бас демеуші «ЦентрКредит» Банкі болды.



ӘИБО

ЦентрКредит Банкі «Әлеуметтік инклюзивті бағдарламалар орталығы» қоғамдық қорына инклюзивті балаларға арналған нейросенсорлық жабдықтарды, альпинизм үйін, орталыққа арналған музыкалық жабдықтар мен техниканы сатып алу үшін қайырымдылық көмек көрсетті.

G – КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ САПАСЫ

103

Корпоративтік жауапкершілік бағытын дамыту, ең алдымен, акционерлер мен клиенттердің құқықтары мен заңды мүдделерін құрметтеуге, банк қызметін тиімділіктің өсуіне қол жеткізуге бағыттау, жұмыс орындарын құру және қаржылық тұрақтылық пен табыстылықты қолдау, негізгі нәтижелер, жоспарлар мен перспективалар туралы ақпаратты ашу сияқты корпоративтік басқару принциптеріне негізделеді.

Тұрақты дамудың табысты және тиімді саясатын жүргізу үшін Банкте мүдделі тараптармен бірлесіп әрекет етуге тиісті көңіл бөлінеді. Банктің мүдделі тараптармен бірлесіп әрекет етуін ұйымдастыру процесі маңызды тақырыптар мен маңызды мәселелерді, ықтимал тәуекелдер мен жауапкершілік шекараларын талқылауға қатысты мүдделі тараптардың мүдделерін ескеруді көздейтін жұмылдыру принциптеріне негізделген.


Мүдделі тараптармен өзара қарым-қатынастарды басқаруды ұйымдастыру мақсатында Банк өз қызметін келесі базалық принциптерге шоғырландырады:

- барлық мүдделі тараптардың мүдделерін құрметтеу және есепке алу
- мақсатты аудиторияны өз қызметі туралы белсенді ақпараттандыруға ұмтылу
- объективтілікті, шынайылықты, тәуелсіздікті және ақпараттық ашықтықтың жоғары деңгейін қамтамасыз ету
- барлық мүдделі тараптармен ашық және нәтижелі ынтымақтастықты қамтамасыз ету
- мүдделі тараптар алдында өзіне алған міндеттемелерді орындау
- тұрақты түрде мүдделі тараптардан кері байланыс алу.



Корпоративтік басқарудың тиімді жүйесінің негізгі элементтері:

- 1 ұйымдық құрылым
- 2 корпоративтік құндылықтар
- 3 банк қызметінің стратегиясы
- 4 Банктің уәкілетті органдары арасында шешімдер қабылдауға қатысты міндеттер мен өкілеттіктерді бөлу
- 5 Банктің Директорлар кеңесінің, Басқармасының мүшелері, Банктің сыртқы және ішкі аудиторлары арасындағы бірлесіп әрекет ету және ынтымақтастық тетіктері
- 6 тәуекелдерді басқару рәсімдері мен әдістемелері
- 7 ішкі бақылау жүйесі
- 8 сыйақы беру жүйесі
- 9 басқарушылық есептіліктің барабар жүйесінің болуы
- 10 корпоративтік басқарудың ашықтығы



G – КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ САПАСЫ

104

Банктің ұйымдық құрылымы таңдалған бизнес-модельге, қызмет ауқымына, операциялардың түрлері мен күрделілігіне сәйкес келеді, мүдделер қақтығысын азайтады және тәуекелдерді басқару жөніндегі өкілеттіктерді алқалы органдар мен құрылымдық бөлімшелер арасында бөледі, соның ішінде:

- 1) Банктің Директорлар кеңесі
- 2) Банктің Директорлар кеңесі жанындағы комитеттер
- 3) Банк басқармасы
- 4) Тәуекелдерді басқару бөлімшесі
- 5) Комплаенс-бақылау бөлімшесі
- 6) Ішкі аудит бөлімшесі

Банктің Директорлар кеңесі жеткілікті өкілеттіктерді, тәуелсіздікті және ресурстарды иеленетін, Директорлар кеңесімен бірлесіп әрекет ететін CRO жетекшілік ететін немесе басқаратын тәуекелдерді басқару бойынша бөлімшенің болуын қамтамасыз етеді. Тәуекелдерді басқару бөлімшесі келесі функцияларды орындайды:

- тәуекелдерді басқару саясаты мен процедураларын, тәуекел-дәрежесі стратегиясын және тәуекел-дәрежесі деңгейлерін айқындауды қамтитын тәуекелдерді басқару жүйесін әзірлеу;
- банк қызметіне тән елеулі ағымдағы және әлеуетті тәуекелдерді анықтау;
- тәуекелдерді бағалау және агрегатталған (агрегатталған) тәуекел-дәрежесі деңгейін (деңгейлерін) анықтау;
- кейін тәуекелдерді басқару комитетінің қарауына және Банктің Директорлар кеңесінің бекітуіне ұсыну үшін тәуекел-дәрежесі деңгейлерін әзірлеу, тәуекел-дәрежесі деңгейінің сақталуын бақылау;
- тәуекел-дәрежесі деңгейінің бұзылуын анықтауға бағытталған ерте ескерту жүйелері мен триггерлерді әзірлеу;
- басқармаға, тәуекелдерді басқару комитетіне және Банктің Директорлар кеңесіне басқарушылық есептілікті беру.

Тәуекел менеджменті басшысының біліктілігі мен кәсіби тәжірибесі таңдалған бизнес үлгісіне, қызмет ауқымына, операциялардың түрлері мен күрделілігіне, тәуекел профиліне сәйкес келеді. Тәуекел-менеджменті басшысының тәуелсіздігі:

- бағыныстылығына қарамастан айқындалады, тәуекел-менеджменті басшысын Банктің Директорлар кеңесі тағайындайды және қызметтен босатады;
- Басқарманың қатысуынсыз Банктің Директорлар кеңесіне кедергісіз кіре алады;
- өз міндеттерін орындау үшін қажетті кез келген ақпаратқа қол жеткізе алады;
- бас операциялық директор, қаржы директоры лауазымын, Банктің операциялық қызметінің басқа да ұқсас функцияларын (андеррайтингті, кепіл қызметін қоспағанда), ішкі аудит бөлімшесінің басшысы лауазымын қоса атқармайды.

Тәуекел-менеджменті басшысы мен Директорлар кеңесі/Тәуекелдерді басқару мәселелері жөніндегі комитет арасындағы өзара байланыс тұрақты түрде жүзеге асырылады.

Алаяқтықпен қарсы күрес

Банк алаяқтыққа қарсы іс-қимыл мәселелеріне ерекше назар аударады. Осы бағыттағы қызмет Қазақстан Республикасы заңнамасының және Банктің ІНҚ талаптарына сәйкес тұрақты түрде жүзеге асырылады. Сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында банкте іс-шаралар кешені өткізіледі, олардың түпкі нәтижесі сыбайлас жемқорлық қызметін болдырмау болып табылады. Банк қызметкерлерді ішкі алаяқтыққа, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша үнемі ішкі оқытуды жүргізеді, профилактикалық жұмысқа, сыбайлас жемқорлық әрекеттерімен тікелей күресуге және олардың салдарын жоюға, банк қызметкерлерінің хабардарлығын арттыруға бағытталған іс-шаралар кешенін жүзеге асырады. 2022 жылы Банктің 31 бөлімшесінде ішкі алаяқтыққа қарсы іс-қимыл бойынша оқыту жүргізілді.

Банктің ішкі порталында fraudinfo@bcc.kz сілтемесі қолданылады, ол алаяқтық, ішкі және сыртқы сыбайлас жемқорлық фактілері, сондай-ақ өзге де құқыққа қайшы әрекеттер туралы құпия ақпарат алу құралы болып табылады. Банктің әрбір жұмыскерінің өз көзқарасы мен күдіктерін жасырын түрде айтуға мүмкіндігі бар.

Қызметкерлердің сенімділігі

Банк қызметкерлерінің қауіпсіздігіндегі тәуекелдерді барынша азайту мақсатында Қауіпсіздікті қамтамасыз ету орталығы Банк қызметкерлерін, оның ішінде ТОП менеджментті қоса алғанда, барлық деңгейдегі басшыларды тексерудің жаңа әдістерін енгізді.

Қаңтар оқиғалары

«Қаңтар оқиғалары» кезеңіндегі жаппай тәртіпсіздіктер жағдайында Қауіпсіздікті қамтамасыз ету орталығының қызметкерлері Банктің құндылықтары мен жабдықтарын сақтау бойынша шұғыл шаралар қабылдады. Оларды қауіптілігі жоғары бірқатар орындардан эвакуациялау сәтті жүзеге асырылды. Осыған ұқсас тәуекелдерді барынша азайту мақсатында бұдан әрі кассалық тораптар мен филиалдық желі бөлімшелерінің физикалық қорғалуын күшейту, техникалық қауіпсіздік жүйелерін жаңғырту жөніндегі шаралар іске асырылды. 2022 жылы Банктің 44 бөлімшесінде дағдарыс жағдайындағы (өрт, тонау, шабуыл және т.б.) қызметкерлердің іс-әрекеттері бойынша оқыту жүргізілді.

2023 ЖЫЛЫ ТҰРАҚТЫ ДАМУ ҚАҒИДАЛАРЫН ЕНГІЗУ ЖОСПАРЫ

105

2023

тұрақтылықтың негізі ретінде тұрақты даму принциптерін ұстану

1 Тұрақты даму саясатын енгізу

- ESG факторларын корпоративтік басқару мен ұйымдық құрылымға біріктіру
- Бизнес-стратегияға тұрақты даму принциптерін енгізу
- ESG сауалдарына, соның ішінде: климаттық тәуекелдерді басқару, ақпараттық қауіпсіздік, этика және әртүрлілік мәселелеріне, шағымдарды қарау процесіне жауап беретін жауапты топ-менеджерлерді тағайындау

2 ESG факторларын кредиттік және инвестициялық қызметке біріктіру

- «Жасыл жобаларды», оның ішінде GEFF жасыл технологияларды қаржыландыру бағдарламасы бойынша қаржыландыру (Green Economy Financing Facility)
- Климаттық әсерге ұшырағыш салалардың шоғырлануын азайту мақсатында портфельді үйлестіру бойынша стратегияны әзірлеу
- ESG критерийлеріне сәйкес жобаларды бағалау әдістемесі мен процесін енгізу
- ESG критерийлеріне сәйкестігін ескере отырып, қайта қаржыландыру
- Клиенттерге арналған сервистерді цифрландыру аясында ESG-факторларын есепке алу

3 Тәуекелдерді басқару жүйесіне ESG факторларын енгізу

- Банктің корпоративтік қарыз алушыларының ESG-тәуекелдеріне ұшырауын бағалау әдістемесі мен процесін енгізу
- Банктің корпоративтік қарыз алушылары салаларының ESG-тәуекелдеріне ұшырауын бағалау бойынша тәсілді енгізу
- Жоғары тәуекелді салаларды қаржыландыру саласында салалық стандарттарды әзірлеу
- Баға белгілеу кезінде ESG тәуекелдерін есепке алу
- Қолданыстағы стресс-тестілеу процестеріне климаттық тәуекелді қосу

4 Қаржылық емес ақпаратты жария ету

- Климаттың өзгеруіне байланысты қаржылық тәуекелдер туралы ақпаратты жария етуді кеңейту, сондай-ақ TCFD ұсыныстарын ескере отырып, тұрақты даму туралы есептерді жария ету
- Меншікті ESG тәуекелдерін жария ету және олардың еншілес компаниялар мен мүдделі тараптарға әсері


ҚАРЖЫЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕР



АКТИВТЕР

107

млн. теңге	01.01.2021	01.01.2022	01.01.2023
Ақша қаражаты және оның баламалары	279 330	261 492	1 117 220
Қаржылық құралдар және бағалы қағаздар	338 824	508 235	949 387
Банктердегі қаражат	63 426	12 997	54 536
Клиенттер мен банктерге берілген несиелер (нетто)	1 009 473	1 138 701	2 009 113
Басқа активтер	166 203	157 879	193 710
БАРЛЫҒЫ	1 857 256	2 079 304	4 323 966




Бөлшек салымдар бойынша **9,8%** нарықтық үлеспен ЕДБ арасында **3**-орынға ие

2022 жылдың қорытындысы бойынша банк тобының жиынтық активтері көлемінің 2,1 есе, 4,3 трлн теңгеге дейін едәуір ұлғаюы байқалады. Активтердің көлемі бойынша Банктің позициясы бір жыл ішінде 9,8% нарықтағы үлесімен 7-орыннан 3-орынға көтерілді.

Активтер құрылымында барлық баптар бойынша өсім байқалады, өтімді активтер 171%-ға өсті, активтер құрылымында олардың үлесі бір жыл ішінде 37,6%-дан 49,1% -ға дейін өсті.

Банк тобының клиенттері арасында кредиттердің құрылымы (брутто)*, млн теңге

2022 жылдың қорытындысы бойынша банктің несиелік портфелі айтарлықтай 1,7 есе өсті. Несиелік портфелінің құрылымында ШОБ және бөлшек бизнестің кредиттері бойынша айтарлықтай 2 есе өсім байқалады, бұл Банк қабылдаған Даму стратегиясына сәйкес келеді.



*Сегментацияның ішкі критерийлеріне сәйкес


Дерек көзі: Аудит жүргізілген шоғырландырылған деректер

МІНДЕТТЕМЕЛЕР

108

млн. теңге	01.01.2021	01.01.2022	01.01.2023
Банктердің және қаржы ұйымдарының қаражаты мен несиелері	126 558	65 647	158 524
Клиенттер мен банктердің ақша қаражаты	1 189 264	1 353 707	3 273 144
Шығарылған борыштық БҚ	109 757	108 074	96 183
Реттелген облигациялар	62 540	63 877	60 405
Басқа міндеттемелер	237 451	337 187	461 859
Барлығы	1 725 570	1 928 492	4 050 115

Банк тобы міндеттемелерінің құрылымы, млн теңге



Топ активтерінің өсуі міндеттемелердің тиісті өсуімен қатар жүрді. Осылайша 2022 жылдың қорытындысы бойынша банк тобының жиынтық міндеттемелерінің көлемі 2,1 есеге өсіп, 4,1 трлн теңгені құрады.

Есепті кезеңде депозиттік база көлемінің 2,4 есеге 3,3 трлн теңгеге дейін айтарлықтай өсуі байқалады. Құрылымда салымдар портфелі бөлшек және корпоративтік клиенттердің қаражаты есебінен 2,4 есе өсті. Салымдардың өсуі депозиттік базаны ұлғайту, оның ішінде нарықта санкциялық банктердің клиенттерінің салымдары бойынша қаражатты қайта бөлу, Банкке деген сенім деңгейін арттыру, сондай-ақ қашықтағы сервистерді дамыту есебінен орын алды.

Бөлшек салымдар бойынша **11,2%** нарықтық үлеспен ЕДБ арасында **4**-орынға ие.

Корпоративтік салымдар көлемі бойынша **9,0%** нарықтық үлеспен ЕДБ арасында **2**-орынға ие.


Дерек көзі: Аудит жүргізілген шоғырландырылған деректер

КАПИТАЛ


109

млн. теңге	01.01.2021	01.01.2022	01.01.2023
Жарғылық капитал	61 760	63 554	63 676
Резервтік капитал	6 977	2 346	-21 194
Бөлінбеген пайда	62 949	84 912	231 369
Барлығы	131 686	150 812	273 851

01.01.2023 ж. жай-күйі бойынша Банктің пруденциалдық капиталының құрылымы



Банк капиталының жеткіліктілігі көрсеткіштерінің қарқыны, %



2023 жылдың басында банктік топтың капиталы өткен жылмен салыстырғанда 81,6% ұлғая отырып, 273,9 млрд теңгені құрады.

Капитал өсімінің негізгі драйвері Банктің бөлінбеген пайдасының артуы болып табылады. Табыстың айтарлықтай өсуі негізінен Банктің операциялық кірісінің өсуі, сондай-ақ ЕСВ сатып алу және ЕСВ дивидендтерін тану туралы мәміле арқылы болды. Резервтік капитал бойынша теріс нәтиже әділ құн бойынша есепке алынатын БҚ құнының теріс қайта бағалануына байланысты.

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың меншікті капиталы пруденциялық нормативтерін (пруденциялық капиталын) есептеу бойынша реттеушінің әдістемесіне сәйкес 2023 жылғы 1 қаңтарда 331 051 млн теңгені құрады.

Капиталдың құрылымы

Негізгі капитал – **258 978 млн теңге;**

Қосымша капитал – **89 млн теңге;**

Екінші деңгейдегі капитал – **71 985 млн теңге.**


Дерек көзі: Аудит жүргізілген шоғырландырылған деректер

КІРІСТІЛІК

110

млн. теңге	2020	2021	2022
Пайыздық кіріс	128 203	148 282	285 891
Пайыздық шығыс	-66 040	-80 980	-150 645
Резерв құрғанға дейінгі таза пайыздық кіріс	62 163	67 302	135 246
Резерв құру	-48 227	-27 390	-41 687
Таза пайыздық емес кіріс, соның ішінде:	42 120	30 190	70 388
Таза комиссиялық кіріс және дилинг	29 148	32 320	78 233
Өзге кіріс/шығыс	12 972	-2 130	-7 845
Басқа операциялар бойынша құнсыздануға резерв құру	-1 209	-2 038	-7 989
Резерв құрғанға дейінгі операциялық кіріс	104 283	97 492	205 634
Операциялық шығыс	-40 691	-46 589	-88 334
Тиімді сатып алудан түскен кіріс	-	-	84 222
Таза пайда	12 509	20 645	145 129
NIM, %	4,7%	4,2%	5,2%
CIR, %	39,0%	47,8%	30,5%

Банк тобының таза пайыздық кірісінің қарқыны, млн теңге



Дерек көзі: Аудит жүргізілген шоғырландырылған деректер

КІРІСТІЛІК

111

2022 жылы пайыздық кіріс 2021 жылмен салыстырғанда 93%-ға өсіп, 286 млрд теңгені құрады. Пайыздық кірістің оң динамикасы бөлшек бизнестің кірісі жоғары кредиттерінің және ШОБ якорлық өнімдерінің үлестерінің ұлғаюының арқасында мүмкін болып отыр. Кезең ішіндегі пайыздық шығыстар 70 млрд теңгеге өсті және негізінен клиенттердің өсуі және несиелік портфелінің өсіміне қор құратын депозиттік базаның белсенді өсуі есебінен 151 млрд теңгені құрады.

Нәтижесінде 2022 жылы таза пайыздық кіріс 68 млрд теңгеге артып, 135 млрд теңгені құрады. Бұл ТПМ көрсеткішін 4,2%-дан 5,2%-ға айтарлықтай ұлғайтуға мүмкіндік берді.

2022 жылы таза комиссиялық кіріс пен дилинг клиенттік базаның өсуі, цифрлық қызметтердің белсенді дамуы және валюта нарығындағы құбылмалылыққа және FX-платформасының дамуына байланысты дилингтік операциялардың ұлғаюы нәтижесінде 46 млрд теңгеге артып, 78 млрд теңгені құрады. Басқа қаржылық емес активтер бойынша құнсызданудан болған шығындар есебінен 2021 жылмен салыстырғанда 2022 жылы өзге кірістер/шығыстар жоғары.

2021 жылмен салыстырғанда операциялық шығыстардың 42 млрд теңгеге өсуі бизнестің және IT белсенді дамуын қамтамасыз ету үшін команданың күшеюіне, қызмет көрсетуге және күтіп ұстауға (инфляция, валюта бағамы) шығыстардың табиғи ұлғаюына және Банктің маркетингтік позицияларының күшеюіне (өнімдерді ілгерілету, сатылымдарды арттыру) байланысты ЕСВ қызметкерлерінің интеграциясы мен қабылдануына байланысты ЕТҚ ұлғайту есебінен болды. Бұл ретте Банк CIR көрсеткішін 2021 жылмен салыстырғанда 47,8%-дан 30,5%-ға дейін жақсартты.

Бизнестің өсуі және ресурстарды тиімді пайдалану нәтижесінде, сондай-ақ ЕСВ сатып алу және ЕСВ-ден 80 млрд теңге мөлшерінде дивидендтерді тану бойынша мәміле есебінен Банк таза пайданы 7 есеге 145 млрд теңгеге дейін ұлғайтты.



Дерек көзі: Аудит жүргізілген шоғырландырылған деректер


КРЕДИТТІК ҚЫЗМЕТ

112

Кредиттеу


2022 жылы Банк белсенді кредиттеу бойынша жұмысты жалғастырды, ол ЕСВ активтерін сатып алумен қатар ЦҚБ кредиттік портфелінің оң динамикасына әсер етті, ол жыл қорытындысы бойынша 70%-ға 2 033 млрд теңгеге дейін ұлғайды және Банкке өзінің нарықтық позициясын жақсартуға және коммерциялық банктер арасында несие портфелінің мөлшері бойынша 4-ші орыннан 3-ші орынға көтерілуге мүмкіндік берді.

Банктің кредиттері (млн теңге)




01.01.2023 жылғы жай-күйі бойынша валюталық қарыздардың үлесі 8%-ды құрады, бұл 2023 жылғы теңге бағамының әлсіреуіне байланысты валюталық тәуекелдерге қатысты Банкке елеулі қысым көрсеткен жоқ.

Валюталық қарыздардың үлесі



Банктің несие портфелінің негізгі көлемін бөлшек сегментке (57%) және ШОБ сегментіне (21%) берілген қарыздар құрайды. Банктің стратегиясына сәйкес осы сегменттер бойынша портфельдің өсуі байқалады. Бұл ретте корпоративтік портфельдің үлесі 34%-дан 22%-ға дейін төмендейді.




Корпоративтік портфельде (Ірі бизнес және ШОБ) үлестің ең үлкен бөлігі «Сауда» (24,0%), «Жылжымайтын мүлікті жалға беру» (10,5%) және «Энергетика» (10,4%) салаларына тиесілі болып отыр.

Дерек көзі: Аудит жүргізілген шоғырландырылған деректер

КРЕДИТТІК ҚЫЗМЕТ

113

Кредиттердің құрылымы (%)



Несие портфелінің сапасы

2022 жылы несие портфелінің көлемін ұлғайтумен қатар Банктің маңызды міндеттерінің бірі несие портфелінің көрсеткіштерін жақсарту бойынша жұмысты жалғастыру болды. Бір жыл ішінде жүргізілген іс-шаралардың нәтижесінде несие портфеліндегі қолданыста жоқ қарыздардың (NPL) үлесі 6,4%-дан 3,4%-ға дейін төмендеді. 3-сатыдағы қарыздардың (кредиттік құнсызданған қарыздар) көлемі 160,5 млрд теңгеден 149,5 млрд теңгеге дейін азайды, бұл ретте үлес салмағы 13,4%-дан 7,4%-ға дейін төмендеді.

Дерек көзі: Аудит жүргізілген шоғырландырылған деректер

ТӘУЕКЕЛДЕР БОЙЫНША ЕСЕП



ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

115

ТӘУЕКЕЛДІҢ СИПАТТАМАСЫ

Кредиттік тәуекел
Контрагенттердің (қарыз алушылардың) Шарттың талаптарына сәйкес пайызды және борыштың негізгі сомасын төлеу бойынша өз міндеттемелерін орындауға қабілетсіз болуының нәтижесінде Банктің қаржылық активтерден айырылу ықтималдығы.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ БОЙЫНША СЯСАТТАР ЖӘНЕ КОМИТЕТТЕР

Саясат:
- Кредиттеу және тәуекелдерді басқару саясаты;
- Тәуекелдерді және капиталдарды басқару саясаты;
- Кепіл саясаты

Тәуекелдерді басқару комитеті
- Директорлар кеңесі жанындағы Қаржыны және тәуекелдерді басқару комитеті;
- Кредит комитеті;
- Басқарма жанындағы Тәуекелдерді басқару комитеті

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

Кредиттік тәуекелдерді басқарудың негізгі әдістері:
- шешімдер қабылдау үшін ақпараттың толық және шынайы болуын қамтамасыз ету;
- кредиттеу бойынша көпшілік қабылдаған ережелерді, кредиттік тәуекелді басқару бойынша ішкі саясаттар мен процедураларды сақтау;
- бизнес-бөлімшелерге тәуелсіз қарыздарды бағалау процедурасының болуы;
- лимиттердің көп деңгейлі жүйесін және/немесе тәуекелдерге қойылған шектеулерді пайдалана отырып, кредиттік тәуекелді шектеу;
- мәмілелер бойынша қамсыздандыруды басқару;
- кредиттік тәуекел деңгейіне жүйелі түрде мониторинг жүргізу және бақылау;
- кредиттік тәуекел деңгейі бойынша активтерді жіктеу;
- провизиияның жеткілікті деңгейін ұстап тұру.

Кредиттік тәуекелге ұшырататын мәмілелер бойынша кредиттік тәуекелдерді бағалау контрагенттің бизнесінің типі мен сегментін ескере отырып:

- Ірі өтімдер бойынша корпоративтік кредиттеу – контрагенттің қаржылық жай-күйінің көрсеткіштерін, кредиттік тарихын, бизнестің сапалық тиімділігін және басқа да сипаттамаларын ескере отырып белгіленетін кредиттік рейтингтің сараптамалық бағасы мен деңгейінің жиынтығының негізінде;
- ШОБ жаппай өнімдері бойынша корпоративтік кредиттеу – кредиттік өнім аясында қарыз алушыға қойылатын талаптардың сақталуын автоматты тексеру арқылы;
- бөлшек кредиттеу – жүріс-тұрыс ақпараттың және сыртқы дереккөздерден алынған ақпаратты ескере отырып құрылған математикалық статистика әдістеріне негізделген скоринг моделі арқылы жүзеге асырылады.

Өтімділік тәуекелі

Депозиттерді қайтару және нақты төлеу мерзімі орнанып кезде, қаржы құралдарына байланысты міндеттемелерді өтеу үшін қаражат алған кезде, қиындықтар туындау тәуекелі.

Саясат:
- Өтімділікті және өтімділік тәуекелін басқару саясаты

Тәуекелдерді басқару комитеті:
- Директорлар кеңесі жанындағы Қаржыны және тәуекелдерді басқару комитеті;
- Басқарма жанындағы Тәуекелдерді басқару комитеті

Нарықтық тәуекел

Нарықтық мөлшерлемелердегі, валюта бағамдарындағы немесе қаржы құралдарына белгіленген бағалардағы өзгерістердің Банктің кірісіне немесе капиталына кері әсер ету тәуекелі.

Нарықтық тәуекел дегеніміз – пайыздық тәуекел, валюта тәуекелі және өз қызметінің барысында Банк ұшырауы мүмкін басқа да баға тәуекелдері.

Саясат:
- Нарықтық тәуекелдерді басқару саясаты;
- Тәуекелдерді және капиталды басқару саясаты.

Тәуекелдерді басқару комитеті:
- Директорлар кеңесі жанындағы Қаржыны және тәуекелдерді басқару комитеті;
- Басқарма жанындағы Тәуекелдерді басқару комитеті

Өтімділік тәуекелін басқарудың негізгі әдістері:

- активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдерін талдау және ағымдағы өтімділікті ұстап тұру және ақша ағымдарын оңтайландыру үшін ақшалай нарықтық операциялар жүргізу;
- баланстың тиімді құрылымын есептеу және өтімділікті ұзақ мерзімді перспективада ұстап тұру мақсатында активтер мен міндеттемелерді басқару;
- өтімділікті басқару бойынша лимиттерді есептеу және өтімділіктің пруденциалық және ішкі көрсеткіштеріне жүйелі түрде мониторинг жүргізу;
- дағдарыс жағдайларында өтімділікті басқару жоспарын әзірлеу; стресс-тестілеу және сценарийлік талдау;
- депозиттік портфельдің шоғырлануын бақылау; қорландыру көздерін тұрақты талдау.

Пайыздық тәуекелдерді басқарудың негізгі әдістері:

- бекітілген және құбылмалы мөлшерлемелері бар тартылатын ресурстардың тиімді арақатынасын ұстап тұру;
- Топтың ағымдағы қаржылық жай-күйіне мониторинг жүргізу, Топтың пайыздық мөлшерлемелерге енгізілген өзгерістерге деген сезімталдығын және олардың Топ рентабельділігіне әсерін бағалау;
- пайыздық тәуекелді басқару бойынша лимиттерді есептеу және пайыздық тәуекелдің деңгейіне жүйелі түрде мониторинг жүргізу.

Валюталық тәуекелдерді басқарудың негізгі әдістері:

- ұлттық және шетел валюталарын айырбастау бағамдарының елеулі ауытқуларынан болатын залалды мейлінше қысқарту мақсатында ашық валюталық позицияны басқару;
- реттеушінің талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз ету мақсатында Банктің ашық валюталық позициясына бақылау жасау;
- лимиттерді ашық валюталық позицияларға, валюталық және пайыздық VaR, арбитраждық позицияларға, stop-loss және stop-out ысырап лимиттеріне есептеу және олардың сақталуына мониторинг жүргізу.

Баға тәуекелдерін басқарудың негізгі әдістері:

- нарық конъюнктурасындағы жағымсыз өзгерістердің нәтижесінде келтірілуі мүмкін ықтимал залалдарға қайта-қайта бағалау жүргізіп отыру;
- рұқсат етілген залалдардың шамасына барабар шектеулер белгілеу;
- пайда нормасы мен кепілдік қамсыздандыруға қатысты талаптарды белгілеу.

Операциялық тәуекел
Жүйелер жұмысындағы ірікілетердің, тұрақсыз ұйымдық құрылымның, қызметкерлер жіберген қателіктердің, немесе дұрыс құрылмаған бизнес-процестердің салдарынан, сонымен қатар сыртқы жағдайлардың әсерінің нәтижесінде ысырап туындау тәуекелі.

Саясат:
- Операциялық тәуекелдерді басқару саясаты
- Тәуекелдерді және капиталды басқару саясаты.

Тәуекелдерді басқару комитеті:

- Директорлар кеңесі жанындағы Қаржыны және тәуекелдерді басқару комитеті;
- Басқарма жанындағы Тәуекелдерді басқару комитеті

Операциялық тәуекелді басқарудың негізгі әдістері:

- операциялық тәуекелдерді басқару процесіне Банктің барлық жұмыскерлерін және басшылығын (Басқарма, Қаржыны және тәуекелдерді басқару комитеті және Директорлар кеңесі) тарту;
- операциялық тәуекелдерді анықтау, оларға мониторинг жүргізу және олар бойынша Банк бөлімшелері жүргізетін жүйелі бағалау жұмыстары Банктің күнделікті қызметінің бір бөлігі болып табылады;
- операциялық тәуекелдерді басқару жүйесіндегі кемшіліктер және оларды іске асыру жағдайлары сәйкес деңгейдегі басшылыққа, Банк Басқармасы мен Директорлар кеңесіне уақтылы хабарланады және жедел түрде жоюылады;
- өртүрлі деңгейдегі бөлімшелердің басшылары арасында операциялық тәуекелді басқару бойынша өкілеттіктер мен жауапкершілікті болу, оларды қажетті ресурстармен қамтамасыз ету, өзара бірлесіп әс-арамет ету тәртібі мен есептелікті белгілеу;
- операциялық тәуекелді бақылау шараларының құны осы тәуекелден Банк көтеретін ықтимал ысыраптың көлемінен аз болуы тиіс. Бұл ретте, қосымша операциялық тәуекелдің қабылдау тікелей қандай да бір қосымша шығыстың туындауына әкеп соқпайды.

Комплаенс-тәуекел

Банктің және оның жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасы заңнамасының, уәкілетті органның нормативтік-құқықтық актілерінің, банктің қызмет көрсету және қаржы нарығында операциялар жүргізу тәртібін реттейтін банктің ішкі құжаттарының, сондай-ақ банктің қызметіне ықпал ететін шет мемлекеттер заңнамасының талаптарын орындамау салдарынан залалдар туындау ықтималдығы.

Саясат:

- COMPLAENS-ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ СЯСАТЫ;
- «Өз клиентіңді біл» саясаты;
- Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саясаты;
- Ішкі бақылау саясаты;
- Мүдделер қақтығысын реттеу саясаты.

Комплаенс-тәуекелдерді басқарудың негізгі әдістері


- ішкі құжаттарды дайындау арқылы COMPLAENS-ТӘУЕКЕЛДІ БАСҚАРУ, соның ішінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру мәселелері бойынша Банк жұмыскерлеріне арналған ішкі басшылыққа алынатын құжаттарды (нұсқаулықтарды) әзірлеу;
- Банктің және оның жұмыскерлерінің COMPLAENS-ТӘУЕКЕЛДІ БАСҚАРУ бойынша саясаттар мен процедураларды сақтауына мониторинг жүргізу;
- COMPLAENS-ТӘУЕКЕЛ Оқиғалары туралы деректерді жинау;
- COMPLAENS-ТӘУЕКЕЛДІҢ болуына байланысты клиенттердің (контрагенттердің) Банктің және оның жұмыскерлерінің іс-арекеттеріне жасаған шағымдарын (берген өтініштерін) талдау және оларды жою (алдын алу) бойынша шаралар қабылдау;
- Банктің COMPLAENS-ТӘУЕКЕЛГЕ ұшырағыштық дәрежесін сипаттайтын сандық және сапалық көрсеткіштерді әзірлеу және талдау;
- өз бетінше немесе Банктің құрылымдық бөлімшелерімен және (немесе) тұлғаларымен бірлесіп, Банк жұмыскерлерінің Банктің қызмет көрсету және қаржы нарығында операциялар жүргізу мәселелерін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасын, сонымен қатар Банктің қызметіне әсерін тигізетін шетел мемлекеттерінің заңнамасын бұзу фактілеріне Банктің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіпке сәйкес тереулер (тексерулер) жүргізу.

2022 ЖЫЛЫ СӘЙКЕСТЕНДІРІЛГЕН ТӘУЕКЕЛДЕР

116

Банк жыл сайын тәуекелдерді тиімді басқару үшін оларды анықтайды, сәйкестендіреді және жинақтайды.

20202 жылы Банк тәуекелдердің келесі түрлерін релевантты деп сәйкестендірді және белгіледі, оның ішінде сондай-ақ релевантты емес тәуекелдер анықталды:



Ескерту: **X** - релевантты емес тәуекелдер

2022 ЖЫЛЫ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

117

Шешім қабылдау және модельдерді әзірлеу стратегиялары

- ML модельдерімен интеграциялау мүмкіндігі бар Experian БҚ-ның (Шешім қабылдау жүйесі) жаңа нұсқасына көшу
- Online өнімдер үшін стратегияларды әзірлеу
- Ұялы байланыс операторларымен интеграция: телеком скоринг және верификация
- Төлем қабілеттілігін бағалау үшін клиентке бірыңғай скоринг әзірлеу
- Сегменттелген антифрод және pre-collection модельдерін әзірлеу

Технологиялық процесс және инновация

- Gini арттыру мақсатында модельдеуде нейрондық желілерді қолдану
- AutoML әзірлеу – модельдерді автоматты түрде өздігінен оқытуға арналған жүйе
- Модельдерді енгізуді жеделдету үшін API Scoring әзірлеу
- Коллекторлық дауыстық роботты іске қосу
- Шешім қабылдаудың орташа уақытын 11 секундқа дейін қысқарту

Risk data

- Тәуекел мен фродты төмендетуге, мақұлдау деңгейін және жинау тиімділігін арттыруға бағытталған ағынды аналитика
- Скорингтік модельдерді сыртқы дереккөздерден алынған деректермен байыту
- Тәуекелдердің операциялық деректер базасын 10 есе оңтайландыру
- Алаяқтыққа қарсы әрекет ету процестерінің автономдығын арттыру
- Preapprove іске қосу: бейілді клиенттерге арналған кепілсіз өнімдер бойынша алдын ала мақұлданған ұсыныс

Жеке кредит беру

- Корпоративтік қарыз алушылар бойынша бағалау критерийлерін оңтайландыру және жетілдіру
- Кредиттік өтінімдерді қараудың икемді және жедел процесін құру
- Дабыл белгілеріне мониторинг жүргізуді есепке ала отырып, кредиттік лимитті игеруге қолжетімділікті ашу/жабу процесін автоматтандыру
- Заңды тұлғаларға арналған жаңа рейтингтік модельді енгізу

ШОБ жаппай сегментін кредиттеу

- Кепілсіз кредит беру аясында ЖК үшін скорингтік картаны енгізу
- Алаяқтықты анықтау және алдын алу жүйесін енгізу (AntiFraud)
- Тендерлік кепілдіктер, ЖК кепілсіз кредиттеу бойынша шешімдер қабылдаудың іске асырылған стратегияларын жаңарту
- ЖШС үшін кепілсіз өнімдер және ШКЛ өнімі бойынша лимиттерді басқару бойынша стратегияларды енгізу
- Connectivity-мен шешімдер қабылдау жүйесін біріктіру
- Андеррайтинг және верификация процесін оңтайландыру

Кепілдік қамсыздандыру құнын бағалаудың объективтілігі

- Тәуелсіз бағалаушыларды бағалаудың рейтингтік моделін жетілдіру
- Жаппай сегмент бойынша құнын верификациялауды бақылау аймақтарын кеңейту
- Ірі қалаларда (8 қала) пәтерлердің құнын онлайн айқындау бойынша құралды құру
- Жеңіл автокөлік құралының құнын айқындау құралын құру
- банктік өнімдер аясында кепілге қойылатын талаптарды қайта қарау

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

118

2022 жылы ҚНРДА ЕДБ қызметінің және тәуекелдерінің сандық және сапалық сипаттамаларына бағалау жасады.

Банкке 4 балдық жүйе бойынша 2-ге тең болатын жалпы балл берілді. Алынған нәтиже Банктің өмірге бейімділік бойынша тәуекелдің орташа немесе төмен деңгейіне ұшырағыштығын білдіреді.

Score	Supervisory view	Considerations
-------	------------------	----------------

1	Банк өмірге бейімділік бойынша тәуекелдің төмен деңгейіне ұшырағыш.	<ul style="list-style-type: none"> Банктің Бизнес-моделі мен стратегиясы алаңдаушылық туғызбайды Ішкі басқару және жалпы ұйымдастырушылық бақылау тетіктері алаңдаушылық туғызбайды Банктің капитал мен өтімділік бойынша тәуекелдері материалдық емес / өте төмен тәуекелді білдіреді Өтімділік позициясы және банктің қор құру құрылымы алаңдаушылық туғызбайды
---	---	---

2	Банк өмірге бейімділік бойынша тәуекелдің орташа немесе төмен деңгейіне ұшырағыш.	<p>Төмендегілер бойынша төмен деңгейден орта деңгейге дейін алаңдаушылық бар:</p> <ul style="list-style-type: none"> Банктің бизнес-модельдері мен стратегиялары Банкті басқару немесе жалпы банктік бақылау тетіктері Банктің өтімділік позициясы және/немесе қор құру бейіні Банктің жалпы өндіріп алу қабілеті
---	--	--

3	Банк өмірге бейімділік бойынша тәуекелдің орташа деңгейіне ұшырағыш.	
---	--	--

Төмендегілер бойынша орташа деңгейден жоғары деңгейге дейін алаңдаушылық бар:

- Банктің бизнес-модельдері мен стратегиялары
- Банкті басқару немесе жалпы банктік бақылау тетіктері
- Банктің өтімділік позициясы және/немесе қор құру бейіні
- Банктің жалпы өндіріп алу қабілеті
- Пруденциалды әсер ету қаупінің орташа немесе жоғары деңгейі бар

4	Банк өмірге бейімділік бойынша тәуекелдің жоғары деңгейіне ұшырағыш.	
---	--	--

Төмендегілер бойынша алаңдаушылық деңгейі жоғары:

- Банктің бизнес-модельдері мен стратегиялары
- Банкті басқару немесе жалпы банктік бақылау тетіктері
- Банктің өтімділік позициясы және/немесе қор құру бейіні
- Банктің жалпы өндіріп алу қабілеті
- Пруденциалды әсер ету қаупінің жоғары деңгейі бар

2023 ЖЫЛЫ БӨЛШЕК ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУДЫ ДАМУ ЖОСПАРЫ

119

2023

RiskTech = HighTech

1 Ішкі клиентті дамыту және әр клиентке жеке ұсыныс

- Цифрлық өнімдер бойынша шешім қабылдау стратегияларын іске асыру және жаңарту,
- Жеке өтініш бойынша кредиттік лимитті қайта қарау
- Мобильді қосымшада клиенттің мінез-құлқына негізделген стратегияны әзірлеу
- Жаңа бөлшек өнімдер үшін стратегияларды іске асыру

2 Технологиялық процесс

- Деректер көздерін шақырудың микро сервистік архитектурасына көшу
- Клиенттің мінез-құлқының сандық ізі туралы мәліметтер бойынша модельдер әзірлеу
- Антифишинг бойынша сервисті іске қосу
- Антифродты тексерулерді кастомизациялау

3 Инновациялар

- Клиент бойынша кірісті болжайтын модельді әзірлеу
- ML платформасын әзірлеу: модельдерді дамытудың бірыңғай ортасы
- Дауыстық Робот коллекторын дамыту
- Антифродтар мен коллекшн үшін сөйлеу аналитикасын енгізу

2023 ЖЫЛЫ КРЕДИТТІК ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУДЫ ДАМУ ЖОСПАРЫ

120

2023

**клиенттерімізге қамқорлық таныта отырып,
оңтайлы және шұғыл шешімдер ұсыну**

1 Жеке кредит беру

- Жауапты қаржыландыру принциптерін енгізу
- Тәсілді әзірлеу және Банктің корпоративтік қарыз алушылары салаларының ESG-тәуекелдеріне ұшырауын бағалау (ESG-сегментация жүргізу)
- Тәсілді және Банктің корпоративтік қарыз алушыларының ESG-тәуекелдеріне ұшырауын бағалау құралдарын әзірлеу (ESG-скоринг құралдары)

2 ШОБ жаппай сегментін кредиттеу

- Жаңа өнімдер бойынша шешім қабылдау стратегияларын енгізу
- Өтінімдерді қарау процесіне AntiFraud ережелерін енгізу
- Жаңа өнімдер бойынша андеррайтинг және верификация процестері мен ережелерін енгізу және қолданыстағы өнімдерді жетілдіру


3 Кепілдік қамсыздандыру құнын бағалаудың объективтілігі

- Тәуекелдерді басқару жүйесіне бағалау тәсілдері бойынша инновацияларды енгізу
- Ірі қалалардағы пәтерлердің құнын онлайн анықтаудың құралын пайдалана отырып, қалалар тізімін кеңейту
- Жыныстық негізде кепілдерді бақылау бойынша деректерді автоматты түрде жүктеу құралын әзірлеу және ішкі дашбордты құру

4 Резервтер құру

- Провизияларды есептеу мақсаттары үшін тәуекел-метрикалардың жетілдірілген модельдеріне көшу

ЕНШІЛЕС КОМПАНИЯЛАР



«BCC INVEST» АҚ

122

«BCC Invest» инвестициялық компаниясы – «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың еншілес ұйымы, Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік емес бағалы қағаздардың қайталама биржа нарығының жетекші операторларының алғашқы төрттігіне кіреді, сондай-ақ компанияның бағалы қағаздар нарығында 20 жылдық тәжірибесі бар.


Компания бағалы қағаздар нарығында келесі қызметтерді көрсетеді:




«BCC Invest» АҚ командасы бағалы қағаздар нарығының барлық инвестициялық ахуалына теріс әсер еткен 2022 жылы болған күрделі геосаяси оқиғалар жағдайында қызметтің тұрақты оң көрсеткіштерін көрсетуде. Соңғы 5 жылда компанияның жиынтық активтері 15,8 млрд теңгеден (2017 жылдың соңына) 38,9 млрд теңгеге (2022 жылдың соңына) дейін өсті, 2022 жылғы таза пайда 1 млрд теңгені құрады, оның ішінде:

- таза комиссиялық кіріс 30%-ға өсіп (2021 жылмен салыстырғанда), 2022 жылы 1 403 млн теңгені құрады;
- 2022 жылғы таза пайыздық кіріс 2 054 млн теңгені құрады;
- 2022 жылғы дилинг бойынша шығын 619 млн теңгені құрады.

Активтер, млрд. теңге




Пайда, млрд. теңге



«BCC INVEST» АҚ

123

Меншікті капитал, млрд. теңге



Компанияның 2022 жылғы негізгі жетістіктері:



Корпоративтік облигациялар секторындағы маркет-мейкер қызметтері бойынша KASE биржасының рейтингінде



ҚР Ұлттық Банкінің деректері бойынша Қазақстандағы сенімді басқарушылар арасында

ВССІ басқаратын ИПИҚ ашық және аралық инвестициялық пай қорлары арасында таза активтерінің мөлшері бойынша Қазақстандағы ең ірі қорлардың бірі болып табылады, 2022 жылдың қорытындысы бойынша ВССІ 18% құрайтын нарықтағы жалпы үлесімен (барлық ИИПИҚ бойынша) 2-орынға ие болды, барлық ИИПИҚ таза активтерінің жалпы сомасы **22,8 млрд. теңгені** құрады (01.01.2023 ж.)



Борыштық бағалы қағаздар нарығында (брокерлер арасында) KASE рейтингінде

2022 жылдың қорытындысы бойынша 2022 жылдың қорытындысы бойынша Компания **12%** нарықтық үлесімен, борыштық бағалы қағаздарды орналастыру бойынша үшінші орынға ие болды



ВССІ өткізілген IPO аясында KMG акцияларын жылжытуға және орналастыруға белсенді қатысты

Өткізілген IPO қорытындысы бойынша компания **13 млрд теңгеден** астам сомаға KMG акцияларын орналастырды

«BCC INVEST» АҚ-ТЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

124

«BCC Invest» АҚ 2023 жылдан 2025 жылға дейін компанияның 3 жылдық орта мерзімді даму стратегиясын әзірледі. Стратегияға сәйкес Компанияның келесі негізгі мақсаттарына жету жоспарлануда:

EXECUTIVE SUMMARY: 2025 ЖЫЛҒА ҚАРАЙ BCC INVEST НАРЫҚТЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ МЕН КАПИТАЛЫН БІРІКТІРЕТІН ЖЕТЕКШІ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАНК РЕТІНДЕ ЕАЭО НАРЫҒЫНДА ЖЕТЕКШІ ОРЫНҒА ИЕ БОЛАДЫ

МИССИЯ ЖӘНЕ КӨЗҚАРАС



МИССИЯ:

Орталық Азия мен ЕАЭО-ның жедел дамуы үшін экономикалық әлеует пен капиталды біріктіру



КІРІСПЕ:

BCC Invest – ОА және ЕАЭО нарығында жетекші орын алатын Инвестициялық банкинг жөніндегі топ шеңберіндегі құзыреттер орталығы

СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАР



САРАПТАМА:

1. ОА және ЕАЭО аумағында мәмілелерді толыққанды сүйемелдеуді қамтамасыз ету
2. Клиенттер үшін ыңғайлы, түсінікті және қолжетімді инвестициялық банк болу



ҚАЖЕТТІ НЕГІЗ:

3. Процестерді ұйымдастырудың, автоматтандырудың және цифрландырудың жоғары дәрежесі бар заманауи инвестициялық банкке айналу

МАҚСАТТАРҒА ЖЕТУДІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ



Мәмілелерді құрылымдау және жобаны қаржыландыру
– 250 млрд теңге сомасына 10 мәміле (\$500 млн)
Корпоративтік БҚ орналастыру

– 750 млрд теңге (\$1.5 млрд)
Басқарудағы активтер сомасы

– 150 млрд теңге (\$300 млн)
ROE кемінде 19%



Кейіннен IPO-ға шыға отырып, стратегиялық инвесторды тарту

«BCC INVEST» АҚ-ТЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

125

КЛИЕНТТІК ЖӘНЕ НАРЫҚТЫҚ КОНТЕКСТ: BCC INVEST ҮШІН ЖАҢА СЫНАҚТАР (1/2)

ЖАҢА СЫНАҚТАРДЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ:

ЖАҢА ГЕОСАЯСИ АХУАЛ – НАРЫҚҚА ЕАЭО – ОА СЕΝІМДІ СЕРІКТЕСІ ҚАЖЕТ

BCC INVEST ТІҢ АҒЫМДАҒЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ СЕРІКТЕСТЕРДІ ТАРТУҒА НЕМЕСЕ IPO-ҒА ШЫҒУДЫ ҚАРАСТЫРУҒА МҮМКІНДІК БЕРМЕЙДІ

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАНКИНГ ПЕН САПАЛЫ КОМАНДАЛАРҒА ДЕГЕН СҰРАНЫСТЫҢ АРТУЫ ҰСЫНЫСТАН АСЫП ТҮСЕДІ

1 ГЕОСАЯСАТ

- Ресейлік инвестициялық банкингің амбицияларын жою: қаржыландыру, елдер арасындағы саудаға қызмет көрсету және т. б.
- Клиенттер тарапынан Қазақстанда, Ресейде, ТМД-ның басқа елдерінде, Шығыс Еуропада, Түркияда, Африкада, Қытайда, Оңтүстік-Шығыс Азияда мәмілелерді және M&A құрылымдау қажеттілігі

2 BCC INVEST АҒЫМДАҒЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ

- Кейбір бағыттарды BCC invest нарықтың 1%-нан төмен қамтиды
- Ең маңызды актив – ЦҚБ тобының клиенттік базасы жеткілікті түрде тиімді пайдаланылмайды

3 НАРЫҚ КОНЪЮНКТУРАСЫ

- Игерілмеген жеке капиталдың Қазақстанға ағыны
- BCC Invest-тің нарықтағы маркетингтік қатысуын және берік орналасуын арттыру үшін сенімді әлеуеті
- Банктердің ірі жобаларды қаржыландыруға төбетінің болмауына байланысты инвестициялық банкинг нарығын құру мүмкіндіктері

КЛИЕНТТІК ЖӘНЕ НАРЫҚТЫҚ КОНТЕКСТ: BCC INVEST ҮШІН ЖАҢА СЫНАҚТАР (2/2)

BCC INVEST СЫНАҚТАРЫ ЖӘНЕ АҒЫМДАҒЫ ШЕКТЕУЛЕРІ:

ЖАҢА ШЫНДЫҚТАР ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР МЕН BCC INVEST-ТІҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ АМБИЦИЯЛАРЫН ТАЛАП ЕТЕДІ

1 ЖАҢА ГЕОСАЯСИ АХУАЛ – НАРЫҚҚА ЕАЭО – ОА СЕΝІМДІ СЕРІКТЕСІ ҚАЖЕТ

- Жобаларды тиімді құрылымдау үшін қаржы ресурстарын шоғырландырудың болмауы
- ЕАЭО-ОА нарығы және оның ағымдағы инвестициялық компаниялардағы қажеттіліктері туралы терең білімнің болмауы
- M&A бағытын дамыту үшін ЕАЭО-ОА нарығында берік байланыстардың болмауы

2 BCC INVEST-ТІҢ АҒЫМДАҒЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ СЕРІКТЕСТЕРДІ ТАРТУҒА НЕМЕСЕ IPO-ҒА ШЫҒУДЫ ҚАРАСТЫРУҒА МҮМКІНДІК БЕРМЕЙДІ

- ROE және CIR көрсеткіштері қазір нарықтан төмен
- Penetration ratio төмен көрсеткіштері (нарық бойынша және ЦҚБ клиенттері бойынша)

3 ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАНКИНГ ПЕН САПАЛЫ КОМАНДАЛАРҒА ДЕГЕН СҰРАНЫСТЫҢ АРТУЫ ҰСЫНЫСТАН АСЫП ТҮСЕДІ

- Нарықтағы позициялау (troubleshoot team)
- Корпоративтік мәдениет
- Диджитализация және жаңа сервистер, UX/UI
- Өнімдер желісі

BCC INVEST-тің 2025 ЖЫЛҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСЫ

126

2025 жылы BCC Invest шетелдік және отандық корпоративтік клиенттер үшін Қазақстандағы бірінші таңдаулы инвестициялық банк болады



Стратегиялық басымдық:
БИЗНЕС ЖӘНЕ КІРІСТІ АРТТЫРУ

I ЕАЭО, ОА және Қазақстан аумағында мәмілелерді сүйемелдеу үшін үздік инвестициялық банк

II Топпен синергия: клиент үшін кез келген кіру нүктесінен ыңғайлы, түсінікті және қолжетімді инвестициялық банк

III Процестерді ұйымдастыру, автоматтандыру және цифрландырудың жоғары дәрежесі бар заманауи инвестициялық банк (Web және Mobile қоса алғанда)

Стратегиялық басымдық: **IT/ DIGITAL, МАРКЕТИНГ ЖӘНЕ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТИІМДІЛІКТІ АРТТЫРУ**

2025

«CENTERPROJECT» ЖШС

«CenterProject» ЖШС «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың 100% еншілес компаниясы болып табылады

127

КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ:



Бас банктің күмәнді және үмітсіз талап ету құқықтарын сатып алу және іске асыру.



Сатып алынған күмәнді және үмітсіз талап ету құқықтары бойынша кепілге берілген мүлікке өндіріп алу қолданудың нәтижесінде Бас банктің меншігіне өткен жылжымайтын және жылжымалы мүлікті және (немесе) құрылысы бітпеген объектілерге меншік құқықтарын сатып алу.



Жер телімдері және (немесе) құрылысы бітпеген объектілер түріндегі күмәнді және үмітсіз активтер бойынша жылжымайтын мүлік объектілерін салуға, құрылысын аяқтауға және (немесе) пайдалануға беруге бағытталған қызметті жүзеге асыру.



Сатып алынған күмәнді және үмітсіз талап ету құқықтары бойынша кепіл (бас тарту төлемі немесе қамсыздандыру) ретінде заңды тұлғалардың акцияларын және (немесе) жарғылық капиталындағы қатысу үлестері қабылданған жағдайда, оларды сатып алу.



Бас банктен сатып алынған күмәнді және үмітсіз талап ету құқықтары бойынша кепіл, өзге қамсыздандыру ретінде ұсынылған немесе бас тарту төлемі түрінде алынған мүлікке өндіріп алу қолдану нәтижесінде меншігіне өткен жылжымайтын мүлікті жалға беру немесе осындай мүлікті уақытша ақылы пайдаланудың өзге нысанын қолдану.



Активтердің сапасын жақсарту, болашақтағы залалды амортизациялау және Бас банктің алдындағы міндеттемелерді толықтай орындау мақсатында берешекті өндіріп алудан және активтерді бағалы қағаздарға іске асырудан алынған бос ақша қаражаттарын инвестициялау.

«CENTERPROJECT» ЖШС-НЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Портфельдің құрылымы:

	млн. теңге	01.01.2022	01.01.2023	+/-	%
Барлық портфель, соның ішінде		83 182	91 569	8 387	10%
28% Жобалар					
Жобалар (дисконтты қоспағанда)		35 067	25 371	-9 696	-28%
Жобалар		60 805	40 804	-20 001	-33%
Дисконт		-25 739	-15 433	10 306	60%
49% Активтер					
Активтер		12 845	44 951	32 106	250%
15% ДБ					
Дебиторлық берешек		29 226	13 840	-15 386	-53%
8% Инвестициялық портфель					
Инвестициялық портфель		6 044	7 407	1 363	23%

- Жоспарлы көрсеткіштердің орындалуы 15,1 млрд теңгені құрады, оның ішінде Cash өндіріп алу – **3,7 млрд теңге**.
- Активтердің сапасын жақсарту аясында жұмыс істейтін қарыздардың/активтердің жалпы үлесі **11 млрд теңгеге** ұлғайды.
- Дебиторлық берешек **53%-ға** төмендетілді.
- Операциялық шығыстар (дисконттарды шегергенде) **5%-ға** оңтайландырылды.
- Таза пайыздық кірістер өткен жылмен салыстырғанда **15%-ға** өсті

Center Project 2023 жылға арналған мақсаттары

Мақсат	Жоспар
Өндіріп алу тиімділігін арттыру	12 155 291
Жобалық қаржыландыру	11 300 000
Жобаларды оңалту	18 920 000
БАРЛЫҒЫ	42 375 291

«CENTER LEASING» ЖШС

«Center Leasing» ЖШС «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың 100% еншілес компаниясы болып табылады.

128

КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ БАҒЫТТАРЫ 2022 ЖЫЛ



Жылжымайтын мүлікті басқару:
Property және Facility management
29 объект, 2 объектіні сату

- өз объектілері бойынша жалға алу: 57,8 мың ш. м., кіріс 2 216 млн теңге
- субжалға алу 13,6 мың ш. м. кіріс 288 млн теңге



Қаржы лизингі: 2022 жылғы сәуірде «Қаржы лизингі» өнімі іске қосылды, оны Банк тапсырма шартының негізінде іске асырады. Лимит аясында мақұлданған өтінімдер сомасы 4,2 млрд теңгені құрады.




Өзге жобалар: Банк қызметін қолдауға бағытталған жобалар (Авто 50/50, авто бөліп төлеу, Arena Dota, Top HR БҚ жалға алу, Wildberries тапсырыстарын беру пункті, кофеханалар мен кофе машиналарын орналастыру, жылжымайтын мүлік жәрмеңкесін ұйымдастыру және өткізу, BNPL), кіріс 193 млн теңге

«CENTER LEASING» ЖШС ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ


Компанияның 2022 жылға арналған мақсаттары

№	Мақсат	Орындау
1	ФД және Әкімшілік қызмет дирекциясы өкілдерінің қолы қойылған қабылдау-өткізу актісі бойынша CenterLeasing-ке берілген банк алаңдарын оңтайландыру (Банк 3 тұлғалардан жалға алатын) кемінде 90%	CenterLeasing-ке берілген алаңдар тапсырылды (170 ш. м.)
2	Нұрсұлтан қаласында BCC Center құрылысын аяқтау	Алаңдарды Банкке тапсыру 2022ж. Желтоқсан Ғимарат қазіргі жалға алушылар үшін жұмыс істейді
3	CenterLeasing объектілерін жалға беру бойынша үшінші тұлғалардан түсетін кірістер + субжалға беру шегі 900 млн теңге	1 001 млн теңге


Активтер, млн. теңге




Пайда, млн. теңге



Жарғылық капитал, млн. теңге



Міндеттемелер, млн. теңге



Компанияның 2023 жылға жоспарлаған мақсаттары:



30 млрд теңгеге дейін қаржы лизингін игеру



2023 жылға пайда – 600 млн теңге



BCC жобаларын іске асыру

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ ЕСЕБІ



ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ ЕСЕБІ

130

2022 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ ПАЙДА МЕН ЗАЛАЛ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

(акцияға шаққандағы теңгемен көрсетілген пайданы есептемегенде, қазақстандық миллион теңгемен)

	Ескертпе	2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл	2021 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалану арқылы есептелген пайыздық кірістер		282,862	145,778
Өзге пайыздық кіріс		3,029	2,504
Пайыздық шығыс		(150,645)	(80,980)
Пайыздық активтер бойынша күтілетін кредиттік залалға бөлінген резерв құрғанға дейінгі таза пайыздық кіріс	6	135,246	67,302
Клиенттер мен банктерге берілген несиелер бойынша күтілетін кредиттік залалға бөлінген резерв құру	7	(41,687)	(27,390)
Таза пайыздық кіріс		93,559	39,912
Қызметтер бойынша кіріс және комиссиялар	8	48,708	28,088
Қызметтер бойынша шығыс және комиссиялар	8	(20,715)	(11,278)
Таза комиссиялық кіріс		27,993	16,810
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржы құралдары бойынша таза (залал)/пайда	9	(6,266)	4,787
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бааланатын қаржы активтерін сатудан және өтеуден түскен таза пайда		358	1,501
Шетел валютасымен жүргізілген операциялар бойынша таза пайда	10	56,148	9,222
Банктердегі өзге қаржы активтері мен қаражаттары бойынша күтілетін кредиттік залалдарға арналған резерв		(1,412)	(1,592)
Кредиттік сипаттағы міндеттемелер бойынша резерв	30	(6,577)	(446)
Өзге қаржылық емес активтер бойынша құнсызданудан болған залал	20	(3,122)	-
Өзге шығыс	20	(4,723)	(2,130)
Таза пайызсыз кіріс		62,399	28,152

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ ЕСЕБІ

131

2022 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ ПАЙДА МЕН ЗАЛАЛ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

(акцияға шаққандағы теңгемен көрсетілген пайданы есептемегенде, қазақстандық миллион теңгемен)

	Ескертпе	2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл	2021 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл
Операциялық кіріс		155,958	68,064
Операциялық шығыс	11	(88,334)	(46,589)
Салық салынғанға дейінгі операциялық пайда		67,624	21,475
Тиймді сатып алудан түскен табыс	4	84,222	-
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығысқа дейінгі пайда		151,846	21,475
Табыс салығы бойынша шығыс	12	(6,717)	(830)
Бір жылдағы пайда		145,129	20,645
Бір акцияға шаққандағы пайда			
Базалық (теңге)	13	791.34	114.86
Бытыраңқы (теңге)	13	790.94	114.87

Банк Басқармасы 10-112-беттерде ұсынылған осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті 2023 жылғы 5 сәуірде бекітті және оның атынан қол қойды:



Владимиров Р.В.
Басқарма төрағасы
(Президент)

5 сәуір 2023 жыл
Алматы қ., Қазақстан

Тенизов Р.Б.
Басқарма төрағасының
Бірінші орынбасары, Басқарма мүшесі
(Бірінші Вице-президент)

5 сәуір 2023 жыл
Алматы қ., Қазақстан

Нурғалиева А.Т.
Бас бухгалтер

5 сәуір 2023 жыл
Алматы қ., Қазақстан

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ ЕСЕБІ

132

2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

(акцияға шаққандағы теңгемен көрсетілген пайданы есептемегенде, қазақстандық миллион теңгемен)

	2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл	2021 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл
БІР ЖЫЛДАҒЫ ПАЙДА	145,129	20,645
ӨЗГЕ ЖИЫНТЫҚ КІРІС		
Кейіннен пайда немесе залал ретінде қайта жіктелуі мүмкін емес баптар:		
Жер телімдері мен ғимараттарды қайта бағалау	-	-
Қайта жіктелген немесе кейіннен пайда немесе залал ретінде қайта жіктелуі мүмкін баптар:		
Кезең ішіндегі инвестициялық бағалы қағаздарды қайта бағалаудан түскен таза пайда (салықтарды шегергенде)	(21,854)	(1,812)
Кезең ішінде өткізілген инвестициялық бағалы қағаздар бойынша қайта жіктеу (салықтарды шегергенде – нөл теңге)	(358)	(1,501)
Қайта жіктелген немесе кейіннен пайда немесе залал құрамына қайта жіктелуі мүмкін барлық баптар	(22,212)	(3,313)
ТАБЫС САЛЫҒЫН ШЕГЕРГЕНДЕГІ ӨЗГЕ ЖИЫНТЫҚ КІРІС	(22,212)	(3,313)
БІР ЖЫЛДАҒЫ ЖАЛПЫ ЖИЫНТЫҚ КІРІС	122,917	17,332

Банк Басқармасы 10-112-беттерде ұсынылған осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті 2023 жылғы 5 сәуірде бекітті және оның атынан қол қойды:



Владимиров Р.В.
Басқарма төрағасы
(Президент)

5 сәуір 2023 жыл
Алматы қ., Қазақстан

Тенизов Р.Б.
Басқарма төрағасының
Бірінші орынбасары, Басқарма мүшесі
(Бірінші Вице-президент)

5 сәуір 2023 жыл
Алматы қ., Қазақстан

Нургалиева А.Т.
Бас бухгалтер

5 сәуір 2023 жыл
Алматы қ., Қазақстан

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ ЕСЕБІ

133

2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (егер өзгеше көрсетілмесе, қазақстандық миллион теңгемен)

АКТИВТЕР:	Ескертпе	2022 жылғы 31 желтоқсан	2021 жылғы 31 желтоқсан
Ақша қаражаты және оның баламалары	14	1,117,220	261,492
Өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бааланатын қаржы құралдары			
Топтың меншігіндегі	15	27,580	22,809
"РЕПО" мәмілесі бойынша кепілге салынған	15	8,388	10,276
Инвестициялық бағалы қағаздар			
Топтың меншігіндегі	16	837,101	444,014
Банктердің несиелері бойынша кепілге салынған	16	76,318	31,136
Банктердегі қаражат	17	54,536	12,997
Клиенттер мен банктерге берілген несиелер	18		
Корпоративтік клиенттерге берілген несиелер		731,754	497,745
Жеке клиенттерге берілген несиелер		1,277,359	640,956
Ағымдағы табыс салығы бойынша активтер		525	221
Негізгі құралдар және материалдық емес активтер	19	65,163	37,324
Өзге активтер	20	128,022	120,334
АКТИВТЕР ЖИЫНЫ		4,323,966	2,079,304

МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ МЕНШІКТІ КАПИТАЛ

МІНДЕТТЕМЕЛЕР:	Ескертпе	2022 жылғы 31 желтоқсан	2021 жылғы 31 желтоқсан
Банктер мен қаржы ұйымдарының қаражаты мен несиелері	21	158,524	65,647
Клиенттердің қаражаты	22		
Корпоративтік клиенттердің қаражаты		1,357,726	571,586
Жеке клиенттердің қаражаты		1,915,418	782,121
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	23	96,183	108,074
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша міндеттемелер	11	11,620	11,789
Тәртіптелген облигациялар	24	60,405	63,877
Өзге міндеттемелер	25	450,239	325,398
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ		4,050,115	1,928,492

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ ЕСЕБІ

134

2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (егер өзгеше көрсетілмесе, қазақстандық миллион теңгемен)

МЕНШІКТІ КАПИТАЛ:	Ескертпе	2022 жылғы 31 желтоқсан	2021 жылғы 31 желтоқсан
Бас Банктің акционерлеріне қатысты меншікті капитал:			
Жарғылық капитал	26	63,676	63,554
Бағалы қағаздардың әділ құнының өзгеру резерві		(23,321)	(1,109)
Негізгі құралдарды қайта бағалаудан құралған резерв		2,127	3,455
Бөлінбеген пайда		231,369	84,912
Меншікті капиталдың жиыны		273,851	150,812
МІНДЕТТЕМЕЛЕР МЕН МЕНШІКТІ КАПИТАЛДЫҢ ЖИЫНЫ			
Бір қарапайым акцияның баланстық құны (теңге)	13	1,397	793
Бір артықшылық берілген акцияның баланстық құны (теңге)	13	232	284

Банк Басқармасы 10-112-беттерде ұсынылған осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті 2023 жылғы 5 сәуірде бекітті және оның атынан қол қойды:



Владимиров Р.В.
Басқарма төрағасы
(Президент)

5 сәуір 2023 жыл
Алматы қ., Қазақстан

Тенизов Р.Б.
Басқарма төрағасының
Бірінші орынбасары, Басқарма мүшесі
(Бірінші Вице-президент)

5 сәуір 2023 жыл
Алматы қ., Қазақстан

Нургалиева А.Т.
Бас бухгалтер

5 сәуір 2023 жыл
Алматы қ., Қазақстан

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ ЕСЕБІ

135

2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ МЕНШІКТІ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

(егер өзгеше көрсетілмесе, қазақстандық миллион теңгемен)

	Жарғылық капитал	Әділ құнының өзгеруінен құралған резерв	Негізгі құралдарды қайта бағалау	Бөлінбеген пайда	Меншікті капитал жиыны
2021 жылғы 1 қаңтардағы қалдық	61,760	2,204	4,773	62,949	131,686
Жалпы жиынтық кіріс					
Бір жылдағы пайда	-	-	-	20,645	20,645
Өзге жиынтық кіріс					
Қайта жіктелген немесе кейіннен пайда немесе залал ретінде қайта жіктелуі мүмкін баптар:					
Әділ құнның таза өзгеруі	-	(3,313)	-	-	(3,313)
Қайта жіктелген немесе кейіннен пайда немесе залал құрамына қайта жіктелуі мүмкін барлық баптар	-	(3,313)	-	-	(3,313)
Барлық өзге жиынтық кіріс	-	(3,313)	-	-	(3,313)
Бір жылдағы жалпы жиынтық кіріс	-	(3,313)	-	20,645	17,332
Меншікті капиталдағы өзге өзгерістер					
Амортизация және шығындар нәтижесінде қайта бағалаудан пайда болған соманы көшіру	-	-	(1,318)	1,318	-
Меншікті капиталдағы барлық өзге өзгерістер	-	-	(1,318)	1,318	-
Меншікті капиталдың құрамында тікелей көрсетілген меншік иелерімен операциялар					
Меншікті акцияларды шығару (26-ескертпе)	2,411	-	-	-	2,411
Меншікті акцияларды сатып алу (26-ескертпе)	(617)	-	-	-	(617)
Меншік иелерімен болған барлық операциялар	1,794	-	-	-	1,794
2021 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық	63,554	(1,109)	3,455	84,912	150,812

Банк Басқармасы 10-112-беттерде ұсынылған осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті 2023 жылғы 5 сәуірде бекітті және оның атынан қол қойды:



Владимиров Р.В.
Басқарма төрағасы
(Президент)

5 сәуір 2023 жыл
Алматы қ., Қазақстан

Тенизов Р.Б.
Басқарма төрағасының
Бірінші орынбасары, Басқарма мүшесі
(Бірінші Вице-президент)

5 сәуір 2023 жыл
Алматы қ., Қазақстан

Нурғалиева А.Т.
Бас бухгалтер

5 сәуір 2023 жыл
Алматы қ., Қазақстан

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ ЕСЕБІ

136

2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ МЕНШІКТІ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

(егер өзгеше көрсетілмесе, қазақстандық миллион теңгемен)

	Жарғылық капитал	Әділ құнының өзгеруінен құралған резерв	Негізгі құралдарды қайта бағалау	Бөлінбеген пайда	Жалпы меншікті капитал
2022 жылғы 1 қаңтардағы қалдық	63,554	(1,109)	3,455	84,912	150,812
Жалпы жиынтық кіріс					
Бір жылдағы пайда	-	-	-	145,129	145,129
Өзге жиынтық кіріс					
Қайта жіктелген немесе кейіннен пайда немесе залал ретінде қайта жіктелуі мүмкін баптар:					
Әділ құнның таза өзгеруі	-	(22,212)	-	-	(22,212)
Қайта жіктелген немесе кейіннен пайда немесе залал құрамына қайта жіктелуі мүмкін барлық баптар	-	(22,212)	-	-	(22,212)
Барлық өзге жиынтық кіріс	-	(22,212)	-	-	(22,212)
Бір жылдағы жалпы жиынтық кіріс	-	(22,212)	-	145,129	122,917
Меншікті капиталдағы өзге өзгерістер					
Амортизация және шығын нәтижесінде қайта бағалаудан болған соманы көшіру	-	-	(1,328)	1,328	-
Меншікті капиталдағы барлық өзге өзгерістер	-	-	(1,328)	1,328	-
Меншікті капиталдың құрамында тікелей көрсетілген меншік иелерімен болған операциялар					
Меншікті акцияларды шығару (26-ескертпе)	122	-	-	-	122
Меншік иелерімен болған барлық операциялар	122	-	-	-	122
2022 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық	63,676	(23,321)	2,127	231,369	273,851

Банк Басқармасы 10-112-беттерде ұсынылған осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті 2023 жылғы 5 сәуірде бекітті және оның атынан қол қойды:



Владимиров Р.В.
Басқарма төрағасы
(Президент)

5 сәуір 2023 жыл
Алматы қ., Қазақстан

Тенизов Р.Б.
Басқарма төрағасының
Бірінші орынбасары, Басқарма мүшесі
(Бірінші Вице-президент)

5 сәуір 2023 жыл
Алматы қ., Қазақстан

Нурғалиева А.Т.
Бас бухгалтер

5 сәуір 2023 жыл
Алматы қ., Қазақстан

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ ЕСЕБІ

137

2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

(егер өзгеше көрсетілмесе, қазақстандық миллион теңгемен)

	2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл	2021 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:		
Алынған пайыздар	264,329	143,924
Төленген пайыздар	(136,888)	(77,268)
Қызметтер бойынша алынған кіріс және комиссиялар	49,425	29,567
Қызметтер бойынша төленген шығыс және комиссиялар	(19,249)	(10,365)
Туынды құралдармен операциялар бойынша таза (төлемдер)/түсімдер	(5,835)	3,725
Шетел валютасымен операциялар бойынша таза пайда	46,422	6,651
Өзге (шығыстар) / кірістер бойынша (төлемдер)/түсімдер	(3,534)	792
Төленген операциялық шығыс	(78,849)	(41,959)
Операциялық активтер мен міндеттемелердің өзгеруіне дейін операциялық қызметтен ақша қаражатының түсуі	115,821	55,067
Операциялық активтерді өзгеруі:		
Өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдары	(3,314)	(6,054)
Банктердегі қаражат	(48,013)	50,662
Клиенттер мен банктерге берілген несиелер	(469,889)	(61,773)
Өзге активтер	14,113	6,318
Операциялық міндеттемелердің өзгеруі:		
Банктер мен қаржы ұйымдарының қаражаты мен несиелері	90,741	(60,999)
Клиенттердің қаражаты	1,635,698	152,147
Өзге міндеттемелер	14,039	(1,426)
Салық салынғанға дейін операциялық қызметтен түскен ақша қаражаты	1,349,196	133,942
Төленген табыс салығы	(6,886)	-
Операциялық қызметтен ақша қаражаты ағынының таза түсімі	1,342,310	133,942

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ ЕСЕБІ

141

2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

(егер өзгеше көрсетілмесе, қазақстандық миллион теңгемен)

	2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл	2021 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:		
Бизнесті біріктіру нәтижесінде сатып алынған ақша қаражаты және оның баламалары	38,408	-
Еншілес ұйымды сатып алу	(50,000)	-
Инвестициялық бағалы қағаздарды өтеуден және сатудан түсетін түсімдер	2,495,144	632,373
Инвестициялық бағалы қағаздарды сатып алу	(2,946,158)	(785,371)
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу	(14,943)	(4,606)
Негізгі құралдарды сатудан түсетін түсім	105	800
Инвестициялық қызметте ақша қаражаты ағындарын таза пайдалану	(477,444)	(156,804)

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ ЕСЕБІ

142

2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (егер өзгеше көрсетілмесе, қазақстандық миллион теңгемен)

ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:	2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл	2021 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл
Меншікті акциялар шығарудан түсетін түсім, нетто	122	1,795
Шығарылған борыштық бағалы қағаздардан түскен түсім	13,879	5,300
Шығарылған борыштық бағалы қағаздарды сатып алу және өтеу	(29,040)	(8,418)
Шығарылған тәртіптелген облигацияларды өтеу	(5,000)	-
Жалдау бойынша міндеттемелерді өтеу	(251)	-
Қаржылық қызметте ақша қаражаты ағындарын таза пайдалану	(20,290)	(1,323)
Шетел валюталары бағамының ақша қаражатына және оның баламаларына қатысты өзгеруінің әсері	11,152	6,347
АҚША ҚАРАЖАТЫ МЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫНЫҢ ТАЗА АРТУЫ/(АЗАЮЫ)	855,728	(17,838)
АҚША ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ, жыл басында	261,492	279,330
АҚША ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ, жыл соңында (Примечание 14)	1,117,220	261,492

Банк Басқармасы 10-112-беттерде ұсынылған осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті 2023 жылғы 5 сәуірде бекітті және оның атынан қол қойды:



Владимиров Р.В.
Басқарма төрағасы
(Президент)

5 сәуір 2023 жыл
Алматы қ., Қазақстан

Тенизов Р.Б.
Басқарма төрағасының
Бірінші орынбасары, Басқарма мүшесі
(Бірінші Вице-президент)

5 сәуір 2023 жыл
Алматы қ., Қазақстан

Нургалиева А.Т.
Бас бухгалтер

5 сәуір 2023 жыл
Алматы қ., Қазақстан

